

**Ғабитов Т. Х.**

# **Мәдениеттану**

*Оқулық*

**Алматы  
2006**

## МАЗМҰНЫ

### **1. Мәдениеттану : пәндік ерекшеліктері, құрылымы, негізгі ұғымдары.**

- 1.1. Мәдениеттану нені зерттейді ?
- 1.2. XX ғасырдағы мәдениеттану ғылымы саласындағы негізгі мектептер
- 1.3. Мәдениет және оны білдіретін ұғымдар.
- 1.4. Мәдениет пен өркениет, құрылымы мен функциялары.
- 1.5. Тарихи мәдени процесс және мәдени типология

### **2. Әлемдік мәдениеттер мен өркениеттер**

- 2.1. Ежелгі дәуір мәдениеті
- 2.2. Алғашқы өркениеттер
- 2.3. Үнді-будда мәдениеті
- 2.4. Конфуцийлік-даосистік мәдениет
- 2.5. Антикалық мәдениет
- 2.6. Христиандық мәдениет
- 2.7. Ресей мәдениеті
- 2.8. Батыс мәдениетінің хронотоптары

## 1. Мәдениеттану : пәндік ерекшеліктері, құрылымы, негізгі ұғымдары.

### 1.1. Мәдениеттану нені зерттейді ?

Бұрынғы тоталитарлық жүйеде, өмірдің қоятын барлық сұрақтарына марксизм-ленинизм тұрғысынан даяр жауап алдын-ала белгіленіп қойылған жағдайда мәдениеттану гуманитарлық ғылымдар арасынан өз орнын таба алмады. Әрине, бұдан кешегі Кеңестер Одағында мәдени құбылыстар тоқтап қалды деген пікір тумайды.

Бірақ, тоталитарлық тәртіп әр түрлі себептермен орыс империясының құрамына енген халықтардың мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан мәдениеттерін тұншықтырып тастады. Мазмұны жағынан социалистік, формасы бойынша ұлттық дейтін жалған ұранды жамылған билеуші партия ұлттар мәдениетін белгіленген темір тор шеңберінен шығармай ұстап келді. Тәуелсіздікке қолы жеткен Қазақстан Республикасы алдында тұрған, өмірдің маңызды басқа жақтарындағы сияқты мәдениет салалсында да орасан зор әрі қасиетті мақсат- халық рухын, оның өзегі мәдениетті қайтадан қалпына келтіру. Осындай мәдени қайта өркендеусіз, қаншама экономикалық және саяси жетістіктерге жеткенмен, Қазақстан өркениетті елдер қатарына қосыла алмайды.

Мәдениеттану- философиялық ілім, ол философияның бір бөлігіне , дәлірек айтқанда, мәдениет философиясына жатады.

Неміс классикалық философиясының негізін салушы Иманнуил Канттың /1724-1804/ пікірінше, тек екі нәрсе адамы таңдандырады жұлдызды аспан және адамның ішкі рухани дүниесі .Соңғының өзегін рухани мәдениет қарастырады. Егер біз философияны И.Канттың ізімен, адам деген кім және ол қайдан келді ? Ол не үшін өмір сүреді ? Адам қайда барады, болашағы қалай ? деген үш сұраққа сыйғызсақ , онда адам мен мәдениеттің, философия мен мәдениеттанудың арасындағы тығыз байланысты көреміз.

Мәдениеттану пәні Батыс елдерінде мәдени антропология (адам туралы ілім) құрамында қылыптасқан. Мәдениет – ашық жүйе, оның негізгі мақсаты, өзін басқаға, жеткізу, ол мононологтан гөрі диалогқа – с хбаттасуға жақын. Сондықтан мәдениеттануда өзін-өзі тарату (трансляция) мақсаты алдыңғы қатарға шығады және бұл жерде осы мәдениетті тарату құралдары ( таңбалар, рәміздер, ғибадаттық әдет-ғұрыптар және т.б.) мен оның ішкі мән-мағынасы (менталитеті, ділі, діні ,санасы және т.б.) бірдей қызмет атқарады. Осы тұрғыдан төмендегідей тұжырым жасауға болады; мәдениеттану мәдениетті нақтылы тарихи - әлеуметтік процесс түрінде қарастырады. Бұдан келіп жалпы философиялық ілімдер мен мәдениеттанудың арасында белгілі бір алшақтық туады. Біздің түсінігімізше, мәдениеттану мен мәдениет философиясы мүлдем тұтасып кетпеген. Біріншісінің өзіндік ерекшелігі бар;

а/ егер философия өз мұрасында объективтілікке, жалпыламалыққа, әмбебаптылыққа ұмтылса, мәдениеттануға типтілік, интровертивтілік /ішкілік/ субъективтілік тән;

ә/ тарихилық және логикалық ғылыми тәсілдерінің арақатынасын мәдениет философиясы мен мәдениеттануда салыстырсақ, онда философия негізінен логикалық тәсілге жүгінетінін, ал мәдениеттануда тарихи әдістің басым болатындығын байқаймыз ( мәдениеттанудың басты міндеттерінің бірі- тарихи кезеңдер мен өркениет түрлеріне көркем бейне беру) осы сипатта мәдениеттану Гегель, Гердер, Кант түсінігіндегі тарих философиясына жақын;

б/ мәдениет философиясымен салыстырғанда мәдениеттануда аксиологиялық , психолінгвистикалық және герменевтикалық ( түсіндірмешілік) сарындар басым.

Мәдениеттану жеке пән етінде ХІХ соңғы ширегінде қалыптаса бастады, сондықтан да оны әлі де болса да буыны бекімеген жас ғалымдар саласына жатқызамыз. Мәдениеттану – мәдениет туралы ғылым, сонымен қатар философиялық ілім, өйткені ол философияның басты саласы – мәдениет философиясын қамтиды. Мәдениеттану қоғамда болып жатқан түрлі процесстерді (материалдық, әлеуметтік, саяси, адамгершілік, көркемдік т.б.) барынша қамтып, мәдениет дамуының жалпы заңдылықтарын, оның өмір сүруінің принциптерін және бір-біріне этно-әлеуметтік, саяси – моральдық, ғылыми-көркемдік және тарихи сипаттамаларымен , жағдайларымен ерекшелінетін алуан мәдениет түрлерінің өзара байланыстары мен тәуелділіктерін зерттейді.

Мәдениеттану пәні сонымен қатар жергілікті және региональды мәдениеттердің сапалық ерекшеліктерін, олардың өзара байланыстары мен мәдениеттің басқа түрлерімен мирасқорлығын, қарым-қатынасын зерттей отырып, адамзат баласының біртұтас мәдени даму процесінің жалпы заңдылықтарын анықтайды. Демек, мәдениеттану пәні түрлі қоғамдар барысындағы мәдени өмірді жан-жақты қамти отырып, ондағы басты мәдени процестерге ғылыми тұрғыдан талдау жасайды. Мәдениеттануды тек қана гуманитарлық ғылымдар саласына ғана емес, жалпы теориялық пәндер қатарына да жатқызуға болады, өйткені бұл пән адамзат баласының мәдени өмірдегі толып жатқан құбылыстарын жүйелі түрде қарастырады. Ал мәдени процестердің мәнін ашыпкөрсетуде

түрлі ғылым салаларының өкілдері, атап айтқанда этнографтардың, әдебиетшілердің, социологтардың, психологтардың, тарихшылардың, демграфтардың және т.б. ат салысатынын ескерсек, мәдениеттанумен барлық ғылымдар саласының айналысатындығын айқын аңғаруға болады. Шындығында да, мәдениеттануға осы уақытқа дейін түрлі ғылым салалары, атап айтқанда, антропология, психология, тарих, педагогика зор ықпал етті. Енді осы аталған ғылым салаларының әдениеттануға қалайша ықпал ететіндігін қарастырып көрейік.

Антропологияның басты бағытының бірі - қоғам мен адамды салыстырмалы тұрғыдан зерттеу. Осы тұрғыдан алып қарағанда, “антропология” мәдениет деген ұғымның мағынасын анықтауда үш жағдайға назар аударады .Олар;

1.Қоғам мен адамның мәдени қалыптасуы( ағартушылық);

2.Қоғамдық және адамзаттық салт-дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың, қалыптасқан дағдылардың, қоғамдық мекемелердің және т.б. жиынтығы(бірлігі);

3.Белгілі бір қалыптасқан мәдени жүйенің басқа мәдени құндылықтарға қарсылығы.

Мәдениетке антропологиялық тұрғыдан берілген бұл анықтаманы мәдениеттану саласындағы көптеген сыншылар “жалпылама” деп есептеп оның эмпирикалық сипатта екендігін баса көрсетеді. Сонымен қатар олар “эле меттік антропология”, элеуметтанудың (социологияның) негізгі әдстері мен үлгілерін қабылдап, осы ғылымға мүлде бет бұрып кетті деп пайымдап , ал “мәдени антропология” деп аталатын антропологияның басты саласы- психология мен тарихқа ден қойды деп тұжырым жасайды. Әрине, түрлі пәндерге бағдар жасау емес, жалпы мәдениетті түрлі мағынада түсіндіруге әкеліп соғары сөзсіз. Осы орайда ерекше атап өтетін бір жәйт, ғасырлар бойы даму жолынан өткен социология да дәл баяғыдай жаратылыстану ғылымдарына сүйенеді, элеуметтік ғылымды элеуметтік философияға қарсы қояды.

Дүние жүзі халықтары мен этникалық топтарының, тайпаларының мәдени және тұрмыстық ерекшеліктерн,олардың шығу тегі мәселелерін, олардың жер жүзіне таралып қоныстануы мен мәдени таихы қарым-қатынастарын зерттейтін этнография ғылымы адамзат баласының өткен заман мен бүгінгі таңдағы мәдениеттің мол мұрасын игеруге және оны ғылыми тұрғыдан ашып көрсетуге айрықша рөл атқарып отыр. Этнография ғылымы белгілі бір халықтың қай этносқа жататындығына қарамастан, олардың қайсысының болсын материалдық және роухани мәдениет саласындағы жетістіктеріне үлкен құрметпен қарауға үйрете отырып, мәдениеттану ғылымының қалыптасуына өзінің қомақты үлесін қоса білді. Егер антропология мен этнография адамның биологиялық белгілеріне сүйене отырып, мәдениетпен “жаратылыстану ғылымдары” ретінде үйлесімділікке тапса, қоғамда жүйелі түрде қарастыратын элеуметтану(социология) ғылымның биологиямен байланысы жоқ.

Социология мемлекет ,таптар, топтар, сословие және одан да ұсақ қоғамдық топтарды этникалық белгілеріне қарай емес, олардың қоғамда алатын орны мен атқаратын қызметіне қарай зерттейді. Көп уақытқа дейін КСРО-да социология марксизмге жат ғылым ретінде саналып, тарихи материализмге қарама-қарсы қойылды. Шын мәнісінде социолоия мәдениеттанушыларға қоғамның элеуметтік әрекетшілігіне байланыстымәдениеттің материалдық және рухани көріністерін дұрыс түсініп. Ой елегінен өткізуге көмектеседі. Пролеталық мәдениет, ақсүйектік мәдениет, сауықтық мәдениет сияқты мәдениеттану пәнінде кездесетін ұғымдар социологимен тығыз байланысты.

Мәдениеттану саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарында түрлі элеуметтік топтарға жататын адамдардың қызметі мен іс-әрекеті заңдылықтарын зерттейтін элееттік социологияның мәліметтерінің алатын орны еркше, өйткені олардың мәдени іс-әрекет көріністері белгілі бір психологиялық сарынға байланысты болғандықтан, мәдениет саласындағы зерттеу жұмыстарында бұл факторларды ескермеске болмайды. Мысалы жер мен табиғатқа ерекше сезіммен қарайтын ауыл психологиясының өзіндік ерекшеліктерін білмей және байыбына бармай тұрып,- “шару мәдениеті” жайында толық түсінік ала алмаймыз.

Ұлттық мәдениеттің ойдағыдай зерттелуі этникалық немесе ұлттық психологияның мәліметтеріе де тығыз байланысты болып келеді. Нақты тарихи тәжірибегеізінде әрбір нәсілдің, тайпалар мен халықтардың психикалық өмір салтының ерекшеліктерін байқай отырып, “этнопсихология” рухтың не белгілі бір ұлттың қайталанбайтын өзіндік қасиетері жөніндегі Гегельдің, умбольдтың және олардың ізбасарларының философиялық қағидаларына барып тіреледі. Ресейде жекелеген халықтардың, олардың ішінде, орыс халқының мәдени- психологиялық сипаттамасын Н.А.Бердяев тамаша сипаттап берген болатын. Этнопсихологиялық зерттеулер ұлттық мәдениетті жасаушылардың психологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып, кез келген ұлттық мәдениеттің өзіне тән ғана сипатын ашып көрсетуде қомақты табыстарға жетіп отыр. Мысалы: орыс биінің, аргентин тангосының, негрлер музыкасының терең ұлттық мәнін тамаша рухани дүниелерді өмірге келтіргенхалықтың ұлттық мінезін ескергенде ғана толық түсінуге мүмкіндік алған болар едік.

Халық туралы және қоғамдық факторларға байланысты оның даму заңдылықтары жайындағы демография ғылымының да мәдениеттануға тікелей қатысы бар. Ұлттық мәдениеттің тоқырау немесе оның орны толмас ауыр зардаптарға ұшырауы- қоғамдық саяси-жағдайларға және т.б. тікелей байланысты екендігін дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас, өйткені мың өліп, мың тірілген қазақ халқының өткен тарихы сөзімізге нақты дәлел бол алады. “Азшылық” халықтардың немесетұтастай өркениеттердің құрып кету отаршылдықпен, басып алушылықпен, шектен тыс қанаушылықпен, табиғ апаттармен, эпидемиялармен , маскүнемдікпен, нашақорлықпен және т.б. тығыз байланысты болды.

XX ғасырда мәдениеттану ғылымының дамып, одан әрі қалыптасуына өзіндік үлес қосқан ғылым салаларына сипаттама беруді аяқтай отырып, тағы бір ғылым саласын ерекше атап өтуді жөн көрдік. Ол- белгілер мен таңба жүйесін зерттейтін семиотика ғылымы. Бұл жас, әрі қажетті ғылым саласы аз уақыт шеңберінде мәдениеттану ғылымымен біте қайнасып кетті десек қателеспеген болар едік. Семиотикалық тәсіл лингвистика, әдебиет, кино, театр теориясында, қоғамдық ғылымдарда және басқа да ғылым салаларында кеңінен қолданылуы, онымен тіпті информатика мен кибернетика да тамаша үндестік табуда. Демек, мәдениеттанудың басқа ғылым салаларымен өзара сабақтастықта дамуына және “мәдениет” мәселесімен барлық ғылымдардың айналысатындығына қарап. “мәдениеттану жеке пән ретінде бар ма ? деген ой да туып қалуы ғажап емес. Біздің айтарымыз, мәдениеттану- ғылымның жеке саласы ретінде өзінің алғашқы қадамын жасауда, сондықтан оның болашағы да зор болмақ.

Әрине, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, мәдениеттану ғылымының дамуына көптеген ғылымдар ат салысуда, осыған қарамастан бұл пәннің өзіндік бағыт-бағдары, бет- бейнесі бар. Мәдениетке өзіндік баға берушілік сол бір ғылыми ізденістің басты белгісі болса керек, сондықтан да болар мәдениеттану саласында түрлі мектептер қалыптасып, ондағы мәдениеттанушылар “мәдениет” мәселесімен тығыз айналысуда. Кейде мәдениеттану саласында қанша теория болса, соншама мәдениеттанушылар бар деген пікір де айтылып қалады. Шындығында да, теориялар санының көп болуы, мәдениетке де көзқарастардың сан алуан болуымен оның әр тұрғыдан қарастырылуына әкеліп соқты. Мысалы: мәдениетті “семиотикалық” тұрғыдан қарастыру бар. Бұл ағымның басты өкілі Ю.Лотман және мәдениетті “әдебиеттік”(С.С.Аверинцев), тарихи (Л.Н.Баткин) методологиялық (А.Кребер, К.Қдахкон) антропологиялық (М.Мид) және тағы басқа тұрғыдан пайымдаулар бар. Әрине, олардың “мәдениет” мәселесіне байланысты пікірлерінің, түсініктерінің айырмашылықтары бар екендігі даусыз және оны ешкім жоққа да шығара алмайды, бірақ олар бірін-бірі жақсы түсінеді, мәдениеттануға тікелей байланысты ортақ мәселелер көтереді. Ендеше, бұл пәнді терең зерттеуге құлшынушылық, мәдениетке байланысты түрлі көзқарастар жүйесінің қалыптасуы сөзсіз қуантарлық жағдай, ол гуманитарлық ғылыми пәннің туып келе жатқандығының белгісі деп санауымыз керек. Шындығына келсек, әрбір ғылым салаларының өкілдері мәдениетті өз мамандықтары тұрғысында қарастырады. Бірақ бұл ғылымдар бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан бірінсіз-бірі өмір сүре алмайды. Олай болса әдебиетші тек таза әдебиетші болып қалмайды, өйткені ол мәдениеттануды, тарихты , психологияны игергенде ғана нағыз әдебиетші бола алады. Өз кезегінде тарихшы да , психолог та, социолог та сол сияқты.

Мәдениетті әр түрлі тұрғыдан қарастырылуы, мәдениет мәселесіне деген үлкен қызығушылықтан туса керек. Оған дәлел ретінде 1964 жылдары батыс әдебиетінде мәдениетке 257 анықтама берілгендігі жөнінде америкалық мәдениеттанушылары А. Кребер мен К. Қдахконның мәліметтерін келтірсек те жеткілікті сияқты. Ал одан кейін қаншама уақыт өткендігін және дүниедегі болып жатқан мәдени өзгерістерді есепке алсақ, мәдениет ұғымының шеңбері бұрынғыдан да кеңей түсті. Әрине, өкімшілік- өміршілік жүйе жағдайында мәдениеттану пәні біздің елімізде жүйелі түрде оқытылмады. Гуманитарлық ғылымдар саласында да өзінің нақты орнын таба алмады. Осы орайда көптеген ғалымдар ұлттық мәдениеттің тоқырауын Ұлы Қазан революциясымен де байланыстырады.

Шындығында да, экономикалық және саяси брекесіздіктің басты себебі – мәдениетсіз саясаттың салдары болып саналады. Ендеше тәелсіздікке енді ғана қолы жеткен Қазақстан Республикасының алдында тұрған басты мақсат – халықтың рухани байлығы- мәдениетті қалпына келтіру, ал мәдени өркендеусіз еліміз өркениетті елдердің қатарына еш уақытта қосыла алмайтыны ақиқат. Бұл мақсатты жүзеге асыруда мәдениеттану пәнінің қосар үлесі қомақты болмақ.

Әрине, мәдениеттану гуманитарлық ғылымдардың ықпалымен дамуда, бірақ соған қарамастан ол жеке пән болып қалыптасу процесін бастан кешіруде. Оған дәлел ретінде қазіргі мәдениеттанудың біртіндеп философияның әкелік қамқорлығынан шығып, өзіндік бағыт алуын айтсақта жеткілікті сияқты. Мәдениеттанушы, ең бірінші кезекте, мәдени қызметтің нәтижелерімен (мәдени шығармашылықтың нәтижелері, музыка , кескіндеме туындылары және т.б.) санасса да, оның басты мақсаты- тереңде жатыр, дәлірек айтқанда, мәдениеттің рухын игеру болып

табылады. Бұл жағдайда мәдениетті игерудің екінші- “коммуникативтік “ жағы келіп шығады. Ол білім беру мен тәрбиенің , адамның адамгершілік тұрғыдағы қарым-қатынастарының дәрежесіне де байланысты болып келеді. Ең соңында, мәдениеттің негізі,оның түйіні мен маңызы туралы мәселе келіп туындайды. Ғалымдар оны тілмен де, рәміздік жүйесін қабылдаған ұлттың психологиялық түрімен, сакрализация тәсілімен де және т.б. байланысырады. Қалай болған да дүниенің тұтастығы, қоғамның интерациялық негізгі және этностың рухани кеңістігі – мәдени дәстүрлердің дамуында ең басты факторлар болып қала береді.Мәдениеттану ғылыми пән дәрежесіне жету мақсатында сөзсіз мәдениет археологиясына сүйенеді, оның генезисін, өмір сүруі мен дамуының құпияларын ашып, мәдени иұрагерліктің тәсілдерін жетілдіреді. Бұл жұмыс үш дәрежеде жүзеге асырылады:

1. Мәдениетті, оны базистік негіздерін сақтау;
2. Мәдениетті жаңғырту, мәдениеттің дамуына жаңаша ықпал ету;
3. Мәдениетті трансляциялау, немесе мәденеит әлемін халықтың игілігіне айналдыру;

Бұл үш дәреженің арқасында мәдениеттің сандық-салалық (ғылым,техника,өнер,философия,экономика т.б.) сапалық сипатын тереңірек ашып көрсетумен қатар, мәдениеттің құрылымын, тұтастығын, даму заңдылықтарын ашып көрсетуге мүмкіндік аламыз.

Осы айтылғандар ғылыми пән ретінде мәдениеттану пәні және лның алдында тұрған міндеттер жайында кейбір қорытындыла жасауға мүмкіндік береді.біздің ойымызша, мәдениеттану пәнінің басты мәселесі-адамзаттың ерекше өмір сүруі тәсілі ретінде мәдениеттің қалыптасып дамуы, оның генезисі болып табылады. Мәдениеттанушылардың бұл орайдағы басты мақсаты-дүниежүзілік және ұлтық деңгейдегі тарихи-мәдени процестерді тарихи шындық тұрғысынан түсіндіріп қана қоймай, оларды болжай әрі басқара білу. Ең бастысы – мәдениеттану ғылымы мәдениеттің қайнар бұлағынан сусындай білуі қажет. Адамзат баласы өз шешімін таппаған көптеген мәселелерге белшесінен батуы қазіргі заман мәдениетінің көп жағдайларда өз бастауын ұмыта бастағандығынан да болуы керек.Ендеше адамзаттың мәдени жаңғыруына бұл мәдениеттану пәнінің қосар үлесі де қомақты екендігін ескерсек, әлі де болса буыны бекімеген бұл жас ғылым саласының болашағы да зор болатындығына күмән келтіруге болмас.

## 1.2.XX ғасырдағы мәдениеттану ғылымы саласындағы негізгі мектептер

XX ғасырда мәдениеттану философиядан тысқары тұратын, бірақ онымен мәдениет философиясы арқылы байланысқан жеке ғылым саласы ретінде қалыптаса бастады. Мәдениет философиясынан мәдениеттануға көшу – мәдениеттің тоқырауын түсінумен және адам мен табиғаттың үйлесімділігі бұзылғанын ұғынғын уақытта жүзеге асырыла бастады. (Мәдениет пен табиғаттың үзілісін кезінде романтиктер байқаған болатын). Бұрыннан қалыптасқан үйлесімділіктің рациональдық негіздерін ізденуден бас тартылды, ал мұның өзі мәдени дәстүрлерді ой елегінен өткізіп қайта қарау болып табылатын сана-сезімнің философиялық ізденістерін тығырыққа тіреді. Өзіміз байқағандай, өмірлік философияның қойнауында және оның әсерімен мәдениетті ұғынуға деген талпыныс мәдениеттану теорияларының дамуына ерекше ықпал жасады. Мәдениеттің сан салалары мен түрлеріне жаңаша көзқараспен қарау – мәдениет мәселелеріне тікелей байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мол мүмкіндік туғызады. Міне, осы жағдайларға байланысты XX ғасырда өткен кезеңдердегі қол жеткен дәстүрлі жетістіктердің негізінде бірнеше мәдениеттану мектептері қалыптасты. Олар:

- а/ қоғамдық-тарихи мектеп;
- б/ натуралистік мектеп;
- в/ социологиялық/әлеуметтік/ мектеп;
- г/ рәміздік /символдық/ мектеп.

Енді осы мектептерді жеке-жеке қарастырып көрелік.

а/ Қоғамдық-тарихи мектеп. Бұл мектептің қалыптасуының тамыры тереңді жатыр, өйткені оның классикалық дәстүрлері Кант, Гегель, Гумбольд сияқты ұлы философтардың шығармашылығымен тығыз байланысты болды. Қоғамдық-тарихи мектептің қалыптасуына тарихшылар мен философтар ерекше ат салысты, бірақ олардың қатарында діни адамдардың да болғандығын атап өтуіміз қажет. Бұл ағымның негізгі қайраткерлері Батыс Еуропада- Шпенглер мен Тойнби, ал Ресейде – Н.Я. Данилевский болды. Освальд Шпенглер (1880-1936)- әрі философ, әрі тарихшы. Өз заманында дүниені дүл сілкіндірген “Закат Европы” деген еңбектің авторы

(2 том 1921-1923 жылдар аралығында шыққан). Бұл еңбегінде ол тарихты түрлі мәдениеттердің алмасуы деп қарастырады. Мәдениет саласында жалпы-адамзаттық мирасқорлықтың болуын Шпенглер жоққа шығарады. Ол мәдениетті тарихи тұрғыдан сегіз түрге бөледі.

Олар; египеттік, үнділік, вавилондық, қытайлық, антикалық, исламдық, батыс еуропалық және орталық Америкадағы майя мәдениеті. Ол жаңа туындап қалыптасып келе жатқан мәдениет қатарына орыс-сібір мәдениетін жатқызады. Өрбір мәдениеттің өмір сүру ұзақтығын жобамен бір мың жыл деп белгілейді. Олардың арасында өзара тең, мәнді байланыс болуы мүмкін емес деп есептейді. Оның пікірінше, өмір сүруін тоқтатуға бет алған кез келген мәдениет дамудан “тоқырауға”, творчестволық шырқаудан “құлдырауға”, жаннан “интеллектіге”, батырлық іс-әрекеттен “утилитарлық қызметке айналды”. Мұндай жағдайд элинизм

дәуірінде (б,з,д) грек-рим мәдениет өз басынан кешірген, ал өткен ғасырды бұл тарихи құбылыстың куәгері батыс-еуропа мәдениеті болған

Өркениеттің алға басып шарықтауына байланысты сауықтық мәдениет басты орынға шығады, ал көркемдік және әбеби шығармашылық өз мәнін жоя бастайды да, оның орнын руханилықтан жұрдай технизм мен спорт басады. “Закат Европы” атты еңбегінде О Шпенглер Рим империясының құлауын мысалға келтіре отырып, Шығыстан келе жатқан революциялық күш – “варварлардың” қысымымен батыс-еуропа қоғамы жойылды деп есептейді. Бірақ, тарих Шпенглердің бұл пайғамбарлығын жоққа шығарады, ал “орыс-сібір” мәдениеті жүзеге аспады (бұл мәдениет социалистік қоғамның мәдениеті болатын). Өкінішке орай, оның консервативтік - ұлтшылдық идеяларын фашистік Германияның идеологтары өз қызметінде өте шебер қолдана білді.

Арнольд Джозеф Тойнби (1889-1975) ағылшынның тарихшысы, социологі, 12 томдық “Исследования истории” (1934-1961) деп алатын көлемді еңбектің авторы. Адағашқы кезде Тойнби Шпенглердің ықпалымен өркениет шеңберіндегі адамзат дамуын ғылыми ой елегінен өткізуге тырысып, өркениет терминін мәдениет ұғымына синоним есебінде қарастырды. Тойнби тарихты бір-бірімен гентикалық байланысы аз бір уақытта жүйелі түрде дамиды өркениеттердің жиынтығы деп қарастырды. Оның ойынша, бұл өркениеттер өз дамуында, яғни шарықтаудан тоқырау мен апатқа ұшырарда бірдей кезеңдерді бастан өткізеді. Кейіннен ол өзінің бұл көзқарастарын сын көзбен қайта қарап дүниежүзілік діндерден (христиан, ислам, будда және т.б.) нәр алған мәдениеттердің барлығы да “тарихтың мәуелі ағашы, адамзат бұтағының мән-мағынасы” деген қорытындыға келді. Олардың барлығы да бірлікте, тұтастықты, олардың әрқайсысы тарихтың бір бөлгегі болып табылады.

Өркениетті бар болған сегіз түрге бөлген О.Шпенглерге қарағанда, Тойнби өз заманының терең

ғылыми зерттеулеріне сүйене отырып алғашқыда 20-дан 30-ға дейін атап, ал кейіннен өз дамуында белгілі бір дәрежеге жетіп, мәдениеттің тұрақталған 13 түріне тоқталды. Тойнби тарихтың қозғаушы күштерінің қатарына ұлы тұлғалар мен творчество адамдарын да жатқызады (творчестволық азшылық). “Творчестволық азшылық” белгілі бір мәдениеттің сұраныстарын, қажеттіліктерін өтеуге қабілетті болып келеді, ал бұл жағдай белгілі бір қоғамның алға қарай дамуына әсерін тигізбей қоймайды. Мұндай кезде “творчестволық азшылық” енжар көпшілікті соңынан ертеді, оған сүйенеді, тіпті өз қатарын солардың көрнекті өкілдерімен толықтырып отырады. “Творчестволық азшылық” өзінің мистикалық өмірлік ұмтылысын жүзеге асыруға әрменсіз және тарихтың талабына жауап бере алмаса өзінің үстемдігін беделімен емес, қару күшімен мойындаттыратын үстемдік етуші элитаға айналады, ал қағжу көрген халықтың басым көпшілігі “ішкі пролетариатқа” айналады. Ол өз кезегінде сыртқы жаулармен біріге отырып, өздері өмір сүріп отырған өркениетті талқандап тынады. Тойнби адамзат дамуының қорытындыларын мойындай отырып, онда ең алдымен рухани байлықты жетілдіру мен дінге ерекше үміт артады. Өз еңбектерінде нәсілшілдікпен “еуроорталықтықты” батыл сынап отырып, Тойнби ұлт-азаттық қозғалымтарды жақтайды, дүниежүзі халықтарының арасындағы ынтымақтастық пен өзара түсінушілікті батыл қолдайды.

б) Натуралистік мектеп. Бұл мектептің басты ерекшелігі- мәдениеттің биологиялық сипатын әсірелеп көрсету. Бұл бағытты жақтаушылар; негізінен, дәрігерлер, психологтар және биологтар. Мәдениеттану ғылымы саласында натуралистік мектеппен кеңінен танымал болған “әлеуметтік дарвинизм” қабысады. Натуралистік мектептің қалыптасуна биологиядан басқа ХХ ғасырды пайда болған екі ғылым саласы: фрейдизм мен этология ерекше роль атқарды. Жануарлардың мінез-құлқы туралы бұл ғылым саласындағы ғылыми табыстары үшін К. ЛОренц пен оның әріптестері 1973 жылы Нобель сыйлығын алды. Адамға биологиялық көзқарас тұрғысынан қарайтын бұл мектеп өкілдерінің концепцияларын қысқаша қарастырып көрейік.

Зигмунд Фрейд (1856-1939) - австралиялық невропатолог, психиатр және психолог, психикалық талдау (психоанализ) мен фрейдизмнің негізін қалаушы.

Ғылымдағы бұл бағыт мәдени құбылыстарды, творчестволық процестерді түсіндіруде, тіпті бүкіл қоғамның дамуын анықтап көрсетуде де психологиялық концепцияларды қолдануды қажет деп тапты. Психикалық талдауды этнография, тарих, дін және мәдениеттің ұлы қайраткерлерінің ғұмырнамаларын жазуда кеңінен қолдана отырып. Фрейд пен оның ізбасарлары мәдениет – “жеке адам психикасының қоғамдық экрандағы көрінісі” деп қарастырды. Фрейдтің ойынша, мәдениет, біріншіден, адамзат баласының ғасырлар бойы жинаған білімі мен өмірлік тәжірибесін қамтиды. Міне, осындай жағдайда ғана адам табиғат күштерін жеңіп, өзі өз қажетін ала алды, екіншіден, мәдениет адамзат баласының өзара қарым-қатынастарын бір тәртіпке келтіретін барлық институттарды қамтиды. Бұл анықтамадан биологиялық сарынды оп-оңай ағғаруға болады, өйткені мәселе адамның өз қажетін қанағаттандыру үшін табиғаттан алар үлесі және оның тіршілігі жайында болып отыр. Ендеше, Фрейдтің нағыз атеист болып, дінге қарсы шығуын, тіпті дінді “ұжымдық невроздың” ерекше түрі деп қарастыру сырын түсіну онша қиынға соқпайтын сияқты.

Фрейдизм ғылым саласы ретінде марксизм-ленинизмге қарама-қайшы еледі. Марксистер үшін адам ең алдымен, әлеуметтік құбылыс болып саналса, ал фрейдистер үшін бұл биологиялық құбылыс, марксистер үшін тарихтың қозғаушы күші – пролетариат пен таптық күрес болса, фрейдистер әйелдердің ер адамдарға тәуелдігін қолдай отырып, барлық адамдар үшін қажетті “либидоны” (ұрпақты жалғастыру инстинкті, жыныстық инстинкті) басты орынға қояды.

Фрейдтің өзі ірі материалист - ғалым және табанды атеист болса да марксизм іліміне сын көзбен қарады. Марксизмді “кезекті қиял” деп бағалай отырып, Фрейд мынандай қорытындыға келді: “Маркстің шығармалары өзінің қарама-қайшылықтары мен күңгірт жақтарына қарамастан Библия мен Құранның орнын басты” (Фрейд З. Будущее одной иллюзии М., 1990. С.95). Фрейдтің мәдениеттану саласындағы концепциялары шамадан тыс турашылдығы үшін марксистер тарапынан ғана емес қатаң сынға ұшырағаны осы жағдайлардан болар.

б) Социологиялық мектеп. Бұл мектептің мәдениеттану саласындағы ғылыми зерттеулері - қоғамның өзіне, оның құрылымы мен әлеуметтік институттарына бағытталған. Әрине, өзіне тән бағыт-бағдары болғанымен социологиялық мектеп басқа мектептерден “қытай қорғаны” арқылы бөлініп тұр, ешбір байланысы жоқ десек қателескен болар едік. Шын мәнінде, әр мектеп өкілдерінің концепциялары көп жағдайда бір-бірімен үндес, сабақтас келеді. Социологиялық мектептің көрнекті өкілдерінің бірі- Томас Стернз Элиот (1888-1965) ол ағылшын американдық ақыны, модерндік бағыттың сыншысы, “Заметки к определению культуры” (1948) деген еңбектің авторы. Мәдениет дегеніміз – деп жазды Элиот, белгілі бір жерді мекендейтін халықтың тұрмыс-тіршілігі. Мәдениеттің нышандарын сол халықтың өнерінен, әлеуметтік жүйесінен, дінінен, салт-дәстүрлері мен қалыптасқан дағдыларынан байқауға болады. Бірақ, бұлардың барлығын тұтастай алып қарастырсақ та, бұл мәдениетті толық бермейді, ендеше, мәдениетті тек өнердің, салт-



дәстүрлердің, діни наным-сенімдердің жиынтығы деп қарастыру мәдениеттің ауқымын түсінбеушілік, өйткені, мәдениет көз жеткісіз байтақ даладай кең дүние ( Артановский С.Н. Некоторые проблемы культуры. Л.,1977. С.13)

Элиот XX ғасырдың ортасына қарай Еуропа мәдениетінің құлдырауға ұшырағандығын, оның бұрынғы адамгершілік және интеллектуалдық қасиеттерінен айырылып, қазіргі заманда “сауықтық” мәдениетке көше бастағанын ашына жаза бастады. Одан әрі мұндай келеңсіз көрініске тосқауыл болар күш – мәдени элита, сондықтан да оларды барынша қолдау керек деген тұжырымға келді. Жалпы, “Элита теориясы” (әсіресе саяси) сонау көне заманда өмірге келіп, одан кейін де өзінің заңды жалғасын тапқан. Көне грек философы Платон (б.э.д. 427-347) элитаны тарихи процестің қозғаушы күші деп есептеген. Кейіннен бұл пікірді италяндық Н.Макиавелли, ағылшын Т.Карлейль, неміс Ф.Ницше және т.б. одан әрі дамытты.

XX ғасырда бұл идеяның жаршысы италяндық

Вильфредо Парето (1848-1923) болды. Ол тарихты “элитаның өкіметті өз қолына алу жолындағы күрес аренасы” деп сипаттайды. Элиоттың сіңірген еңбегі сол, ол мәдениет салалсында элиталық тәсілдің ерекше маңыздылығын айқындап, көрсете білді. Өзінің замандасы, әрі отандасы Тойнби сияқты Элиот та қоғамда “рухани элита және қараңғы халық” деп екіге бөліп, мәдениетті жасап – дамыту тек қана бірінші топтың ғана қолынан келеді деп тұжырымдады. Элиоттың ойынша, творчестволық элита ешбір тапқа жатпайды, ол әрқашанда сол қоғамдағы түрлі әлеуметтік топтардан толықтырылып отырады, бірақ творчестволық элитаның шығып, қалыптасуы үшін байлық қажет және белгілі бір ерекше топқа жатуы шарт. Қоғамның әр түрлі топтарының ерекше дарынды және қабілетті өкілдері творчестволық элитаның қатарын толықтырып, мәдени процестің жамуын қамтамсыз етеді.

Социологиялық мектептің тағы бір көрнекті өкілі әрі экономист, әрі социолог, “Социология истории и культуры” (1927) деген еңбектің авторы, неміс ғалымы – Альфред Вебер (1868-1958). Ол тарихты бір-бірімен тығыз байланысты, бірақ өз заңдарымен дербес дамитын үш процеске бөлудің тамаша теориясын ұсынды. Олар әлеуметтік процесс ( әлеуметтік институттардың қалыптасуы), өркениеттік процесс (ғылым және техниканың алға басуы) және мәдени процесс ( шығармашылық, өнер, дін және философия). Вебердің концепциясы бойынша, соңғы екі ғасырда АҚШ-тағы әлеуметтік және өркениетті процестердің басымдылығы мәдени процеске нұқсан келтірді, ал Ресейде әлеуметтік консерватизм үстемдігі мен ғылыми-техникалық жағынан артта қалушылыққа қарамастан XIX ғасырда орыс мәдениетінің “алтын ғасыры” басталды. Еуропаның көптеген елдерінің басым көпшілігі бұл процестердің арасында белгілі бір тепе-теңдік сақтады, ал Жапония сияқты экономикалық жағынан жоғарғы дамыған мемлекеттерде өркениеттік процесс тек екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бұрын болып көрмеген қарқынмен дамыды. Вебер белгілі бір мемлекеттің немесе дәуірдің бет-бейнесін жасауда ең бірінші кезекте мәдени факторларға сүйенді. Ол мәдени қозғалыс иррациональды, ал оны жасаушы – рухани интеллектуальды деп қортындылады.

г) Рәміздік (символдық) мектеп – жаппай ақпарат құралдарының қарқынды дамуының нәтижесінде кейіннен қалыптасқан мектеп болса да, XX ғасырда қалыптасқан мектептердің арасында үлкен деңгейге ие болды. Олай болса, кейбір философтар мен социологтардың, қазіргі замандағы ғылыми-техникалық революцияның орнын “ақпараттық революция” басады деген пікірлер дұрсақ шыққан сияқты. Шындығында да, мәдениетке адамдардың өздерінің түрлі интеллектуалдық (ғылыми) және сезімдік (өнер) хабарды беру және білдіру (тіл және тағы басқа белгілер) қабілеті тұрғысынан қарайтын болсақ, онда адамның бүгінгі таңдағы ақпараттық мәдениеттің шыңына шығу сырын айқын түсінуге болады. Алғашқы қауымдық құрылым адамы рәміздік жүйе тілінде өзінің қарапайым ойларын дауыстық қашықтыққа ғана жеткізе алды, ал уақыт шеңбері тұрғысынан қарастыратын болсақ, тастағы таңбалы суреттер пайда болғанға дейін адам өзінің жан дүниесінен хабардар ету қасиетінен ада болатын. Тілдің дамуы, көркемдік өнер мен жазудың пайда болуы-адамның ақпараттық қабілетін жоғары сатыға көтерді. Одан кейінгі замандарда қатынас құралдары мен баспасөздің пайда болуы, рәміздік жүйені одан әрі байыта түсті. Дүбірлі уақиғаларға толы XX-ғасыр адамзат баласының телеграфты, телефонды, радио мен киноны, телеарнаны, вдеоны т.б. кеңінен қолдануы- хабарлар тарату мүмкіндігінің шексіз екендігін, тіпті сонау космос кеңістігімен де байланыс орнатуға болатындығын тәжірибе жүзінде көрсетіп берді.

Хабарды беру жылдамдығы мен оларды беру сапасы да айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Қоғамдағы бұл өзгерістер мен жетістіктер ғалымдардың адамзат мәдениетінің қайнар бұлағы – адамның “белгі беру”, “хабар беру” қабілеті, оның тек өзіне тән қасиеті деген қорытындыға келуіне себепкер болды. Бұндай көзқарастың қаылтасуына ақпараттық хабарларды қабылдау, дайындау, қайта өңдеу, мен сақтау сияқты жалпы заңдылықтарын зерттейтін семиотика, информатика, кибернетика және т.б. жаңадан туындаған ғылым салаларының дамуын айтуымызға болады. Соңғы кездерге дейін таза гуманитарлық ғылым болып есептелініп келген мәдениеттану ғылымы

осы жаңа ғылым салаларының арқасында техник әлеміне тікелей шығуға және ЭВМ-ді құру сферасына қатысуға да мүмкіндік алды. Түрлі ғылым салаарымен қатар жаппай коммуникация саласында да жемісті еңбек етіп “рәміздік” мектептің көптеген өкілдерінің ішіндегі ең көрнектілері, осы мектептің атасы болып саналатын ұлы ғалымдар Э.Кассирер мен К.Леви-Строс.

Эрнст Кассирер (1874-1945) неміс философы, “Философия символических форм” (1923-1929) атты монументальдық еңбектің авторы. Оның мәдениет жөніндегі концепциясының негізінде, адамның жаппай жүйелі және ұдайы рәміздер арқылы (рәміз- белгілі бір идеяны білдіретін бейне, зат, әрекет) берілетін қабілет басты орын алады, яғни мәдениетті семиотика тұрғысынан қарастырады. Оның пікірінше, тіл, ғылым, өнер, дін, миф, және т.б. Адам өмір сүріп отырған символдық шеңбердің құрамдас бөліктері. Жануарлардан өзгеше, адамның символдық жүйесінің қоршауында болуының өзі, адам өмірінің өзіндік ерекшелігі болып табылады.

Жер бетіндегі басқа тіршілік иелерімен салыстырғанда адамзат баласы жәй ғана физикалық емес, нағыз (символдық) әлем дүниесінде өмір сүреді. Тіл, миф, өнер, дін және т.б. адам баласының басқа датолып жатқан рухани көріністері – осы бір жарық дүниенің бөлшектері болып саналады. Кассирер адамға бұраннан беріліп дәстүрге айналған “ақылды жануар” деген атақтан мүлде бас тартып, адамды “рәміздік /символдық/ жануар” деп атауға ұсынады.

Клод Леви – Строс (1908 жылы туған) - француз этнографы, әрі социологі, құрылымдық антропологияның негізін қалаушы. Бұл ғылымның негізінде мәдениет пен алғашқы қауымдық құрылыс тайпаларының әлеуметтік құрылымын талдауда құрылымдық лингвистика мен информатиканың кейбір әдістерін пайдалану жатыр. Леви-Строс артта қалған көптеген мемлекеттерде этнографиялық зерттеулер жүргізудің нәтижесінде еуроорталықтық мен нәсілшілдікті жоққа шығарады, “тағы” ұғымының жалаңдығын дәлелдей отырып сонау, неолит дәуірінде техникалық және индустриалдық прогрестің негізін қалаған тағы адамдардың ойлау қабілетінің өзіндік ерекшеліктері мен күшіне ерекше мән береді. Леви - Строс қауымдық құрылым деңгейіндегі халықтарды артта қалған немесе дамымаған деп айтуға болмайды, өйткені олар кейбір жағдайда, кейбір салаларда бүгінгі өркениетті елдерді артқа тастап кететіндей жетістіктерге жетуі мүмкін (К. Леви – Строс. Стуртурная антропология М., 1983. С.186) деп топшылайды. Ол Француз этнографы Жан Жак Руссо сияқты алғашқы қауымдық құрылыстың адамгершілік негіздерін аса жоғары бағалай келіп, қазіргі заман өркениетінің салдарынан қаймыға бұзылған адам бойындағы сезімдік және рациональдық бастаманың бірлігін қалпына келтіру қажеттігі туралы ойға келеді.

Леви-Стростың құрылымдылық (структуралық) антропологиясында “миф-коллективтік сананың басты мазмұны, тұрақты әлеуметтік құрылымның негізі” ретінде қарастырылуы ерекше атап өтетін жәйт болып саналады. Мифтің ерекшелігін француз ғалымы былай деп айқындайды.

“Миф өткенен ғана емес, сонымен бірге қазіргі заман мен болашақтан да хабар береді”. Мифология саяси идеологияны еске түсіреді, басқаша айтқанда, мифология мен идеология синонимдер. XX ғасырда талай мифтер (фашист рейхының “мың жылдық өмірі” туралы гитлерлік миф, “коммунизм салтанаты” жөніндегі миф, дүниежүзілік революция туралы миф) өмірге келсе, ал көне заманда адам тәріздес құдайдың бар екендігі туралы миф кеңінен тараған. Ежелгі замандағы мифтерді еске алсақ, түрлі ағымдар мен доктриналарға толы қазіргі заман идеологиясы сол мифтер негізінде құрылған жоқ па екен деген ойға да еріксіз келетін сияқтымыз.

### 1.3. Мәдениет және оны білдіретін ұғымдар.

“Мәдениет дегеніміз не ? – деген сұраққа жауап беру үшін, бұл сөздің этимологиясына, яғни осы бір күлдері ұғымды білдіретін сөздің шығуына тоқталуды жөн көрдік. Қазақ тіліне бұл термин арабтың “маданият”- қала, қалалық деген сөзінен енген. Бұл ортағасырлардағы мұсылман мәдениетінің өркендеуі кезінде қалыптасқан түсінікпен байланысты. Мәдениетке берілген көптеген анықтамаларды альтернативтік ( қарсы қоюшылық) деп атауға болады. Бұл жерде алдымен көзге түсетіні- мәдениет пен табиғатты, культура мен натураны қарсы қоюшылық.

Көне заманда “культура” деген ұғым “жерді өңдеу” деген мағынаны берген. Кейінірек , дәлірек айтқанда Цицеронның еңбектерінде ( б.з.д 45 жыл) бұл сөздің мағынасы терідеп, “жанды жетілдіру” деген ұғымды білдірді. Уақыт өткен сайын еуропалық тілдерде мәдениет сөзі “білім беру”, “даму”, “қабылеттілік”, “құрметтеу” сияқты мағыналарға ие бола бастады. Қазіргі заманғы сөздіктерде мәдениетке төмендегідей анықтамалар берілген.

- а) мәдениет- белгілі бір халықтың бой жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы;
- ә) мәдениет- адамзат қауымының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері (палеолит мәдениеті, крит-микені мәдениеті , қазақ мәдениеті т.б.);
- б) мәдениет- адамдық әрекетің белгілі бір салаларының жетілу деңгейі(сөйлеу мәдениеті, еңбек мәдениеті, құқық мәдениеті және т.б.);
- в) агро-мәдениет (дәнді өсімдіктер мәдениеті, цитрустық мәдениет және т.б.);

Ал осы ұғымдардың ішінде мәдениеттану пәніне алғашқы екі ұғымның тікелей қатысты екендігін аңғаруға болады. Мәдениет ұғымы тарихи қалыптасудың ұзақ даму жолынан өтті. Мәдениет ұғымын алғашқы рет ғылыми тұрғыдан анықтауға тырысқандар философтар болды. Бірақ өкінішке орай, ХУШ ғасырға, яғни Ағартушылық кезеңіне дейін, басты құндылық- “адам мен оның ақыл ойы” деген қағида жүзеге асқанға дейін “мәдениет” сөзі белгілі бір мойындалған термин ретінде қолданылмады. Бар болғаны жаңа ұғымдардың синонимі ретінде ғана пайдаланылды. Сөзіміз дәлелді болу үшін- “мәдениет” ұғымын талдауды көне заманнан бастағанды жөн көрдік. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, бұл терминнің алғашқы мағынасы жер-анамен, оны өңдеп –баптаумен тығыз байланысты болды. Демек “мәденет” ұғымы жерді жырту, бау-бақшаны өңдеу, яғни өсімдіктер мен жануарлар дүниесімен, дәлірек айтқанда, егіншілік пен ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты қарастырылды. Оған қоса бізге үйреншікті болып кеткен мәдениет ұғымының тәрбие мен біліммен байланыстылығының тамыры да сонау көне заманда жатыр. Білімсіз және тәрбиесіз адам еш уақытта мәдениетті бола алмайтыны ақиқат, ендеше біліммен тәрбие барлық халықтар мәдениетінің , қайнар бұлағы болып табылады. Сонымен бірге мәдениет сөзі “құрмет тұту, сыйлау, құрметтеу, табынушылық”. Осылардың ішіндегі ең бастысы діни табынушылық. Көне замандағы адамдар әр уақытта да құдайлар қоршауында болды, олардың санасында құдайлар берік орын алды. Үйде де , түзде де құдайлар адамдармен бірге болды, оларды жебеп, қорғап отырды. Құдайлар қалаларда тұрды, қала заңдарымен қала азаматтырын бәле-жаладан қорғады. Міне, сондықтан да болар белгілі эллинист Макс Поленц полистік патриотизімді ерекше дәріптейді.

Полис дегеніміз-шағын ғана халқы бар қала, ал қала тұрғындары сол қаланың азаматтары болып саналады. Олар өз қаласының заңына бағынады, қаланы сыртқы жаулардан қорғады, қажетті азаматтық міндеттері мен борыштарын(халық жиналыстарын өткізуге, сот орындары көп қаланың басқа да мекемелерінің жұмыстарына және т.б. қатысуы) мүлтіксіз орындап отырды. Мұндай қалаларда мәдениет әрі тәрбие беруді, әрі діни табынушылықты, әрі жер өңдеуде де білдірген. Дәл осындай үйлесімділігіне көне полистерде қала азаматтарының азамат болып қалыптасуына ерекше ықпал жасады. Гректер бұл процесті “падейя”(бала) деген ұғым арқылы берген. Бұл термин тәрбиелеу, оқыту деген ұғыммен қатар, кең мағынада білім беру, білімділік , ағартушылық, мәдениет деген мағыналарға да ие болған. Бұл жағдайда тәрбие иен білімнің жәй ғана байланыстары жайында идеяны аңғаруға болады.

Гректер сонау көне заманның өзінде-ақ өмірге икемді, қабілетті, жае- жақты қалыптасқан азаматтарды тәрбиелеуге бағытталған сирек кездесетін білім беру жүйесін жасады. Адамға деген мұндай қамқорлықта сөзсіз гуманистік құндылық бар,

оның негізінде мәдени процестердің мақсаты үшін күресетін адам идеялы жатыр. Бұл жөнінде В.Йгер былай деп тамаша айтып кеткен болатын: “Грек мәдениетінің идеяларынсыз ертедегі дүние тарихи кезең болып өмір сүре алмас еді де, ал Батыс Еуропалық мәдениет дүниеге келмеген болар еді” Грекияда, негізінен, мәдениеттің аристократиялық( ақсүйектік) түрі кеңінен таралған, ал оның негізінде терең генеалогиялық дәстүрлер ( Гомер шығармаларының кейіпкерлерінің көпшілігі құлайлардан тараған) жатыр. Ақсүйектік қасиеттермен қатар, “адамзаттық” қасиеттерге де ерекше көңіл бөлінді. Басты мақсатқа апарар жол-білім жолы болды. Г.Е.Жураковский былай деп жазды. “Көп жылдық Афины мектептеріндегі білім берудің түпкі мақсаты- оқушыларға афин қоғамының

толық праволы мүшесі екендігін толық сезіндіру болып табылады.” Балаларды мектепке жазып-сызуға үйретіп, грек әдебиеті мен таныстырды. Грамматиканы музыкадан сабақ беру толықтырды, өйткені көптеген өлеңдер музыкамен сүйемелдеу арқылы жатталды. Он екі жастан бастап ұл балалар палестраға барды, гимнастикамен айналысты. Жастар тыңдаушылар ретінде мемлекеттік істер қаралатын жиналыстарға да қатыса алатын болды. Демек, бұл айтылған жағдайлардың бәрі көне “паядейяның” гуманитарлық қызметімен қатар, көне мәдениеттің дамуына ықпал жасағандығын көрсетеді. Ерекше атап өтетін бір жәйт, мұндай білім беру жүйесі белгілі бірталаптар мен ережелерді игерумен ғана шектелмей, жатарды қоғамдық өмірге де дайындады. Демек, Грек қоғамының белсенді мүшесі болу, қоғамдық өмірдің сан-саласына араласу белгіленген ережелер, талаптарды толық игергенде ғана жүзеге асып отырады, ал бұларды гректер “даналық табыстар-нома” (заңдар) деп атады. Демек, мәдениеттің мақсаты – адам бойында ойлау, пікір айтып пайымдау қабілеті мен эстетикалық сезімді дамыту болды. Бұл жағдайда көне заман адамы өзінің табиғатпен байланысын еш уақытта жоғалтқан емес, ол үшін табиғат ерекше ыстық та, жақын да болды.

Өкінішке орай, қоғамның даму барысында, әсіресе эллинизм дәуірінде, көп полистердің өз тәуелсіздіктерін жоғалтуына байланысты грек “паядейясының” идеялары бұзыла бастады. Әлеуметтік тұрақсыздықпен бей-берекет саяси уақиғалардың салдарынан мәдениетке нұқсан келді. Білім берудің және тағы да басқа мәдени құндылықтардың дәрежесі түсіп кетті. Бірақ қоғамдағы мұндай өзгерістерге-қиындық пен тоқырауларға қарамастан мәдениет өз дамуын тоқтатқан жоқ.

Христиандық сана негізінде дамыған ортағасырлық мәдениет пұтқа табынушылықты жоққа шығара отырып, көне мәдениеттің негізгі табыстарын сол қалпында сақтай білді. Ортағасырлық мәдениет политеизмге-монотеизмді, натурализмге руханилықты, гедонизмге-(сүйсініп рақаттану табынушылығы) аскеттік идеалды, дүниені бақлау және логика арқылы тануға – Библияға сүйенген және оны шіркеудің белгілі бір қайраткерлері арқылы түсіндірілетін – кітаби білімді қарама-қарсы қойды. Өзінің жан дүниесіне терең үңілген ортағасырлық адам өз тұлғасының қайталанбайтындығын, ерекшелігін, тұңғыш екендігін байқады. Ал бұл жағдай политеизмнен монотеизмге көшуге толық мүмкіндік берді.

Көне заманның адамы өзіне сену қасиетін мәңгілік кеңістік дүниесінен, оның ішінде ең бірінші кезекте табиғаттан алды. Ол - құпиялы аспан мен жұлдыздар әдемі, таулар мен өзендер, ал құдайлар болса табиғаттың бөлшегі ғана. Ортағасырларда мәдениетті түсінуге келелі өзгерістер байқалды. Рационалдық ізденісті адамгершілікке, адамның жан-жақты жетілуіне апарар жол деп қарастыратын мәдениеттің көне түсінігі тұйыққа тірелді. Адамның заттық аспандық дүнеден, оның отанынан басқа да дүниелердің, атап айтқанда, ерекше ляззат алар рухани дүниенің бар екендігі айқындалды. Адам өзін қоршаған ортада, кеңістікте адамзаттың ақыл – ойынан тәуелсіз заңдылықтардың, ережелердің бар екенін аңғара отырып, онда жоғарғы “ақыл-ой” мен ең жоғарғы әділеттіліктің әрекет ететіндігін сезіне білді. Мәдениет тағы да адамның өз мүмкіндіктерін “жетілдіру”, оның ішінде ақыл-ойды, ақыл-ой болғанда “табиғи бұзылмаған” және сеніммен толықтырылған ақыл-ойды” жетілдіру” тұрғысынан адамзат баламының алдында тұрған келелі мәселе дәрежесіне көтеріп, құпия дүниелер есігі айқара ашылды, қоршаған ортада, адам бойында рационалдық ең басты емес екендігі айқындалып, ендігі жерде адам бойындағы жаңа өлшемдер махаббат, үміт, сенім және т.б. жаңа сатыға көтерілді. Адам өзінің әлсіздігінде сезіне бастады бірақ ол дәрменсіздікті танумен қатар, өзінің алып күш иесі екендігін де көрсетет бастады, Құдай адамды оның мәңгілік жанын жаратты. Адамның бақыты өзін тануда емес, құдайды тануда. Адамның бақыты мен бостандығы оның тәуелсіздігінде емес, оның Құдайтағаланың ықпалында болуымен онымен рухани бірлікте екендігін мойындауында. Міне, сонда ғана адам барлық қиындықтарды жеңе отырып, өз мақсатына жетеді, Осындай қасиеттерге ие болған ортағасырлар мәдениеті- тәлім-тәрбие, үйлесімділік пен тәртіп өлшемі ретінде емес, шектеушілікті жеңу, адамның үнемі рухани жетілуі мен және жан-жақтылығымен де сипатталады.

Жаңа заманда (XV-XIX ғ.ғ.) мәдениеттің көптеген теориялары өмірге келді. Жаңа заман философиясында көне заман мен ортағасырлар мәдениетін нақты түсіну және оған шындық тұрғысынан баға беру қайта қаралып, жаңа мазмұнға ие болды. Мәдениет философиясы тұрғысынан алып қарастырғанда, ең озық идеялар осы дәуірдің философиясында кеңінен насихатталды. Ағартушылық кезеңі-буржуазиялық қайта құруларға, терең саяси -әлеуметтік өзгерістерге толы тарихи, әрі рационалды кезең болып саналады. Бұл дәуірдің мәдениет теориясына үлес қосқан өз алыптары болды. Олар (Англияда-Толанд, Францияда-Вольтер мен Монтескье, Германияда – Лессинг, Шиллер, Гете) дүние мен адамзат жайындағы ақиқатты айту құқығын діннен тартып алып, адамның ақыл ойының тәуелсіздігін батыл қолдады, Адам өзінің табиғи жаратылысынан –ақ қабілетті, ақылды жан және соны тиімді пайдаланудың нәтижесінде адам игілігіне сай қоғам құруға қабілетті. Ал бұл ізгі мұраттың іске аспауына адамның өзі кінәлі.

Оның білімсіздігі мен мәдениетсіздігі, халықты қараңғылық түнегінде ұстау және т.б. мәдениет пен өркениеттің дамуындағы басты кедергілер болды. Олай болса, дәуір ойшылдарының антеклерикалық ( дінге қарсы) көңіл-күйінің астарынаңару онша қиынға соқпайды. Осындай көңіл күй табиғат пен адамның дүниедегі орны туралы мәселені қайта қоюға мүмкіндік береді. Сондықтан да болар Ағартушылық дәуірінің философиясы мәдениет туралы ілімді дамытуға мүмкіндік беретін категорияларға сүйенді (табиғат, адам, қоғам, таным, ақыл-ой).

Сонымен қатар бұл категориялар жалпы философиялық сипатқа ие болды. Олар ХУШ ғасырдың ағартушыларына тарихи процесс идеяларын дамытуға және тарихи дамудың мақсаты, қозғаушы күштері және мағынасы жөніндегі сұрақтарды белгілеуге мүмкіндік берді. Әрине, бұл сұрақтарға жауап қалыптасқан жалпы философиялық негіздер тұрғысынан берілді. Мысалы Мәдениеттің классикалық үлгісі ұғымы мәдениетті- адамзаттың тарихи дамуының нәтижесі және адамзат баласының саналы және адамгершілік қоғамдық қарықатынастарының қол жеткен дәрежесі деп қарастырады. Мәдениетке байланысты қағидаларды Ағартушылық кезеңнің ойшылдары және жаңа мәдени үлгілер ( адам, қоғам, мемлекет, құқық, философия және т.б.) жасауға тырысты және өткен заман мен жаңа заманның мәдениет тәжірибесін жаңаша сын елегінен өткізе отырып қарастырды. Бұл игі мақсатты жүзеге асыруда олардың алдында орасан зор көне және тың материалдар көптеп кездесті.

Ортағасырлар мен қайта өрлеу дәуірінен бастап зерттеле бастаған көне заманның тарихи, философиялық, ғылыми және көркем әдебиетінен басқа, олардың назарынан археологиялық ескерткіштер, халық мәдениетінің шығармалары, саяхатшылардың дүниежүзінің әр елдері жөніндегі суреттемелері, түрлі тілдер жайындағы мәліметтер тыс қалған жоқ. Осыншама бай фактілерді есепке ала отырып, Ағартушылық дәуірінде Адамзат мәдениетін тұтастай қабылдауға талпыныс жасалынды. Мәдениеттің мән-мағынасы табиғаттағы дүниежүзілік күштердің (құдайтағаланың құдыретін де ескергенде) батыл іс-әрекетінің нәтижесі мен жемісі деп есептелді. Бірақ, сол кезеңнің өзінде-ақ “табиғат” пен “мәдениеттің гармониялық “ бірлігіне шүбә келтіру, оларды бір-біріне қарсы қою сарыны байқала бастады ( Әсіресе Жан Жак Руссоның еңбектерінде).

Ж.Ж.Руссо сол кезді өзінде-ақ ғылым мен өнердің адамдардың табиғатын өзгерте алатынына күмән келтірді. Оның бұл көрегендігін бүгінгі күннің адамзат баласының тағдыры, яғни “прогрестің кейбір қайғылы іздері, салдарлары” айқын көрсетіп отырған сияқты. Руссо ғылым мен өнердің жандануы қоғамдық прогреске нұқсан келтіргенін дәлелдеуге тырысты. Оның ойынша, ғылым мен өнердің дамуына байланысты “адамдардың” табиғи жағдайы бұзылады, адамгершіліктері кетеді, қоғамдық теңсіздік орын алып, адамның бостандық сезімі аяққа басылады. Ол былай деп көрсетті. “Адам еркін болып туады, бірақ ол өз тіршілігін әрқашанда күреспен өткізеді” ( Об общественном договоре. Книга первая, глава 1). Күн тәртібіне қойылған бұл ойлар мен пікірлерге қарап Руссо өркениеттің рахатынан мүлде бас тартып, өткенге, яғни “тағылыққа” қайта шақырған екен деген түсінік туып қалмауы керек. Ол адамзат болмысының қарама-қайшылықтарф адамның алғашқы қауымдық құрлыстан бастап өркениетке деген құлшынысы жолындағы тарихи қозалысының қарама-қайшылықтарынан келіп туындайтын көрсете білді. Қалай болғанда да, Руссо жаңа ғана туындап келе жатқан “буржуазиялық мәдениетті” сынай отырып “табиғи адам” ретінде көне заманның “тағы” адамдарын ерекше бағалаған. Бұзылған және моральдық жағынан азғынданған “өркениетті” ұлттарға Руссо патриархалдық даму сатысында өмір сүрген адамзат қоғамдарының тазалығы мен адамгершілік қасиеттерін қарсы қойды.

Адамзатты қоғамдық-тарихи тұрғыдан нақтылы қарастырғандардың бірі – Джанбаттиста Вико. Ол адамзат тарихының үйлесімділік мәселелеріне, оның заңдары мен ережелерінебаса назар аудару негізінде “адамзат баласының үздіксіз дамуы” идеясын алғашқы рет ұсынған болатын, бұл идея бойынша барлық ұлттар өз дамуында үш дәуірді басынан кешіреді- “құдайлар ғасыры”, “батырлар ғасыры” және “адамдар ғасыры”.

Ұлы неміс философы Иммануил Кант (1724-1804) ақыл-ойға табынған. Ол француз ағартушыларының дүниенің негізінде “ақиқат”, “қайырымдылық”, “сулулық” деп есептейтін идеяларын қолдай отырып, мәдениет ұғымын моральдық тұрғыдан басқаша қарастыруға әрекет жасады. Осы орайда Канттың “мен үшін екі құпия нәрсе бар”, олар: жұлдызды аспан мен адамның ішкі рухани дүниесі” деген қағидасы кеңінен таралғандығын атап өткен жөн. Болмыстың адамгершілік (моральдық) жағына ерекше мән бере отырып, ол мәдениетті адамды хайуандардан айыруға мүмкіндік беретін құдайдың адамға берген ерекше қабілеті деп қарастырып, адам бойындағы қайырымдылық пен ізгілік қасиеттерді “келісімді императив” деп атады. Кант этикасының негізгі заңы бойынша, адамға тек “құрал” деп қарауға күнә болып саналады. Дәл осыған ұқсас идеяларды Спиноза, Фейербах, Маркс, рейд сияқты ұлы философтар да айтқан болатын. Демек, Канттың ұғымынша, “мәдениет- табиғаттан бостандық патшалығына “ бара жол,

ендеше Кант ілімінің маңыздылығы-оның мәденетті гуманистік тұрғыдан қарастыруында.

XIX ғасырда мәдениет мәселелерімен тығыз айналған ғалымдардың бірі ағылшын ойшылы Эдуард Бернетт Тайлор (1832-1917) болды. Ол “мәдениет жөніндегі ғылым –реформалар жөніндегі ғылым” деп тұжырымдай отырып, мәдениетті үздіксіз даму үстіндегі процесс деп қарастырады. Тайлор өркениет кең, әрі этнографиялық мағынада – білімнен, наным-сенімдерден, өнерден , адамгершіліктен, заңдардан, салт-дәстүрлерден және қоғамның мүшесі ретінде адамның игерген дағдылары мен түрлі қабілеттерінен құралады деп есептеді. Нақты идеяларды тұрғыдан қарастырсақ, мәдениет жеке адам мен бүкіл қоғамды адамның бақыты мен болашағы жолындағы құндылықтарды дамыту арқылы адамзат баласын жан-жақты жетілдіру болып табылады. Демек ,Тайлор мәдениетке адамның ақыл-ойы мен еңбегінің жемісінің тізбектері ретінде, дәлірек айтқанда, материалдық және рухани құндылықтар ретінде қарады. Тайлордың ілімінде барлық заттар мен идеялар бір-бірінен туындап жатады. Мұндай көзқарасты эволюциялық деп атау дәстүрге айналған. Оның ойынша. Барлық ұлы адамдар өзінен бұрынғы әріптестерінің шығармашылығын жетілдіріп, не соған сүйеніп отырады. Тайлордың басты жаңалықтарының бірі- мәдениет атауларының бастамасы, тіпті негізі болып табылатын дінің шығуының анимистік теориясын өмірге келтіруі. Бұл теория бастапқы қандай дін болса да(Тайлор оны “кішкентай дін” деп атаған) “тағы(дикарь) философтың” жанның қабілетіне, рухтың адам денесінен бөлініп шығатынына деген сенімнен шықты деген тұжырымға негізделген. Біздің көне замандағы ата-бабаларымыз үшін жұмбақ болған түс көру, галлюцинация, летаргиялық ұйқы, өліп-тірілу және т.б. түсініксіз табиғат құбылыстары “кішкентай діннің” қалыптасуына әсер етті.

Егер Кантта, мәдениеттің мағынасы адам бойындағы хайуандық сезімдік бастауды ақыл-ойдың немесе адамгершіліктің(моральдың) көмегімен жеңуге әкеліп тіресе, ұлы ойшылдардың бірі Фридрих Вьегелм Шеллинг (1775-1854) мәдениетті эстетикалық тұрғыдан ұғынып-меңгеруді басты орынға қойып, мәдениеттің басты мазмұны-адамдардың көркемдік қызметі деп жариялады. Шеллингтің эстетикалық көзқарастары оның “өнердің философиясы” ( 1802-1803) атты еңбегінде толық баяндалған. автор бұл кітабында адамның көркемдік шығармашылықтың артықшылығын, тіпті өнердің ғылымнан да, адамгершіліктен де жоғары тұратындығын дәлелдеуге тырысқан.

Көне заманна бастап XIX ғасырдың аяғына дейінгі мәдениеттанымдық ойды дамуын ғылыми тұрғыдан қарастыра отырып, мынадай қысқаша қорытындылар жасауға болады. Еуропада кеңінен тараған мәдениет жөніндегі ұғым діни сипатта болды және ол мынадай қағидаларға келіп тіреледі.

- а/ мәдениетті-ақыл-ойдың не табиғи сезімнің көмегі арқылы түсіну(энциклопедистер);
- ә/ мәдениетті – ішкі адамгершілік заңдарының көмегімен тану (Кант);
- б/мәдениетті эстетикалық, көркемдік шығармашылық қызметі арқылы білу(Шеллинг);
- в/ ең соңында мәдениеттің адамзаттың тегіне қатыстылығы және оның абсолюттік идея мен дүниежүзілік рухты жүзеге асырудың құралына айналғандығы (Гегель);
- г/ адамзат мәдениеті үздіксіз дамып өркендей отырып эволюция мен прогрестің жалпы заңдарына сөзсіз бағынадады. Бірақ біз қарастырған кезеңде мәдениеттіңматериалдық негізіне мән берілмей ( әңгіме Л.Г. морганмен Э.Б Тайлордан басқа Маркске дейінгі мәдениет жайындағы концепциялар туралы болып отыр) мәдениетті тек құдайдың шапағатымен ғана байланыстырып, бұл ұғымға мәдениеттің - ғылым, адамгершілік, философия , құқық және т.б. сияқты салаларын ғана енгізген.

#### 1.4. Мәдениет пен өркениет, құрылымы мен функциялары.

Мәдениет ұғымын тереңірек түсіну үшін, оған мағыналық жақындығы бар кейбір басқа ұғымдармен арақатынасын қарастырып өтейік. Осы сипатта біздің зердемізге бірінші түсетін ұғым - өркениет. Өркениет (цивилизация) семантикалық жағынан алғанда (латын тілінің - сөзі) азаматтық дегенді білдіреді. Римдіктер бұл ұғымды (варвалықтар) деп өздері атаған басқа халықтар мен мемлекеттерден айырмашылықтарын көрсету мақсатында қолданған. Яғни, “өркениет”- олардың түсініктері бойынша, азаматтық қоғам, қалалық мәдениет, заңға негізделген басқару тәртібі бар Рим империясының даму дәрежесін білдіреді.

Ғасырлар бойы қалыптасқан екі ұғымның мағыналарын төмендегідей топтастыруға мүмкіндік бар:

1. Мәдениет пен өркениет бір. Олар синонимдер (И.Гердер, Б.Тайлор).

2. Өркениет-мәдениеттің ақыры, оның кәрілік шағы, руханилықтың антиподы (Ж.Ж.Руссо, Ш.Фурье, О.Шпенглер).

oooooooooooooooo

29-30 стр пропуск

oooooooooooooooo

құралған. Сонымен бірге мәдениет – адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал. әл-Фараби айтқандай, адам – “хайуани мадани”, яғни, мәдениетті жан.

Адам – табиғат туындысы және ол үшін табиғи орта мәңгілік қажеттілік болып қалады. “Мәдениет адамнан табиғатты бөліп алады” деген пікір қанша рет айтылса да, адамның табиғи шығармашылықтың ең жоғарғы үлгісі екендігіне күмән жоқ. И. Гердердің тілімен айтқанда, адам - табиғаттың бірінші азаттық алған пендесі.

Ғасырлар – адамның мәдени дауының куәсі. Бірақ осы алға қарай жылжу Жер – анаға әр уақытта жайлы бола бермеді. Адам қоршаған ортаны өзіне ыңғайлы тұраққа айналдыруға тырысты, алайда осы белсенділік көп жағдайда табиғатты күйзелтіп, құлдыратып жіберді.

Мәдениет пен табиғатты қарама-қарсы қоюдың бір түрі – адамның табиғи антимәдениеттілігі жөніндегі ілімдер еді (киниктер, Ницше). Контрмәдениет атты ХХ ғасыр туындысы бұқаралық мәдениеттегі руханилықтың затқа, тауарға айналуына қарсы қозғалыс сипатында болды. Мәдениет пен табиғатты ұштастыруға тырыстатын ілім – мәдени антропология. Оның негізін салушылардың бірі – Э.Уильсон.

Әрине, аталған ілімдер табиғи-биологиялық заңдылықтарды тым әсірелеп жібереді, өйткенімен оның қисыны бар сияқты. Өйткені, ХХ ғасыр мәдениет пен табиғат дилемасының адам тағдыры үшін қауіпті екендігін көрсетіп, заман талабына сәйкес экологиялық мәдениет ілімін тудырады. Адамдық шовинизмді тежейтін бұл ілімнің негізіндегі мынадай идеяларды атап өткен жөн.

а) академик В.И.Вернадскийдің Ноосфера (парасатты орта) туралы ілімі,

ә) Рим клубының экологиялық тұжырымдары,

б) Тейяр де Шарденнің адам жөніндегі гуманистік эволюциялық теориясы,

в) Л.Н.Толстой, М.Ганди А.Швейцер, Э.Фромм т.б. дамытқан гуманистік этика т.б.

Тағы айта кететін жайт осы экология мәселелеріне байланысты Шығыс пен Батыстың арасындағы айырмашылық туралы. Митроверттивтік Шығыс мәдениеті табиғатқа жақын ол үстемдік етіге шақырған жоқ.

Сонымен мәдениет-адам мен табиғатты бөліп тұрған “қытай қорғаны” емес керісінше олардың арасындағы нәзік үндестік және рухани қыл- көпір. Осы үндестікті ( гармонияны) одан әрі жетілдіру-адамзаттың алдындағы келелі міндет.

Адам және мәдениет мәселелерін тереңдете түсетін тағы бір мәселел адамның көпмағыналығына жан-жақтылығына шексіздігіне байланысты. Американи ғалымы К.Поппер айтқандай адам бірдей үш дүниеге физикалық, ментальдық(психикалық) және идеалдыққа жатады. Сонда мәдениет осылардың қайсысымен көбірек анықталады деген заңды сұрақ туады. Егер біз мәдениетті тек материалдық және рухани бөліктерге бөлудің қарадүрсін шеңберінен шыға алсақ, онда мәдениеттің өзінің ішкі мағынасында идеалды екендігіне көзіміз жетеді. Себебі, адамды қоршаған заттар, дүние - -бұл мәдениеттің сыртқы көрінісі ғана, оның мәні руханилықты адам әрекетінің нәтижесінде заттандыруда жатыр. Мәдениеттің ішкі мәні —руханилықты адам әрекетінің нәтижесінде заттандыруда жатыр. Мәдениеттің ішкі және қоғамдағы өмір сүріп жатқан адамдардың өзіндік санасында, парасаттылық сезімдерінде, рухани ізденістерінде айқындалады.

Ж.П.Сартрлық көсемсөзді қайталасақ, адам әлемге еркін жіберілген. Ол еріктілік жазасына кесілген. Осы сипатта мәдениеттің құпиясы – адамдағы “Мендік”. Одан сыртқы ерекше бір нұр – азаттық, жауапкершілік, адамгершілік сәулесі нұр шашып тұр. Мәдениетте адам ғажайып биік деңгейге көтеріледі. Мәдениет дегеніміз – менің өмірім, менен бөлінген, мен өлгеннен кейін де тірі болатын – менің шығармашылығым.

Енді мәдениеттің қоғамда атқаратын қызметтерін талқылайық. Алдымен қоғам және мәдениет



ұғымдарында қаншама ұқсастық, үндестік болғанымен, олардың арасындағы мағыналық айырмашақты естен шығармаған жөн.

Қоғам- әлемнің бір бөлігі. Белгілі бір мақсаттарды іске асыру жолында әрекет етіп жатқан субъектілердің (тұлғалардың, топтардың, этностардың, мемлекеттердің) байланыс нысандары. Яғни, қоғам ұғымындағы негізгі мәселелер – адам және оның ұйымдасу нысандары, бұл ретте қоғамды зерттейтін басты ілімді әлеуметтану деп атайды. Ал мәдениет осы тұрғыдағы қоғамның белгілі бір қасиеті, көрінісі, сипаты мазмұнында қолданады.

Осыған дейін қарастырылған ұғымдарды негізге алып, қоғамдағы мәдениеттің төмендегідей қызметтерін айқындау мүмкіндігі бар.

#### **Адамды қалыптастыру қызметі**

Бұл – мәдениеттің қоғамдағы басқа қызметтерін бойына жинақтайтын және оның негізгі мазмұнымен тікелей байланысты нышан. Егер біз адамды әлде құдай, әлде табиғат, әлде еңбек жаратты деген пікірталастардан сәл көтерілске, адам мәдениетті, ал мәдениет адамды қалыптатырғанына көзіміз жетеді. “Жеке адам өзі өмір сүріп жатқан қоғамның туындысы, төл перзенті” С.Мырзалин, Ә.Әлпейісов. Қоғам және мәдениет. Алматы, 1992. 14-б). Маугли көркем бейне. Жануарлар арасында кездейсоқ өскен адам мәдениеттік қасиеттерден жұрдай болады.

Адамға ең қиыны – адам болу. Ал оның негізгі шарттарының бірі ретінде ізгілік пен зұлымдық, ақиқат пен жалғандық, әділеттілік пен өктемдік, бодандық пен азаттық, сұлулық пен ұсқынсыздық арасындағы адамның таңдауын аламыз. Соның нәтижесінде тұлғада өзіндік сана тұрақталады, ол озық мәдениетті өз бойына сіңіреді. Жалпы алғанда, мәдениеттің алға басуы дегеніміз – дүниежүзілік тарихтың адам үшін, оның мүдделері мен өзіндік мақсаттары бағытында толыққанды ашылуы болып табылады.

#### **Жалғастық, мәдени мұрагерлік қызмет**

Мәдениеттің бұл қызметі бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілетін бүкіл адамдық өмір тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктеріне қатысты. Ақпараттық (информациялық) беріліс әлеуметтік жүйеде биологиялық тұқым қуалаушылықтан өзгеше жүреді. Шын мәнісінде қоғамда ұрпақтар жалғастығы мәдени мұраларды игеру, қабылдау және шығармашылықпен дамыту арқылы жүзеге асады. Мәдени ақпараттар – салт-дәстүр, әдет-ғұрып, рәсім-рәміз, діл мен тіл, дін және өнер, білі т.б. руханилықтың белгілі бір деңгейін мейгерудің нәтижесінде мәдениет субъектісінің өзіндік санасының жанды буынына айналады.

#### **Танымдық қызметі**

Мәдениеттің қоғамдағы бұл қызмет міндетінің - сан алуын қыры бар. Бірден біздің назарымызды өзіне аударатын нәрсе – мәдениет пен білімнің арақатынасы. “Табиғаттың қулығын асырып жіберуге” (Гегель) бағытталған адамдардың білімі, әрине, мәдениеттің негізгі құрамдас бөлігіне жатады. Ертедегі гректің “пайедейя”, ислам өркендеуіндегі “маариф”, қазіргі өркениеттегі “интеллигенттік” ұғымдары мәдениет пен білімділіктің іште туыстығын, үндестігін білдіреді. Осы сипатта, әсіресе зиялылар (интеллигенция) мәдениетті сақтау және дамыту ісінде үлкен қызмет атқарады. “Бүгінгі күнге лайық адамдық қарым-қатынас орнату – интеллигенцияның басты міндеті... Ал біздің өркениеттілігіміз жаппай компьютерге көшумен сипатталмау керек, мәдени диалогтің түрін жасап, оны сақтай білу қабілетімізбен көрінуі керек (Ә. Наурызбаева, Н.Скалон. Диалогтің мүмкіндігі. Шағар, 1993. 1-8 б.). Яғни білімділік мәдениеттіліктің маңызды алғы шарты болғанымен, бұл екі ұғымның арасында белгілі алшақтық, кейде тіпті қайшылық бар. Ғылымның бет алды дамуы, шектелмеген техникалық әрекет мәдениетке үлкен нұқсан келтіруі мүмкін. Тек жоғары деңгейде мәдениеті бар өркениет ғылым мен техниканың дамуындағы теріс салдарларды бейтараптандыра алады. Егер біз ғылым арқылы шындықты ашсақ, өнер арқылы әсемдікке ұмтыламыз, ал моральдық таным – жақсылық пен жамандықты айырамыз.

#### **Реттеу қызметі**

Бұрынғы Кеңес Одағында шыққан кітаптарда мәдениетті ғылыми жолмен басқару атты сөз тіркесі кең етек алғанды. Бірақ адамның дүниеде өмір сүру тәсілі ретінде түсіндірілетін мәдениетті басқару мүмкін емес, әйпегенде адамды тетікке, қуыршаққа айналдырған тоталитарлық айла-шарғы үлгілерін көреміз. Айталық, Ертедегі Грекияда ешқандай шенеуніктер адам басына театрлар неше билет сатты деген ақпараттар жинаған жоқ. Солай болса да ол елдегі жоғары мәдениеттің және рухани ізденістің қандай деңгейде болғаны бәрімізге белгілі.

Алайда, солай екен-ау деп мәдениетке сыртқы ықпал жасау мүмкіндігін жоққа шығара алмаймыз. Мәдениет- “жабулы қазан емес”. Мәдениеттегі реттеушілік әрекеттерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мәдениетте күнделіктен гөрі жоғарыға, идиалдыға, үлгіге көбірек көңіл бөлінеді. Мәдени ұғымдарда нормативтік, ережелік талаптар басымдық. Мысалы, “мәдениетті адам” ұғымы оның адамдық жан-жақты белгілері бойына толығырақ, тереңірек дарытқандығын көрсетеді. Ол – білімі ғылым деңгейіне, киімі сол кезде көп тараған сәнге, мінез-құлқы осы қоғамның адамгершілік талаптарына сай адам.



### **Коммуникативтік, қарым-қатынастық қызмет**

Бұл мәдениеттің қоғамдағы негізгі қызметтерінің бірі, Адамдардың қарым-қатынасы, мәдениеттер сұхбаттасуы - әлеуметтік шындықтың басым көрінісі. Адам ерекше бір өрісте - қарым-қатынас өрісінде болады. Руханилық пен ізгілік, әдемілік пен жақсылық тербелісі адамды нәзік тормен қоршаған, қоғамдық өмірде тек зат пен тауар ауысуы ғана емес, ең алдымен идеялар, мамандық, шеберлік тәжірибелерімен, сезімдік үлгілерімен ауысу толастамақ емес. Мәдениет игіліктерін жас нәресте анасының ақ сүтін еміп, оның әлди жырымен сезім дариясына шомылып қана адамдық қасиеттерді бойына сіңіре бастайды.

Ғылымда социализация(әлеуметтану деп аталатын) процесс те мәдени қарым-қатынасқа негізделген. Мәдени қарым-қатынастардың түрлері дегенде олардың әмбебаптығына және көпмағыналығына көңіл бөлу қажет. Мәдени құндылықтарды оларды жасаушылар және тұтынушылар арасындағы қарым-қатынас ретінде алуға болады. Мәдени туынды қаншама асыл болғанымен, егер ол рухани азық ететіндерге белгілі бір себептермен жетпей жатса, онда ол мәдени айналыстан шығып қалады. Адам тұрмайтын үй қаңырап бос тұрады, отарба жүрмейтін темір жол —жәй темір мен ағаштың үйіндісі, ешкім оқымайтын кітап – шаң басып жатқан қағаз. Мәдени болмыстың тірегі деп қарым-қатынасты айтамыз.

## 1.5.Тарихи мәдени процесс және мәдени типология

Біз осыған дейін мәдениетті ұғымдық жағынан қарастырып келдік. Ал мәдениет болмысы- тарихи-мәдени процесс. Оны әлеуметтік қозғалыстың ақпараттық түрі деп атауға болады. Мәдениеттің заттық пішіндерінде ақпараттық беріліс адам әрекеті нәтижесінде “жасанды табиғатта” ұяланса, ал рухани мәдениетте ол текстер мен тілде жүзеге асады.

Тарихи-мәдени қозғалысты мәдениеттану дүниежүзілік тарихтан басқаша қисынмен зерттейді. Оның алдында оқиғалар мен тарихи деректердің тізбесін жасау мақсаты тұрған жоқ. Ол осы тарихи- мәдени процестің қисындық модельдерін бейнелеуге тырысады. Егер біз дүниежүзілік тарихқа осы сипатта назар аударсақ, онда адамзат дамуында екі бағыт бар екендігін байқаймыз. Біріншісі, табиғатты меңгеру арқылы өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастарды өркендетумен, білім мен техниканың даму нәтижесінде қалыптасатын өркениетпен байланысты. Өркениет заманы адам өміріне машинаның жан-жақты енуімен, тіпті адамның руханилығын құндылығы кеміп, оның осы машинаның тетігіне айналған көріністермен айқындалып тұр. Н.А.Бердяев бұл туралы былай деген Өмір органикалық сипатын жоғалтып, табиғи тербелістердің байланысынан айырылады.Адам мен табиғаттың ортасына, адамның табиғатты бағындырғысы келген құралдары қойылған... Өркениет неді табиғилық та, руханилық та болмай қалды, оның негізі –машиналық (Н.А.Бердяев. Воля к жизни и воля к культуре // На переломе. М.,1990. С.78 )

Әрине, өркениет адам өмірін қазіргі кезде тұтынудың жоғарғы деңгейіне көтерді. Дамыған елдерде “не жеймін, не кимін” сияқты мәселелер түбегейлі шешілген. Бірақ адамзат үшін бұлардан басқа маңызды талап-тілеектер бар. Екінші бағытты- адам руханилығының дамуы (мәдениет) деп атауға болады. Ол адамның ішкі дүниесіне, оның терең сезім қатпарларына, ой-өрісіне бұрылған. Осы екі бағыттың айырмашылығын Шығыс пен Батысты салыстыру арқылы да байқауға болады. Егер Шығыс мәдениетке көбірек көңіл бөлсе, Батыс өркениетті дамытуда бірталай жетістіктерге жетті .Батыс адамы Дүниемен, табиғатпен өзі сияқты басқалармен күресуде. Шығыс адамындағы күрес пафосы – керісінше ол өзімен- өзі, өзіндегі толымсызбен күреседі. (А.Хамидов. Шығыс және Батыс дүниелік қатынас және дүниетаным Шаһар. 1993. 1 )

Егер тарихи мәдени қозғалыстың динамикасын алып қарастырсақ, онда тарихи тұрғыдан төмендегідей сатыларды бөліп көрсетіге болады.

I. Л.Г.Морганның ілімі бойынша: I Тағылық. 2. Варварлық. 3.Өркениет.

II. М.Мидтің ілімі бойынша: I.Постфигуративтік (дәстүрлік) мәдениет. Конфигуративтік (замандастық) мәдениет. Предфигуративтік (жас ұрпақтық ) мәдениет.

III. Д.Беллдің пікірі бойынша: I.Индустриалдыққа дейінгі қоғам. 2.Индустриалдық қоғам. 3.Индустриалдықтан кейінгі қоғам.

Марксизм бес қоғамдық экономикалық формацияға (алғашқы қауымдық, құлиленушілік, феодалдық , капиталистік, комунистік ) тән мәдениеттің бес түрін көрсетеді.

Бұған дейін мәдениет өзінің тұтастық және жалпылық белгілері бойынша бүкіладамдық қасиет ретінде сипатталады. Алайда, нақтылы тарихта әр түрлі мәдени жүйелер өмірге келіп жатады, олар кейін орнын басқаларға береді. Ал этностық (ұлттық) мәдениеттерді алсақ, олар тіпті бір ғасырдың талай өзгерістерді басынан өткізген. Мысалы, ХХ ғасырдағы қазақ мәдениеті туралы сөз болғанда көшпенділерден бастап, кеңестік тоталитарлық мәдениетпен қоса, қазір қайта жаңғыртып жатқан қазақтың төл мәдениеті туралы айту қажет.

Сонда, әр мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін жоғалтпай, оларды белгіі бір жүйеге, топқа келтіруге бола ма ? Бұл мәдениеттер типологиясы туралы мәселе. Және ол мәдениеттенудағы ең келелі мәселелердің бірі юолып табылады.

Типология (Грек тілінен типос – пішін ,үлгі, із және логос – ілім, сөз деп аударылады) деп қазіргі ғылыми әдебиетте зерттеу объектілерін жалпылама үлгі көмегімен талдау, сұрыптау және жинақтау әдістері мен көмегімен талдау, сұрыптау және жинақтау әдістері мен тәсілдерін айтады. Типология, әсіресе , бір-біріне ұқсамайтын, көп түрлі құбылыстармен істес болатын ілімдер реттеу және түсіндіру мақсатында жиі қолданылады. Осы сипатта типологияның ХХ ғасырда жан-жақты дамыған структурализм, жалпы жүйелік ілім мен мәдениеттану сияқты ілімдерде кеңінен қолданылатынын баса айту қажет.

Бұл ілімдерде типология әр түрлі құбылымдылық заңдылықтарды ашу, олардың негізіндегі архатиптерді айқындау, осының нәтижесінде идеалды типтерді құрастыру және оларды салыстырмалы тәсілдермен түсіндіру сияқты ғылыми негізгі әдістерге жатады. Сонымен адамзатқа тән сан алуан мәдениетті зерттеу үшін типология ауадай қажет.

Қазіргі мәдениеттануда типологияның бірнеше баламасы қабылданған.Бұл жерде шешуді қажет ететін мәселе-мәдени типтердің өзара байланысы. Дүниежүзілік тұтас мәдениеттер эволюциясы бар ма?, әлде бар мәдениет оқшау, бір-бірінен алшақтап кете ме? Осы мәдени типтердің

тарихтағы салмағы, оның қосқан үлесі қандай? Неліктен адамзат дамуында белгілі бір мәдени тип алға озып шығады? Ал бұрын гүлденгені, неге кейін солып қалады? Осындай сұрақтарды жалғастыра беруге болады. Енді осыларға түсіндірмелер іздестіріп көрейік.

Осы мәселе бойынша мәдениеттануда, негізінен, үш бағытты бөліп алуға болады. XX ғасыр тарих тұрғысынан мәдениет типтерін, негізінен, біртұтас дүниежүзілік өркениетті қалыптастыру заңдылықтарына сәйкестендіре шешті. Дарвинистік эволюциялық ілім ықпалымен пайда болған бір бағыттық прогрессивтік мәдени даму тұжырымдамасы бойынша әр түрлі өркениет жоқ. Тек бір өркениет сатыларынан өтеді. Бұлай ойлау, әсіресе, марксизм ілімінде анық айтылған (қоғамдық - экономикалық формациялар, спираль түрінде даму идеялары) Гегель философиясына дағы жалпыламалықтың жекелерден жоғары тұрып, оларға үстемдік ету принципі мәдениет типтеріндегі өзіндік ерекшеліктерді елемеге әкеліп соқты.

XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған бетбұрыс осы мәселеге де өз әсерін тигізді. Мәдениеттегі ортақ даму заңдылықтарын логикалық тұрғыдан талдаудың орнына әрбір өркениеттің “көркем өмірбаянын суреттеу” алдыңғы қатарға шықты.

Ресейде де бұл идея XIX ғасырда терең тамыр жайған. Осы ретте орыстың белгілі мәдениет тарихын зерттеушісі Н.Я Данилевскийдің тарихи - мәдени тип іліміне қысқаша тоқталып өтейік. Ол өзінің “Ресей және Еуропа” шығармасында тарихта 13 мәдени типтің болғанын атап өтеді. Осы тарихи-мәдени типтердің арасынан біз түрік халықтарын таба алмаймыз. О Шпенглер сияқты Н.Я.Данилевский де “Орталық Азия халықтары варварлық сатыдан шыға алмады” деген еуроорталықтық шеңберінде қалып қойған.

Әрбір мәдени-тарихи тип оқшау организм тәрізді болғандықтан олардың бір-біріне қарым-қатынасы шектелген, араларында шынайы сұхбаттасу ( диалог) мүмкін Н.Я Данилевскийдің пікірінше, ұлттық мәдениетер шығармашылық (творчестволық) және қатып-сеніп қалғандар (реликтілік) болып бөлінеді. Тарихи қозғалыс нәтижесінде кейбір мәдениет алға озып шығады да, басқалары оларға этнографиялық материал болудан өзгеге жарамайды. Жалпы қалыптасқан мәдениет шамамен 1500 жылдай өмір сүреді, оның мың жылын қалыптасу, нәр жинау, басқалардан оқшаулануды қамтитын этнографиялық кезеңі алса, 400 жыл мемлекеттік кезеңге жатады. Тек соңғы 50-100 жыл ішінде тарихи-мәдени типтезін көрсетеді, тарихта өз ізін қалдырады. Бұл кезеңді Н.Я Данилевский өркениет деп атайды. Бірақ өркениет түбінде этностық мәдениетке орны толмайтын нұқсан келтіреді, оның архетиптік өзегін жегідей жейді.

Әрине, Н.Я. Данилевский тарихи мәдени типтердің арасындағы байланысты мүлдем жоққа шығара алмайды. Оның пікірінше, мәдениеттердің арақатынасының үш түрі бар.

а) жою, тазарту ( мысалы, еуропалықтардың Америкадағы үндістер өрениеттерін мүлдем құртып жіберуі);

ә) будандастыру (Петр 1 еуропалық мәдениет орыс жеріне енгізуі);

б) тыңайту (мәдениет өзінің негізін сақтап, басқалардың нәрімен толығады) Жалпы алғанда көптеген тың пікір айтқанымен, Н.Я. Данилевский мәдениеттер тұтастығын жеткілікті ескермейді.

////////// Мәд. Кіріспе 22—24 б/ Тойнби — жоқ

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап адамзат ғасырлар бойы қалыптасқан. алайда, жауапкершілік пен алапат соғыстардың салдарынан жиі-жиі үзіліп қалған өзінің бірыңғай мәдени бірлігін қалпына келтіре бастайды. Бүкілпланеталық тұтастық идеясы гуманист ойшылдарды тарихтың ішкі мәнісін замандар сабақтастығынан іздеуге ұмтылдырды. Мәдени оқшаулық теориялары өз орнын адамзат өркениеті дамуының біртұтастығы жайындағы ілімдерге бере бастады. Осылардың ішінде белгілі философ-экзистенциалист Карл Ясперстің (1883-1969) белдеулік ( осьтік) уақыт ілімі ерекше орын алады.

К.Ясперстің пікірінше, адамзат біртұтас күйде пайда болған, негізгі даму бағыты ортақ және тағдыры мен болашағы ұқсас. Жалпыадамдық мәдениет өркениеттің қалыптасуына шешуші әсер еткен фактор-тарихтағы рухани даму, құдайлық сенімнің адамдарды баурап алуы. Бірақ, әрбір дүниежүзілік немесе ұлттық тіл дін өзара таластың салдарынан жалпыадамдық наным мен сананы қалыптастыра алмады. Оны тек қана “дүниежүзіліктің тарихтың белдеулік уақытында” пайда болған философиялық сенім тұжырымдады. Бұл-шамамен б.з.б 800 және 200 жылдарды қамтитын уақыт. Осы кезде планетамыздың әр жерінде ( Қытайда, Үндістанда, Персия мен Палестинада, Ежелгі Грекияда) рухани қопарылыс болып, қазіргі адам типі қалыптасты. “Бұл уақытта,- дейді К.Ясперсс одан әрі керемет құбылыстар болып жатты. Қытайда Конфуция мен Лао-цзы өмір сүрді. Мао-цзы,

Чжун-цзы, Ле-цзы және тағыда көптеген философтар өз ойларын дамытты. Үндістанда Упанишадтар пайда болып, Будда өмір сүрді. Осы екі елде де адамзаттың барлық тағдырлық мәселелері пайымдалып, бабына жетті: Иранда – заратуштра жақсылық пен зұлымдықтың арасында толассыз күрес жүретін әлем туралы өз ілімін уағыздады; Палестинадан Илия, Исаяя, Иеремия және Екінші Исаяя пайғамбарлар шықты. Ал Грекия- бұл Гомер мен Парменид, Гераклит, Платон тәрізді философтардың, Фукидид пен Архимед сияқты трагиктердің уақыты” /Смысл назначения истории. М.,1971. С.32-33/.

К.Ясперс ертедегі ұлы мәдениеттердің пайда болуын адамның өзінің әлсіздігін сезініп, осы жағдайдан құтылу үшін рухани күреске шығуы арқылы түсіндіреді. Адамзаттың рухани бірлігі идеясын К.Ясперс мәдениеттер типологиясын талдауға негіз етіп алған. Оны нақтылы көрсету мақсатымен төмендегідей кестені тарихтың түп-тамырлары және оның мақсаты шығармасында ұсынады.

К.Ясперстің схемасының суреті.

К. Ясперстің схема - кестесіне кейбір түсіндірмелер мен ескертпелер.

1. Тарихқа дейінгі кезең біздің заманымызға дейінгі уақытты қамтиды. Оған дейінгі адамзат жазба деректер жоқ. Яғни тарихтың ұзақтығы 5000 жылдай. Тарихқа дейінгі кезеңде өзінің қаабілеттері мен ерекшеліктері жинақталған қазіргі адам қалыптасты. Ол – мәдени архетип, тіршіліктің тірегі; қаншама тарихи апаттар Тарихқа дейінгі кезеңде өзінің қабілеттері мен ерекшеліктері жинақталған қазіргі адам қалыптасты. Ол мәдени архетип, тіршіліктің тірегі, қаншама тарихи апаттар болғанымен, адамзат биологиялық жағынан көп өзгермеді.
2. Біздің заманымыздан 4000 жылдай бұрын жердің 3 аймағында (Шумер – Вавилон – Египет – Эгей әлемі, Инд аңғарындағы арийлікке дейінгі мәдениет және Хуанхэдегі архаикалық Қытай) бір-бірімен қатар ертедегі Ұлы мәдениеттер пайда болды. Алғашқы мәдени типтердің пайда болуына негіз салған төмендегідей факторларды айта кеткен жөн.
  - а) Ніл, Тигр, Евфрат, Хуанхэ және Инд аңғарларына ирригациялық жүйелерді ұйымдастыру;
  - ә) жазуды ойлап табу, ол суреттеік жазудан (пиктограмма), сыналық және иеорглифтер арқылы алфавиттік (идеограммалық) жазуға ауысты;
  - б) ортақ мәдениеті, тілі, мифтері бар, өздерінің бірлігін пайымдайтын халықтардың пайда болуы;
  - в) мемлекеттер мен қалалардың қалыптасуы.
3. Белдеулік уақыт адамзатты біртұтас тарих ағынына қосатын желім (фермент) болып табылады. К. Ясперстің пікірінше белдеулік халықтарға қытайлар, үнділер, ирандар, иудейлер және гректер жатады (Смысл и назначение истории. М.,1991. С.76).

## 2. Әлемдік мәдениеттер мен өркениеттер

### 2.1. Ежелгі дәуір мәдениеті

Қазіргі мәдениет пен өркениет өмірге келе салған жоқ. Ол табиғаттың да, қоғамның да ерекше бір құдыретті күштің де адамға бере салған сыйы емес. Адамдық мәдениет-мыңдаған, тіпті миллиондаған жылдар бойы оның талмас ізденісінің, рухани жетілуінің, әлемдегі ұтыстары мен күйзелістерінің жемісі.

Біз кімбіз және қайдан келдік? Тарихтың сонау ертедегі бастауларында не нәрсеге ұмтылдық және нені армандадық? Қандай оқиғалар мен себептер бізді адам дәрежесіне көтерді? Адамзатта діл, тін ақыл-парасат қалай пайда болды? Осы сияқты әлі толық жауап жоқ және жауап табу мүмкін де емес т.б. сұрақтар адамзатты ғасырлар бойы толғандыруда. Ежелгі дәуір мәдениеті туралы айтатын тұжырымдарымыз сондықтан болжамдар мен пайымдаулар нәтижесінде.

Сонда да қазіргі ғылым адам мен мәдениеттің қалыптасуы туралы бірталай деректерді жинақтаған. Ең алдымен осы адамзат өмірінің басталуын уақыт тұрғысынан бағалап көрейік. Антропосоциогенетика (адам мен қоғамның пайда болуы туралы ілім) бойынша адамзаттың қалыптасуы шамамен 3 кезеңнен тұрады.

1. Адамның биологиялық эволюциясы. Ол осыдан 20-25 миллион жылдар бұрын басталып (дриопитик, рамапитек), 3-4 миллион жылдар бұрын аяқталды.

2. Бұдан 3-4 миллион жыл бұрын жер бетінде, зор геофизикалық өзгерістер болды (радиация мұздану т.б.) Ертедегі тұқым қуалу механизмдеріне мутациялық өзгерістер еніп, адамның маймыл тәріздес тектері биологиялық бейімделу шеңберінен шыға бастады. Шығыс Африкадағы әкелі-балалы Ликилер тапқан зинанджтроптардан бастап, адамзаттың әлеуметтік дамуы бірте-бірте биологиялық факторларды ығыстырды. Бұл ретте алғашқы адамға қарай бет бұрған австролопитектердің тобылық өмір сүруі ерекшеліктерін, олардың қолынан шыққан еңбек құралдардың, ой арқылы жасалған жасанды заттарды, тілдің, қарапайым сананың, дін мен өнердің алғашқы түрлерін атап өтуге болады.

Мәдениеттің қалыптасуына үлкен әсер еткен факторлардың ішінде қарапайым адамгершілік принциптерінің маңызы зор. Мысалы, қан алмасушылыққа (инцесске) тыйым салу, некелік қатынастарды реттеуге, оның аналық рудың пайда болуына негізгі себеп деу керек. Сол сияқты қандастарын өлтіруге тыйым салыну, әлсіздерге көмек беру де мәдениет бастамасында жатыр. Әрине, бұл кезеңде биологиялық эволюция тоқтаған жоқ, алайда онымен қоса адамзаттың мәдени - әлеуметтік дамуы басталды.

3. Осыдан шамамен 40 жылдай бұрын қазіргі адам-гомо спиенс (ақылды жан) қалыптасты. Сыртқы ортаға бейімделудің орнын мәдениет ауыстырды. Тура мағынасында алғанда, ежелгі дәуір мәдениеті осы кезден алғашқы өркениеттер қалыптасқанға дейінгі уақытты қамтиды (б.з.б. 1У-Ш мыңжылдықтар)/

Ежелгі дәуір мәдениетін барлық халықтар мен этностар өз басынан өткізді. Тіпті ХХ ғасырда әлі тас дәуірінің шеңберінде қалып қойған адам топтарын кездестіруге болатын еді. Этнографиялық деректерге сүйене отырып, ежелгі дәуір мәдениетінің кейбір ерекшеліктеріне тоқталып өтейік.

Біріншіден, ғасырлар сабақтастығы адамның өз басынан айқын көрінеді. Миллиондаған жылдар бойы биологиялық дамудың нәтижесінде ерекше тұлға организм қалыптасты. Адамның тән сұлулығына оның рухани сұлулығының сәулесі түсіп тұр. И.Г. Гердердің тілімен айтқанда, адам барлық жануарлардың қасиеттерін өз бойына жинақтаған ең нәзік форма, әлемнің тұтқасы болып табылады.

Ғасырлар биігінен ежелгі дәуір мәдениетін төмендету ақиқатқа сәйкес келмейді. Ежелгі дәуір мәдениетінің дүниетанымы – миф. Ежелгі миф-аңыздар алғашқы адамдардың тіршілігінің маңызды белгісіндей, олардың рәміздік мазмұны арқылы адамзат қоршаған ортаны әрі, игерді, әрі түсінді. Алғашқы діндер (анемизм, тотемизм, фетишизм) мен әфсаналарға (мифтерде) адам мен табиғаттың арасындағы бірлік ерекше жоғары дәріптелді. Екіншілік пен бақташылық, тіпті қолөнердің өзі ежелгі дәуір мәдениетінен табиғатпен сырлас болуды талап етті. Скиф, сақ өркениетіндегі “хайунат стилі”, қытайдың инь, ян бастамалары. Египет пен Шумердегі өліп, қайта тірілген құдай туралы аңыздар табиғатпен үйлесімділікке шақыратын рәміздер. Белгілі мәдениет тарихшысы Эдуард Бернетт Тайлор (1812-1917) мифтердің мынадай түрлерін атап өтеді.

1. Философиялық немесе түсіндірмелік мифтер.
2. Нақтылы, бірақ бұрмаланған деректерге сүйенген мифтер.
3. Тарихи және аңыздық тұлғалар туралы мифтер.

## 2.2. Алғашқы өркениеттер

Ежелгі дәуір мәдениетіне қарағанда алғашқы өркениеттер ғылымда тереңірек және жан-жақты зерттелген. Бірақ бұрын айтып кеткеніміздей, осы өркениеттер жөнінде еуропаорталықтық көзқарастар мәдениеттер типологиясында басым. Ертедегі Шығыстағы өркениеттер жөнінде А.Тойнби мен О. Шпенглер де, Н.Данилевский мен И.Гердер де біршама жаңсақ пікірлер айтады.

Адамзат тарихында өзінің өшпес ізін қалдырған кейбір ұлы мәдениеттерге тоқталып, оларды аксиологиялық сынақтан өткізейік. Дүниежүзілік өркениеттердің ішіндегі алғашқылардың бірі және мыңдаған жылдар бойы сүргені- Египеттің ертедегі өркениеті. Бұл қоғам Ніл өзенінің төменгі аңғарында б.з.б. 1У-Ш мыңжылдықтар аралығында пайда болып, б.з.б. 322 жылы Александр Македонский жаулап алғанға дейін әрекет етті.

Египеттік өркениеттің пада болуы туралы ғылымда әр түрлі пікірлер бар. Тойнби бойынша, афроазиялық далада өмір сүрген тағы тайпалардың бір бөлігі шөлдің қатал талабына орай көшпенділерге айналған, ал тағы бір бөлігі Ніл , және Екіөзен аңғарларын игеріп, егіншілікті меңгерген. Кейбір мәдениет тарихын зерттеушілер египеттік мәдениетті ғарышкерлер орнатты немесе Атлантида мен Еуропадан келді сияқты пікірлер туғызды. Бірақ соңғы кездегі зерттеулер египеттік мәдениеттің африкалық түп-тамырларына басты назар аударады. Африка жерінде тек Египет өркениеті ғана болған емес. Куш, Нубия, Гана, Нок, Санга сияқты мәдени бірлестіктердің болғаны жоғарыда айтылғанға дәлел.

Б.з.б. 3000 жылдай бұрын Египетте біртұтас мемлекет орнықты. Өз өркениетін египеттіктер құдайдың әмірімен қалыптасты, Қасиетті тәртіп пен ақиқат (Маат) алғашқы ретсіздіктен адамзат қоғамында жоғары үйлесімдікке әкелді дейді. Египеттіктер осы реттілікті әділеттілік және заңдылық деп түсінген, оның негізін құдай және құдайдың жердегі өкілі фараон қалайды. Ертедегі египеттіктер үшін құдайлар, тек қалалар мен номдарды (аудандарды), тәртіп пен заңдылықты жасаушылар ғана емес, сонымен бірге өнер мен мәдениетті, ғылым мен магияны, жазу мен қолөнерді өмірге келтірушілер. Ақылдылық құдайы – Тоту ертедегі Египет өркениетінің кепілі ретінде бағаланады.

Египет мәдениетінің тарихтағы өшпес ізі пирамидаламен байланысты. Оларды салудың негізгі мақсаты фараондардың ерекше құдайылық құдіреттілігін дәріптеумен қатысты. Әлемнің жеті кереметінің бірі пирамидалар бізді, бір жағынан, адамның қолымен жасалған туынды ретінде таңғалдырса, екінші жағынан, осыншама күш-қайрат неге нақ осыған жұмсалды деген сұрақ туғызады. Египет мәдениетінің тағы бір ерекшелігі геопольдік теологиямен белгілі. Күн (Ра)-құдайлардың құдайы, ол алтын ұғымымен қосылып айтылады (алтын нұр шашқан күн) , ал Фараон өзін Раның ұлымын деп дәрежелейді. Египеттіктер Рамен қоса о дүниенің патшасы , адамдар тағдырын шешуші, өліп, қайта тірілген құдай Осирисі де пір тұтқан. О дүниені египеттіктер мәңгі маужыраған, ұйқы басқан; не су, не ауа, не махаббат ләзаттары жоқ күңгірт қапас әлемі бейнесінде түсінген. Айталық, “Арфист” әні атты көне ескерткіш туынды өлім туралы ойламай, ешкім қайтып келмеген бақи дүниені аңсамай “әр тамаша күнді қуана қарсы алуға шақырды”.

Классикалық египет мәдениеті, әсіресе, Орталық патшалық (б.з.б. ХХП-ХУШ ғасырлар) кезінде өзінің шарықтау шегіне жетеді. Осы уақыттағы пирамидалар өзінің аумақтығы жағынан ертедегі патшалықтар тұсындасалынғандардан шағын. Бұл кезде египеттіктердің техникалық жетістіктері Фаюм оазисіндегі суару жүйелерін жетілдіруге, млнументалдық құрылыстарда жаңа саулеттік формалар іздеуге бағытталды (лабиринт, күн храмдары, Нефертити кескіндемесі т.б.).

Египет Шумер мен қатар адамзат тарихындағы алғашқы жазудың отаны. Тасқа қашалған петроглифтерден пиктрограммалық (суреттік) жазуға, одан қазіргі идеограммалық (мағыналық) жазуға ауысудағы жалғастық бір буын – египет иероглифтері. Иероглифтік жазу құдайдың сөзі деп есептелініп, қоғамдық өмірдің тірегіне айналды.

Египет мәдениеті, кейін христиандар мен мұсылмандар қаншама бекергешығарғандарымен жойылып кеткен жоқ. Оның әсері дүниежүзілік өркениетте өзінің өшпес ізін қалдырды.

Дүниежүзілік өркениеттің тағы бір бастауы аты аңызға айналған Шумер мәдениетінен нәр алады. Афроазиялық даланың қатал табиғаты шумерлердің арғы ата-бабаларын Тигр мен Ефрат өзендерінің аңғарларына қоныс аударуға мәжбүр етті. Жалпы мәдениет тарихшылары шумерлер кімнен шықты және қай тіл тобына жатады деген мәселел төңірегінде бір тоқтамға келе алмай жүр. Соңғы зерттеулер шумерліктерді протоалтайлық этнос деп есептеуге негіз береді.

Аталған өркениетті шумерлік бір аңыз өзінше түсіндіреді. Алғашқы хаос ретіндегі жойқын су тасқынының иесі албасты әйел Тиамат құдайлады құртқысы келді. Оған қарсы шыққан бас құдай Марфук бұл албастыны өлтіріп, оның билігіндегі әлемнің астыңғы жағынан жер қабатын, ал жоғарғы үстіңгі жағынан аспанды жасайды (Көне түріктердің Көк тәңірі, Иер-Су, Ұмай аңызымен салыстырыңыз). Осы аңыздан шумерліктердің шөлді игеріп гүлденген өз жерін жасағандығы да көрініп тұр.

Шумерлердің тағы бір аңызы дүниежүзілік алапат тасқын туралы. XX-ғасырдың 20-30 жылдары Шумер қалаларының орнын қазған археологтар б.з.б 4-мыңжылдықта ол жерде болған су апатының іздерін тапты. Аңыз бойынша ақылды патша Знусудра. Эпики атты құдайдан су тасқыны туралы ескерту алып, үлкен кемені дайындап адамзатты құтқарады.

Египеттен бізге пирамидалар жетсе, шумерлер адамзат тарихында өздерінің сыналық жазуымен құрметті орын алады. Екіөзен аңғарынан табылған саз балшық тақтайшаларындағы 1.5. миллиондай жазу әлем музейлерінде сақтаулы тұр. Месопотамиялық жазу иероглифтер сиқты алдымен пиктограммаларды ыңғайлап, ықшамдау, нәтижесінде қалыптасты. Алғашқы шумерлік сына таңбалардың саны 1,5 мыңдай еді, кейін Вавилонда олар 300 шамасында тұрақтанды.

Сына жазу арқылы бізге жеткен адамзат мәдениетінің тамаша үлгісінің біір-ақкадтық “Гильгамеш туралы аңыз”. Онда адам өмірінің мәні мен маңызы туралы мәселе қойылып, өлім мен өмірдің арақатынасы жөнінде философиялық толғаулар айтылады. Яғни, сонау Шумер өркениетінен бастап, адамзат өмірдің шектеулілігінен мәңгілікке қарай ұмтылды. Қазіргі мәдениетте шумеро-вавилондық математика мен астрономия өз ізін қалдырды. Біз әлі күнге дейін шеңберді 360 градусқа, сағатты 60 минутқа 60 секундқа бөлген шумерлік есептеу жүйесін қолданамыз.

Шумер өркениетінің тағдырына келсек, осы мәдениет иелері шумерліктерді басқа халықтар жаулап алғаннан кейін де жоғалып кеткен жоқ. Шумер жерін б.з.б. 3-мыңжылдықтардың аяғында семит тайпалары ақкадтықтар жаулап алғаннан кейін Вавилон, Ассирия мемлекеттері орныққаннан соң да шумер тілі діни-мәдени құрал ретінде өз мағынасын сақтап қалды.

Әлемдік өркениеттер тізбегінде ерекше орын алған, Батыс пен Шығысқа бірдей үлкен ықпал жасаған ертедегі мәдениеттің бірі-Иран өркениеті. Ол Афроазия мен Еуразияның арасындағы көпір тәрізді. Иран өркениетінің пайда болуы б.з.б. 3-мыңжылдықтағы күрделі тарихи-мәдени қозғалыстарға байланысты.

Бұл ретте Иран өркениетінің қалыптасуына шешуші ықпал еткен факторлардың ішінде халықтар мен тайпалардың қоныс аударуын баса көрсеткен жөн. Б.з. 2 мың жыл бұрын арийлік тайпалар Еуразия даласынан қазіргі Иран мен Үндістан жеріне басып кірді. Батыс Иран жеріне негізінен парсы және мидиялық тайпалар орнықты. Алайда Иран мәдениетінің бастауын тек үндіеуропалықтарға тіреген сыңаржақтылық болар еді. Иран мәдениеті Шумер өркениетінің әсерімен қалыптасқан. “Иран – дейді А.Тойнби- шумерлік өркениеттің екінші үйі болып табылады”. Иран өркениетінің гүлденген уақыты б.з.б. У1-1У ғасырдағы Ахеменидтер мемлекетімен қатысты.

Иран өркениетінің негізгі тірегі – зороастризм діні. Ол тек таза діни сенім-наным жүйесінен терең философиялық, дүниетанымдық мәдени феноменге жақын. Зороастризм антикалық дүниенің философиялық жүйелерінің қалыптасуына, христиан және ислам діндерінде жорамалдық ілімдерге үлкен әсер етті.

Зороастризм негізін салушы Заратуштраның өмірі мен ілімі туралы ғылымда әр түрлі пікір бар. “Заратуштра” (грекше Зороастр деген сөз) “түйелі адам”, “түй жетектеген” адам деген мағына береді. Сондықтан қазақ философы Ағын Қасымжановтың Заратуштра көшпелі тайпасына шығып, кейін өз елінде қуғынға түскендіктен шығыс-ирандық патша Виштаспаның қол астына ауысқан деген сөзінің жаны бар. Зороастризмнің қасиетті кітабының аты – “Авеста”. Оның ең көне бөлігі “Гат” деп аталады және Заратуштрамен тікелей байланыстырылады.

Зороастризм бойынша, әлемде бір-біріне қарама-қарсы екі негіздің- жақсылық пен игіліктің құдайы, нұрдың, өмірдің, ақиқаттың рәмізі Ахира-мазда мен зұлмдықтың белгісі, қараңғылық пен өлім таңбасы. Анхра- Майньюдің арасында толастамайтын күрес жүріп жатады. Өз қарсысына қарсы күресте Ахура-мазда адамды жаратады. Адам құдайлық туынды, алайда өз өмірінде жақсылық пен жамандықты таңдауға ерікті.

Осы діннің аңыздары болашақ туралы күрделі ілімді уағыздайды. Дүниежүзілік тарих, дейді олар, 12 мың жылға созылады, оның 3 –мың жылы “алтын ғасыр” еді. Ол кезде “қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман” болды, ауру да, өлім де, аштық та адамды қинамады. Бірақ алтын ғасырдың аяғында Анхра-Майнью келіп, адамзатқа аштық, ауру және өлім әкелді. Алайда, Заратуштра руынан құтқарушы (саошьянт) шығып, түбінде зұлмдықты жеңеді, әділетті Ахура-Мазданың патшалығы мәңгі орнайды.

Иран өркениетінің тағы бір жетістігі- ондағы ескі парсылық сыналық жазу. Вавилондық сына жазуда 300 таңба болса, парсыларда қазір бар-жоғы 43 таңба қалған. Осы жазудан біз Дарий патшаның бұйрығымен Нілден Қызыл теңізге дейін канал қазу басталғанын білеміз. Иран мәдениеті ай күнтізбесін (календарын) қолданды, ол Күнтізбесінен 11 күн кем болды және әр айдың аты ауыл шарушылық маусымдық жұмыстарымен байланыстырылды. Қазақтардың ай аттары осы парсылық күнтізбемен сабақтас. Пасаргад, Персопль, Суза қалаларында ертедегі Иранның тамаша сәулет өнері өз кемеліне жетті. Сол кезде салынған сарайлар мен өнер туындылары көрермендерді әлі күнге дейін таңғалдырады.



### 2.3 Үнді-будда мәдениеті

Жер шарындағы қасиетті де, құдыретті мәдениеттердің бірі - Үнді мемлекетінде қалыптасып өркендеген үнді-будда мәдениеті. Үнді елінің ғасырдар бойғы мәдени дәстүрлері оның талантты халқының діни-сана-сезімінің қалыптасып дамуымен тығыз байланысты болды.

Үнді жеріне келген арийлер өздерімен бірге б.з.б. 2000 жылы шыға бастаған көне мәдени мұралардың бірі- Ведаларды ала келіп, оны жергілікті халықтың арасына кеңінен тарта бастады. Ведалар дегеніміз – діни сарындағы дұғалардың, құрандардың, құрбандық шалу кезінде айтылатын суреттемелердің, табиғаттың поэтикалық бейнесінен хабардар ететін өлеңдердің жиынтығы. Үндінің атақты жазушысы Рабиндрант Тогор ведалық гимндерді “Халықтың қуаныш-шаттығы мен оның өмірге деген сүйіспеншілігі мен қорқынышының поэтикалық куәгері” деп өте жоғары бағалаған болатын. “Жаратушы әні” гимнде бізді қоршаған дүние былай деп сипатталады Ең алғашқы кезеңде дүние Хаос жағдайында болды. Бірақ уақыт өткен сайын адамзат баласының тіршілік етуге деген құлшынысы байқалды, соның нәтижесінде жарық, одан кейін аспан мен су патшалығы пайда болды. Міне дәл осы кезден бастап жер бетінде тіршілік қалыптасты, ал құдайлар дүние жаратылғаннан кейін барып пайда болды.

Шамамен б.з.б. 6000 жылында қалыптасқан упанишадтар үнді – арийлердің діни көзқарастарының дамуындағы басты қадам болып саналады. Өйткені, упанишадтар адамның ішкі жан дүниесі, оның өмірінің мән-мағынасы, адамды ақиқат пен шындыққа апарар жолдар мен олардың бұл өмірдегі маңызы, өлім мен мәңгілік ұмыр жайындағы діни-философиялық толғауларға толы болып келеді. Ең бастысы – упанишадтарда Брахман мен атман идеялары кеңінен көрініс тапқан Брахман-абсалютті шындық, абсалютті руханилық, бұл дүниеде одан тысқары ешнәрсе жоқ, олай болса бізді қоршаған ортаның мәні де осы Брахманда. Ол Атман болса осы жағдайларды ескере отырып- жеке тұлғаны мойындау. Упанишадтар діни-философиялық ой-сананың дамуына түрткі болды, сөйтіп көп ұзамай-ақ оның алты мектебі қалыптасты.

Үнді-будда мәдениетіне тән қасиет дін мен философияның өзара тығыз байланысты болып, ұштаса білуінде. Бұл туралы Гегель былай деп жазды: “Үнді мәдениеті- жоғары дамыған сан-салалы құдіретті мәдениет, бірақ олардың философиясы дінмен сабақтас, өзара тығыз байланысты болып келеді. Философия ғылымы айланысатын мәселелерді діннен де көптеп кездестіруге болады. Сондықтан да болар, ведалар – діннің ғана негізі емес, сонымен қатар философияның да негізі болып саналады.” (Гегель Соч.Л., 1972. Т.9.С. 116)

Бір-бірімен өзара тығыз байланысты, ірі табиғи барлікте болуына қарамастан үнді философиясының алты классикалық мектебі де адамның әлемге дүниесінің қарым-қатынастарының сан-саласын қамтып, танып-білудің түрлі әдістерін қарастырады. Мысалы “миманса” - діни салт-жораларды түсіндірумен айналысады және діни құрбандықтар шалуды жақтайды. Құрбандық шалу – адамның құдай алдындағы өз парызын (дхарма) өтеуі болып санлады онсыз “карманың” құрсауынан адам еш уақытта шыға алмайды. “Карма” бүкіл үнді мәдениетінде айрықша орынға ие болған. Кең мағынада алғанда карма дегеніміз - әрбір адамның тіршілікте жасаған іс-әрекеттері мен оның салдарларының жиынтығы осы арқылы оның болашақтағы тағдыры анықталады ал тар мағынасындағы карма-адамның тіршіліктегі жасаған іс-әрекеттерінің қазіргі өмірі мен болашағына әсері.

Кей жағдайларда жоғарыда атап көрсеткен “мимансаны” атеистік ілімге де жатқызады өйткені ол дүниенің атомдардан тұратындығын мойындайды. Сөйтіп дүниені материалистік ұрғыдан сипаттаудың арқасында Құдайды мойынаудың мәні жойылды.

“Веданта” брахманизмде ерекше орын алады. Тіпті қаншама ғасыр өтсе де оның бүгінгі таңда да көптеген жақтаушылары бар. XX ғасырда Веданта мәселелерімен үндінің ғалымы Вивеканада ал XX ғасырда Р.Тогор тіпті мемлекет қайраткері Д. Нерудің өзі де айналысқан. Веданта дүниенің жаратылуын Брахманмен байланыстырады. Бұл күйді Атман деп атайды ол адамды ажалдан құтқарады. Сөйтіп өліп тара жатқан тіршілік иесі қайтадан жаңғырады.

“Санхья” материалдық дүниені де рухани дүниені де мойындайды. Бұл ағым бойынша материя үнемі қозғалыста және тәуелсіздік жағдайында өмір сүреді бірақ ешнәрседен бейхабар күйде болады. Рухани дүниенің енжарлығы басым бірақ бұл жерде саналылық басымдылық танытады. Ендеше материя мен рухты яғни “соқыр” мен “ақсақтың” бастарын біріктірсе олардың бойындағы кемшіліктер мүлде жойылады сөйтіп бұл дүниеде жаңа құбылыстар пайда болады адам бейнесі қалыптасады. Оның тәндік болмысына қайғы-қасіреттер жазылған ал одан арылу үшін руханилық материалдықтан бөлінуі шарт. Бұл - өмірге келу мен өлімдер тізбегінің торынан шығып нағыз бостандық пен әділеттілікке жету жолы. Санхья будда дінінің идеялық жағынан қалыптасуына да үлкен ықпал жасады. Осы бір орайда иогтардың ерекше рухани жағдайға жетудің өзін-өзі шектеу /аскетизм/ және қалыпты жағдайдан мүлде басқаша көңіл күйде болу және



т.б. жатады Үнді поэзиясының тамаша туындысы “Махабхараттада” санкхья ілім мен иог тәжірибелерін өзара байланыстырып біріктіру қажеттігі атап көрсетіледі. Иогта психикалық белсенділікті шектеп басу тәсілдері мен кез келген ақыл-ой қызметін тоқтату әдістерін қолдануға ерекше назар аударылады. Демек иогтардың шынайы дарындылық қасиеттері мен құдіреттен басым түсу қабылеттерінің сыры осы бір жағдайларға да байланысты болып келеді.

“Ньяя” логика заңдарына сүйенеді оны ұғынып-білу-адамның жан дүниесін тазартуға себепкер болатын ой-пікірлердің қалыптасуына көмектеседі. Ньяя негізінен брахманизмнің соңғы жүйесі – вайшешикаға жақын болып келеді.

“Вайшешика” адам өміріне пайдалы шындықтың алты түрін көрсетеді (субстанция сапалылық іс-қимыл(карма), жалпылық, ерекшелік, мәнділік). Вайшешика бойынша, физикалық дүние атомдардан тұрады және ол мәңгілік болып санлады. Бірақ физикалық дүние атомдардан тұрағанымен, оның басты қозғаушы күші карма заңдарына сәйкес әрекет ететін құдай болып саналады.

Брахманизмде о дүниемен салыстырғанда адам өмірінің өткінші екендігі және оның мәнсіздігі туралы идеялар басты орын алған. Адамның о дүниедегі тағдыры оның бұл дүниелік ғұмырындағы адамгершілік іс-әрекеттеріне байланысты. Ендеше, бұл дүниеде күнәкар болғандар атап айтқанда адам өлтірушілер-жыртқыш аңдарға, ет ұрлаушылар - қаршығаға, астық ұрлаушылар- сабауқұйрыққа, брахманды өлтірушілер- ит пен есекке, ал маскүнемдікке салынған немесе ұрлық жасаған брахманның өзі де сарыбас жыланға айналады.Брахмандарды сыйлап - құрметтеу, күншіл болмау, адамның өзін-өзі ұстай білуі, мейірімді болу және т.б. қасиеттер қоғамның әрбір мүшесінің өз орнын табуына мүмкіндік беретін басты шарттар болып саналады.

Б.з.б. У1 ғасырда үнді елінде, кейіннен дүниежүзілік дінге айналған, булуда діні қалыптаса бастады. Оның негізін қалаушы ханзада, кшатрийлер варнасына жататын Будда болоды. Оның шын аты-Сиддахартха, ал оның анасы әйел патша Майя еді. Ұлы ханым Майяның шапағаты жер жүзіне тарады, оның жүрегінің тазалығы, өз-өзіне сенімділігі, парасаттылығы мен салмақтылығы, бұл қасиетті ананың қадір-қасиетін арттыра түсті.

Буддизммен қатар джайнизм ағымы да дами бастады. Оның негізін қалаушы – Махавира (Вардамана)болады. Бұл сектаның жолына түсушілер кармадан азат болудың басты құралы ретінде-аскетизмді насихаттады.Нағыз джайнистердің фанатизмінде шек болмады. Олар бұл өмірдің барлық рахатынан саналы түрде бас тартты, басқаны былай қойғанда, олар өмірлерінің соңғы сәттерінде тамақтанудан да бас тартты. Джайнизм брахманизммен ымраға келудің арқасында осы уақытқа дейін Үнді мемлекетінің қоғамдық-саяси өмірінде өз ықпалын сақтап отыр. Махавираның жолына түскендер негізінен-саудагерлер болды.

Будда өзінің діни уағыздарында брахманизиді де, джайнизмді де сынға алады. Брахманизмдегі байлық пен сән-салтанатты өмірге бойұрушылық,

Ал джайнизмдегі аскетизм Будданы қанағаттандырмады, сондықтан да ол орталық межені қалап алады. Ол өзінің негізгі діни көзқарастарын “Бенерес уағыздары” атты еңбегінде жүйелі түрде баяндап берді. Онда былай делінген: “Рухани тіршілігі таза адам бұл өмірде екі нәрседен арасын аулақ салу керек. Оның біріншісі-сауық-сайран мен дкманды қызыққа толы өмір, бұл адамның рухына қарама-қайшы келетін бишаралық, өткінші өмір, ал екіншісі- ерікті түрде қалап алынған азапты, қатыгез өмір, бұл өмірде мәнсіз, мағынасыз. Рухани дүниесі бай адамдар өмірдің аталған екі жағынан да өздерін алшақ ұстағандары жөн. Ең бастысы, адамдар танымға, білімге бастайтын, олардың ақыл-ой өрісін кеңітетін дұрыс жолға түсулері қажет”.(Попов Е.В. Введение в культурологию.М., 1995. С.167). Бұл жол тармақтары көп сегіз салалы жол. Олар адал, сенім, әділ шешім,шындық сөз, шындық өмір, шыншыл ұмтылыс, шындықпен еске алу және адамның өз бойындағы қасиеттерін үнемі байыту болып табылады.

Буддизм бойынша, өмірдің азаптары жайындағы қасиетті шындық мынандай: өмірге келу – азап, көздеген мақсатына жете алмау – азап. Ал аталған осы азаптардан құтылудың басты жолы – сегіз салалы қасиетті өмір жолын т аңдап алу.

Будда ілімі адам бойындағы ізгілік, адамгершілік қасиеттерді одан әрі дамытуды насихаттайды. Онда былай делінген: “Бұл дүниеде өшпенділіпен жеңуге болмайды, адам ашу-ызасын ақылға жеңдіріп, зұлымдықты қайырымдылықпен ауыздықтауы қажет. Ұрыста мың адамды жеңіп шығуға болады, ал нағыз жеңіс адамның өзін-өзі жеңіп шығуы болып табылады”.

Будда дін жолына шын берілген адамдарды төрт қағиданы мүлтіксіз орындауға шақырады. Олар: зұлымдықтың алдын алу, зұлымдық пен қатыгездікке жол бермеу, ізгілік пен қайырымдылыққа даңғыл жол ашу, адамгершілік қасиеттерді батыл қолдау.

Будда ілімі үнді халқының сүйіспеншілігіне бөленіп, кең қолдау тапты. Будда өз шәкіртіне арнаған сөзінде былай дейді: “Сендер бұл ілімді дүниежүзінің барлық елдеріне таратыңдар. Оларға кедейлер мен бұл өмірден жәбір көрушілердің, байлар мен тектілердің бірдей екендігін, күндердің күнінде үнді қоғамындағы барлық касталардың осы діннің ту астына бірігетіндігін халыққа

түсіндіріңдер.” Шындығында да, будда дінін әлемнің көптеген халықтары мен қоғамның түрлі топтары шын ықыластарымен қабылдады. Адамзат дүниесіне, адамға және оның жасампаздық іс-әрекеттеріне құрметпен қарап, зорлық-зомбылық пен қатыгездіктерден бас тартуға шақырып, адамгершілік пен ізгілік принциптерін алға тартқан бұл дін Үндістан мен Қытайда, Тибет пен Жапонияда, Непал мен Тайландта, Цейлон мен Вьетнамда, Монғолия мен Комбоджада кеңінен тарап, миллиондаған халықтың құрметіне бөленеді.

Будда дінінің кеңінен талралуы жағдайында оның екі тармағы өмірге келді. Оның біріншісі – махаяна, Бирма мен Тайландта, ал екінші тармағы-хинаяна Цейлонда қалыптасты.Махаянаның қалыптасып, дамуына ерекше еңбек сіңірген Нагарджуна болды. Будда дінінің бұл салалсында Будда құдай дәрежесіне жеткізіліп, оған құдайдай табыну уағыздалды. Ендігі жерде адамдардың барлық саналы іс-әрекеттері Буддамен байланыстырылды. Мұндай жағдай, брахманизмге білдірілген үлкен құрмет болатын, сөйтіп буббизм үнді халқының бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі діндермен одан әрі жақындаса түсті.

Қытайда будда дінінің идеялары б.з.б. 1-ші ғасырды тарай бастады. Будда дінімен бірге Қытайда үнді өнерінің де ықпалы күшейе бастады. Ол Қытай ғана емес Кореяға, одан әрі Жапонияға да қанатын кең жайды.

Тибетте буддизм ламаизм түрінде қалыптасты. Ламаизм бойынша жоғарғы шіркеу қызметкерлері құдайдың сүйікті құлдары болып саналады, ал монахтар (ламдар) діндер адамдарға ұстаздық етумен айналысады.

Қытайда буддизм конфуцийлік-даосистік дінмен қатар өмір сүрді. Буддизм мен дасосизмнің өзара ұштасуының нәтижесінде дзэн-буддизм ағымы пайда болды. Сыртқы дүниені менсінбеушілік, жеке бастың мәселелеріне баса назар аудару, интуитизм бұл ағымның басты белгілері болып табылады.

“Дзэн-буддизм” кейіннен Жапонияға да тарай бастады. Жауынгер-самурайлардың ықпалымен бұл ілімде әскери өнерге айрықша мән беріліп, ал адамның жан-жақты жетілуінің тез жүзеге асырылатын төте жолы деп тұжырымдалды. XX ғасырдың ортасына қарай дзэн- буддизм Батыс Еуропа елдеріне де тарап, өзінің өміршеңдігін байқата бастады.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, махаяна үнді халқының дәстүрлі діни наным-сенімдеріне өте жақын болып шықты. Әрине, буддизмнің пессимистік сарыны үнді халқына ұнаған жоқ, шындығында, халыққа брахманизмнің жарқын идеялары одан гөрі жақындау болатын. Бірақ, бұл жағдайға қарамастан үнді қоғамы буддизмнен де мүлде бас тартқан жоқ. Сөйтіп буддизм мен брахманизмнің біраз қағидаларының өзара сабақтастығының нәтижесінде жаңа индуизм ағама пайда болды.

Әкімет тарапынан барынша қолдау тауып, қаншама шіркеуле тұрғызып, үнді қоғамында айрықша беделге ие болған будда дінінің өз позициясын (беделін) ешбір қарсылықсыз индуизмге бере салуын қалай түсіндіруге болады екен ? Бұл сұраққа мәнді жауап беру үшін будда дінінің рухани дәстүрлерін әлеуметтік негіздерімен толығырақ танысуымыз қажет. Үнді еліне келген арийлер варналарға бөлудің (брахмандар, кшатрийлер, вайшылер және шудралар) негізін қалады, ал құлдар мен шетелдіктер варналарға кірмеді. Варналарға бөлу- үнді қоғамының негізі болып табылатын село қауымының беделін бұрынғыдан да көтере түсті. Оларды ақсақалдарбасқарды, қауымдар өз іштерінде туындаған мәселелерді өздері шешті және әкіметке белгілі бір мөлшерде салық төлеп тұрды. Әкімет тарапынан болатын озбырлықтардан оларды қатаң діни наным-сенімдер, салт-дәстүрлер және т.б. қорғап қалып отырды. Мұндай қауымдар шаруашылығы-натуралдық шарушылық болды, онда жалдамалы еңбек кеңінен қолданылды. Қауымдар өмірінің тұйықтық сипатта болуы, олардың саяси қақтығыст ар мен толқулардан тысқары қалуларына себепкер болып отырды. Қауым басшылары өзгеріп отырғанмен, қауым тіршілігінің қаймағы бұзылмады. Бұл жайында Д.Неру былай деп жазды: “Үндістанның саяси құрылымының негізі- өзін-өзі басқаратын село қауымы болды. Қоғамдағы өзгерістер бұл құрылымға ішінара өзгерістер енгізгенімен, оның тамырына балта шаба алмады. Ел билеушілерінің бірде біреуі село қауымының құқығын бұза алмады және оларға берілген жеңілдіктерді орындауға мәжбүр болды” (Неру Д. Открытие Индии.Кн М.,С.223-224)

Мемлекеттің басшылық орындарында кшатрийлер отырды, бірақ олардың билігін селолық қауымдар дер кезінде тежеп отырады. Әрі діндар, әлі білімді брахмандар кшатрийлерден жоғары тұрды және қоғамда үлкен роль атқарды. Демек, брахмандар да , кшатрийлер де өз варналарында қалды., брахманның жанұясында өмірге келген жас сәби брахман болып қала берді, өйткені ол ешуақытта да кшатрийге айнала алмады. Касталық құрлыс жүйесінің келесі өкілдері вайшылер (диханшылар, қолөнершілер мен саудагерлер)- және шудралар (жалдамалы жұмыскерлер, жалшылар) болды. Осы аталған төрт варна Үндістанның касталық құрлысының негізін қалады. Ал Үндістанға қоныс аударып келегн түрлі халықтардың өкілдері бұрынғы касталарды толықтырып отырды, немесе өздерінің дербес касталарын құрды. Мысалы кәсіптеріне сәйкес тас

қалаушылардың, ұсталардың, тері илеушілердің касталары құрыла бастады.

Касталық құрылыс жағдайында қалыптасқан ережелерді мүлтіксіз орындау талап етілді. Мысалы касталар арасында үйленуге қатаң тыйым салынды, тіпті түрлі касталар өкілдері дастархан басында бірге отырып тамақ та іше алмайтын болды.

“Буддизм” осы касталардың ішінде кшатрийлердің дүниетанымы ретінде қалыптасты, сондықтан да болар брахмандардың озбырлықтарынан зардап шеккен қарапайым халықтың басым көпшілігі кшатрийлерді батыл қолдап отырды. Осы орайда село қаымдарының буддизмнің әлсіреуіне себепкер болғандығын атап өтпеске болмайтын сияқты. Буддизм мен джайнизмнің күштемеу принциптеріне ерекше көңіл бөлінуінің арқасында диханшылыққа деген көзқарас өзгеріске бастады. Бір кездерде үнділер мен арийлердің мақтанышына айналған егін шаруашылығының қоғамдағы ролі төмендеді, соның салдарынан шаруашылықтың бұл саласымен айналысушы диханшылар қоғамдық өмірде төменгі сатыдан орын алды. Сөйтіп, селолық қауымдар ешбір діни соғыстарсыз, айтарлықтай қарсылықсыз буддизмнен индуизмге бет бұра бастады. Бірақ, олар будда дінінің көптеген діни-адамгершілік қағидаларын өз бойларында сақтап қалды.

“Индуизм”-бір-бірінен тәуелсіз бірнеше діни наным-сенімдерден тұратын діни-мәдени ағым. Оның негізінде- Брахманға, Вишнуға, Шиваға табыну мен тантризм жатыр. Осылардың ішінде Вишну мен Шиваның мерейі үстем болды.

“Вишну”-адамдардың адал қамқоршысы, көмекшісі. Ол адамдарды зұлымдықпен қатыгездіктен қорғайды, оларды қауіп-қатерден сақтайды және адамдарға шындықты жариялап отырады. Ал оны жүзеге асырушы Будда. Сөйтіп, Будданың беделі көтеріліп, Құдай дәрежесіне жеткізілді.

“Шива”- қатал да, қорқынышты құдай. Оның үш көзі бар, денесіне жыландар жабысқан, мойнында-бас сүйектер. Шива -өнер мен ғылымның, салтанатты өмір мен махаббат сайранының құдайы.

Үнді халқының санасындағы құдайлардың басқа діндердегі (христиан, ислам) құдайлардан басты айырмашылығы-олардың Жер бетіндегі тіршіліктің қайнаған ортасында болуы және оған белсене араласуы болып саналады. Вишнудің әйелі Лакшми әсемдік пен бақыт құдайы, ал Шиваның әйелі Кали қырып-жою мен өлім құдайы.

Үнді-будда дініндегі бұл дүниеге көзқарастар қарама-қайшылықтарға толы болып келеді. Будда дінінде ғана емес, тіпті сансарлардың өзінде де өмірдің қайғы -қасіретке, жамандық пен жауыздыққа және тағы да басқа келеңсіз көріністерге толы екендігі жан-жақты сипатталады. Үнді-будда дініндегі адамдар төрт экалық нормаларды негізге алу қажет Олар дхарма, арта, кама және мокша.

“Дхарма”- будда дініндегі моральдық заңның басты бөлігі болып есептеледі. Үнділердің қасиетті кітаптарында /смити/ дхарманың тізімі, яғни түрлі касталардың міндеттері мен функциялары атап көрсетілген. Касталық жүйеде бұл парыз-міндеттерден ауытқуға жол берілмейді.

“Арта” – адамның күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі іс-әрекеттердің нормалары болып табылады.

“Кама” -адамның көңіл-күйінің талаптарын қанағаттандыру ұндылықтарын анықтайды, солардың жолдарын белгілейді.

“Мокша”- торығып-түңілкенден, жалғыздықтан қала құтылу жөніндегі ілім.

Дхарманың құндылығы-шындық пен ахимасқа шын берілгендікке тығыз байланысты. Ол зорлық-зомбылыққа мүлдем қарсы. Сонымен бірге ашу мен жек көрушілік сезімдерді ауыздықтау, өзін-өзі ұстай білу, пайдакүнөмдік пен зұлымдық мақсаттардың болмауы-дхарманың басты қағидалары. Адамдардың бұл өмірдегі табиғи іс-әрекеттері қандай болу керек деген сұраққа дхарма былай деп жауап берді “Жауыздыққа жауыздықпен жауап берме, әрқашанда әділетті істердің жаршысы бол. Әлсіздер сенің өктемдігіңді ешқашан да кешірмейді, сондықтан да мұндай әділетсіз қылықтарға жол берме. Адам өмірде өз жолын таба білу қажет”.

Бұл дүниедегі өмірдің рахаты мен қызығын, мән-мағынасын тсіндіруде индуизм мен буддизмнің арасында пікір алшақтықтары аңғарылады. Мысалы, Кама адам өмірінің мән-мағынасына, ондағы қызықтар мен шат-шадымнан өмірдің сан-саласына баса назар аударса, ал Будда діні сабырлылық пен ұстамдылықты, тұрақты махаббат пен орташа өмір сүруді уағыздайды.

Үнді-будда мәдениетінің қалыптасып, одан әрі дамуына касталық құрылыс үлкен ықпалын тигізді. Өйткені әрбір варна-өздеріне ғана тән салт-дәстүрлері мен дүниетанымы қалыптасқан жәй ғана тұйық әлеуметтік топ қана емес, олар белгілі бір мәдени құндылықтардың ортасы болып саналады. Брахман болу, брахманға қызмет ету, брахманнан оқып-тоқу үнді қоғамындағы басты құндылық болып саналады, өйткені брахмандар-даналықтың, әлиеліктің, киелілік пен ізгіліктің жаршысы.

Үнді елінде әлеуметтік құндылықтарды бағалауда адамдардың қоғамдағы іс-әрекеттеріне айрықша назар аударылды. Ел басшылары мен әскери адамдар брахмандардан төмен тұрғандарына қарамастан, қоғамда пайдалы қызметтер атқарғандықтан үлкен құрметке ие болды. Мысалы, көне заманда өз елін сыртқы жаулардан қорғауда батырлығымен даңқы шыққан

Винрамды үнді халқы осы уақытқа дейін мадақтап, қастерлейді. Бір таңқаларлық жағдай, Үндістанда оның дана басшылығы мен көзсіз Батырлығы ғана емес, сонымен қатар оны үнді күнтізбегін жасаушы ғалым ретінде де танып, даналық пен кеңпейілділік сияқты тамаша қасиеттерін үлгі тұтады. Міне, сондықтан да болар, Викрам ғасырлар бойы халық батыры ретінде үзбей жырланып келе жатыр.

Будда діні бойынша халық құрметіне ие болу-байлыққа байланысты емес, демек бұл дінде адамның өзі бақытын байлық-мансаптан іздеп, баюды мақса етіп қоюы ешбір қолдау таппайды. Олай болса, бұл өмірдің мән-мағынасы жинаған ақшаман, немесе байлықпен емес, керісінше, адам бойындағы адамгершілік-ізгілік қасиеттерімен өлшенеді, бұл жағдай-үнді халқының, өзіндік ұлттық ерекшелігі болар деген ойдамыз. Үнді-будда мәдениеті басты орынға әр адамның діни-моральдық іс-әрекеттерін қоя отырып, адамның табиғатпен де, өз-өзімен де, қауыммен де үндестік, ірі келісім табуына баса назар аударады. Бірақ, үнді – будда мәдениеті халықты өкіметке қарсы әлеуметтік қарсылықтан, әлеуметтік белсенділікпен таптық күрестен сақтандырады. Л.С.Васильевтің пікірі бойынша Үнділіктер тағдырдың жазмышымен таласуға болмайды жеп санайды, сондықтан да олар күш қолдануға қарсы, батыл әлеуметтік қарсылықтарды жақтамайды. Олай болса, жақсы өмірді орнатуда күш қолдану сөзсіз “карма” заңдылықтарына нұқсан келтірумен қатар, оның салдарлары да қоғамға айтарлықтай зиян келтіреді (Васильев Л.С. История Востока. Т.2 М., 1993, С.72). Үнді қоғамында ғасырлар бойы қалыптасқан мұндай жағдай, дәлірек айтқанда, ұймыдасқан әлеуметтік қарсылықтың болмауы- үнді халқының сыртқы күштердің басқыншылық әрекеттеріне тегеурінді, батыл түрде әлеуметтік – саяси қарсылық көрсете алмай, дәрменсіздік көрсетуге әкеліп соқты. Соның салдарынан үнді елі алғашқыда мұсылмандардың, ал одан кейін ағылшын империализмнің ұзаққа созылған азапты шеңгеліне түсті. Ол аз болғандай моңғолдардың үстемдігі кезінде Үндістанның көптеген касталары мұсылмандық жолға көшті. Әсіресе, төменгі касталар ойланбастан-ақ өздерінің мәдениетінің діни негіздерін өзгертіп жіберді. Тоқымашылар, саудагерлер, қасапшылар, тігіншілер және т.б. ислам дінін қабылдады, ал кейіннен мұндай жағдай индустар мен мұсылмандар арасындағы күрделі шиеленістердің орын алуына әкеліп соқты.

Ағылшындардың үстемдігі кезінде шетел басқыншылар өз армияларын солтүстік Үндістандағы жоғарғы каста өкілдерінен толықтырып отырды: “әскери касталар” деп аталатын бұл үнділер өз Отанының жауларына қызмет жасады.

Индуизм мен буддизмнің бір-бірімен өзара тығыз байланыстылығына және олардың үнді-будда мәдениетінің басты бағыттары болғандығына қарамастан олардың өздеріне тән айтарлықтай айырмашылықтары болды, ол ерекшеліктер олардың әлеуметтік-саяси бағдарламаларына тығыз байланысты болды. Мысалы, индуизмде ұлтшылдық сарын басым болып келеді, сондықтан да бұл ағымдағы фанатик-ұлтшылдар мұсылмандарды мейлінше жек көреді, ал бұл жеккөрушіліктің елдегі саяси ахуалға тығыз байланысты екендігін ешкім де жоққа шығара алмас.

Буддизмнің касталық құрлыстың мүдделерін қорғау мәселесіне ешбір қатынасы жоқ, сондықтан да болар бұл діни ағым саяси-әлеуметтік мәселелерді шешуде үлкен икемділік танытады. Тіпті кей жағдайда оның ұлт-азаттық және әлеуметтік қозғалыстың саяси авангарды дәрежесіне дейін көтерілген кездері де болды. Вьетнамды жаулап алу әрекетіне қарсылық ретінде көптеген будда монахтарының өздерін өртеп жібергендіктерін еске алсақ та жеткілікті сияқты, бірақ буддизмнің қоғамдағы саяси-әлеуметтік мәселелерді шешудегі мүмкіндіктері шектеулі болғандығын да естен шығармаған жөн.

Үнді-будда мәдениетінің қойнауында Үндістанда Махатма Гандидің (1869-1948) реформаторлық қозғалысы туындады. Ол бұл қозғалыс барысында өзінің табиғатта әрекет ететін “махаббаттың өнегелілік” заңына ұдайы сүйеніп отырды. М.Ганди бұл жайында былай деп жазды: “Махаббат заңы біздің санамыздан тыс өмір сүреді. Табиғат заңдылықтарына сүйенген ғалым қандай ғажайып жаңалықтар ашса, махаббат заңын өз өмірінде үлкен сүйіспеншілікпен қолдана білген адам да бұл өмірде айтарлықтай табыстарға жетері сөзсіз, ал кейде ғалымдардың жеткен межесінен асып та түсуі мүмкін” (Ганди М.К. Моя вера ненасилие. Вопросы философии. 1992. 3.С.66).

М.Ганди сатьяграха (“сат”-шындық, ал “аграха” – табандылық деген мағыналарды береді/ қозғалысының дем беруші, басшысы болды. Ол өзінің ізбасарларының көмегіне сүйене отырып халықты талай хасырларға созылған қалың ұйқысынан оятты, Үндістанда саяси-этикалық қайта құруларды жүзеге асырудың қажеттігін діни-этикалық тұрғыдан негіздеп, дәлелдеп берді. Ендеше, Ганди тарих сахнасына ірі саяси қайраткер ретінде ғана емес, сонымен қатар діни-реформаторлық қозғалыстың беделді басшысы ретінде шықты деп толық сеніммен айта аламыз. Гандидің бұл қозғалысты ұйымдастырудағы басты мақсаты- халықты өздерінің әділетті ісі үшін табанды күрес жүргізуге баулып, үйрету болды. Ол ондаған жылдар бойы тәуелсіз үнді

мемлекетін құру мақсатында дхарманы, ақиқатты және күш көрсетпеуді уағыздадаы. Ганди “Күш қолданбау, әділеттілік, қайрымдылық жан тазалығы, ізгілік сияқты қасиеттер – ағылшын отаршыларын елімізден қуып шығып, қанаушылық пен отаршылдық бұғауынан босануға толық мүмкіндік береді” деген сөздерді жиіқайталайтын. Бірақ үнді қоғамын қайта құру мақсатындағы өзінің жасампаздық қызметінде Ганди өзі де мүлдем күтпеген қиындықтар мен адам жанын түршіктіретін талай сұмдық уақиғаларға тап болды. Мәселен, ағалшын империализімнің арсыз саясатында ғана емес еді, мәселе үнді халқының өзінде де болатын. Өйткені, бұл кезеңде индустар мен мұсылмандар арасында жан түршігерлік қанды шайқастар басталып кеткен болатын. Бұл қатыгез қақтығыстардың барысында адам қаны көп төгілді, ұлттың бірлігі мен мемлекеттің мүддесі діни-қауымдық фанатизімнің құрбандығына шалынды. Біртұтас үндістан мемлекеті екіге қақ жарылып, бір-біріне қас екі мемлекет пайда болды (Үндістан және Пәкістан).

Индустар қауымы діни фанатизімге жан-тәнімен беріліп қана қоймай әлеуметтік теңдікке де жауыға қарады. Қалыптасқан касталық жүйе үнді азаматтарының мемлекеттік заң алдындағы теңдігін бұзды, ал мұндай келеңсіз жағдай мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар бүкіл үнді халқының тағдырына да өз әсерін тигізді.

Қоғамдағы қалыптасқан ахуалға байланысты сорақы қылықтар белең алды. Тіршілік иесі атаулыға жамандық жасамауды уағыздаған қайрымды, ақкөңіл индустар, мұсылмандарды көргенде кірпіше жиырылып, қатыгездік көрсетіп, мүлдем басқаша қарым-қатынастар жасады. Брахман өзінің кедейлігіне қарамастан басқа касталардың өкілдеріне өз қызын беруден үзілді-кесілді бас тартты. Діни фанатизім мен касталық дәстүрлер салдарынан туындаған қоғамдағы келеңсіз мұндай құбылыстар Гандиді қатты толғандырды. Ол “Мен индустар мен мұсылмандар арасында болып жатқан жыртқыштық әрекеттердің дәрменсіз куәгері болып қалмауым үшін, Ұлы тәңірінің көмегін күтемін” деп жазды (Намбудирипад Е.Махатма Ганди и гандизм М., 1960. С.157).

М.Гандидің бүкіл саналы өмірі үнді-будда мәдениетінің құндылықтарын сақтауға, оны заман ағымындағы тағылық әрекеттерден қорғап қалуға бағытталды. Қалай болғанда да, үнді-будда мәдениетінің күш көрсетуден бас тарту, рухани тазалықты сақтай білу, табиғатты құрметтеп, аялай білу, өмірді қадірлеу сияқты өмірлік қағидалары еш уақытта да өз мәнін жоймақ емес, олай болса бұл мәдениеттің басты құндылығы да, мәні де осында болу керек.

Үнді өнері Брахманизмнің, буддизм мен индуизмнің діни-өнегелік құндылықтарының тікелей ықпалымен дамыды. Алғашқы дүниеге келген көркем шығармалардың мазмұны адамзатты қоршаған дүниенің мән – мағынасын шындық тұрғысынан көрсетуге бағытталды. Ведалар да, упанишадтар да көне үнді тілінде /санскрит/ жазылған әдеби ескерткіштер қатарына жатады. Олардың көркемдік құндылығы бүгінгі күннің талабына да сай келіп отыр.

Д.Неру үнді халқының көркемдік мәдениетін Батыс Еуропа өнерімен өзара салыстыра отырып, олардың бір-бірінен басты айырмашылықтарын да атап көрсететді.

Біріншіден, үнді халқының көркемдік мәдениеті дінмен және философиямен тығыз байланысты болып келеді. Бұл басланыстардың тамырынң тереңдігі саншалық, үнді халқының көркемдік мәдениетіне сай келетін діни-философиялық идеяларды білмей тұрып, бұл мәдениеті түсініп, бағалау мүмкін емес. Үнді мәдениетінің қай туындысын алып қарастырсақ та, оларда діни сарынның бар екенін аңғарамыз.

Екіншіден, үнді өнері қарапайым шаруаларға өте жақын болып келеді, өйткені мәдениеттің бұл саласының басты мақсаты-қарапайым халықтың жүрегіне діни-философиялық идеяларды жеткізу, карма заңдарын, дхарма талаптарын түсіндіру болып табылады.

Үшіншіден, поэзимен, прозамен, драмамен, музыкамен айналысушы өнер адамдары өздерінің бойындағы қасиеттерді табиғат әлеміндегі құбылыстармен салыстырады және адамның табиғат әлеміндегі құбылыстармен салыстырады және адамның табиғатпен, әлеммен өзара үндестігін ашап көрсетуге тырысады.

Төртіншіден, үнді өнерінің дамуына құдайларды мадақтауға қарсы бағытталған діни парасаттылық ерекше ықпал жасады. Ведалар құдайлар бейнесіне құлшылық жасауға қарсы болды, ал Будданың мүсін өнері мен кескіндеме өнері саларында бейнеленуі буддизмнің дамуының тек соңғы дәуірінде мүмкіндік болды.

Б.з. УП-УШ ғасырларында Үндістанда Эллора үңгірндде Кайлас ғибадатханасы салынды және Элефант үңгірлерінде Брахманның, Вишнаның және Шиваның тұлғалары сымбатталып жасалды. Ал, монғолдардың үстемдігі кезінде мүсін өнері саласындағы мұндай дәстүрлерге қатаң тыйым салынды. Ислам дінінің қағидаларына сүйенген атақты Бабырдың ұрпақтары құдайларды бейгнелеуге мүлде қарсы болды. Бірақ, оның сесесіне үнді өнерінің басқа салаларында мәдениет пен өнердің тамаша туындылары өмірге келді. Солардың бірі-тек қана үнді халқының ғана емес, сонымен қатар бүкіл адамзат баласының аялы да, қасиетті ескерткіші, әппақ мәрмәр тастардан асқан шеберлікпен жасалған Тәж- Махал кесенесі.

Көне үнді әдебиетінің асыл мұраларының бірі – “Махабхаратта” поэмасы болды. Бұл әдеби

туындының басты тақырыбы - құдайға, оның құдретіне табыну, оны мадақтау.”Брахман-мәңгілік. Ол-ұлы, ол-дана. Ол қай уақытта болса да қасыңнан табылады” - бұл ойлар поэманың өн бойынан орын алып, тақырыптың негізгі арқауына айналған. Конфуцийде, Аристотельде, ал одан кейін “Кантта кездесетін “Өзің қаламағанды, басқаға да жасама” деген қағиданың алғашқы рет осы “Махаабхараттада” айтылғандығын кез-келген адам біле бермейді.

“Бхагавадгита” – “Махабхраттаның” бір бөлімі. Бұл шағын бөлім өмірдің мәні туралы терең философиялық толғауларға толы болып келеді. Оның басты кейіпкерлері – Брахманның жердегі өкілі – Кришна мен қайырмды әскер басшысы Арджуна.

Поэмада Кришна Арджунаға былай дейді “Бұл дүниеде өлім деген жоқ, өйткені жанның көшуі-өмірді мәңгелек, ал өлімді қас-қағымдық сәт етеді”.

Эпикалық “Рамаяна” поэмасының да үнді-будда мәдениетінде алатын орны айрықша. Мұнда өзінің сүйген қызы Ситаны Құтқару жолындағы Рама патшасының басынан кешкен уақиғалар баяндалады. Сонымен бірге, бұд баға жетпес мәдени мұрада көне замандағы үнді халқының өмірі кеңінен сипатталып, олардың салт-дәстүрлері, тіршілік-тұрмысы туралы құнды мәліметтер беріледі. Міне, сондықтан да болар француздың белгілі тарихшысы Мишле “Рамаяна” поэмасы туралы былай деп толғана жазды:”Батысқа қарасам көңілім толмайды, тіпті ежелгі мәдениеттің ошақтарының бірі болған- Грекияның өзі де мені онша қанағаттандырмайды, тұншығып бара жатқандай әсер аламын, өйткені олардың идеялары әрі жұтаң, әрі әсерсіз. Ал ұлы Азия мен дана Шығысқа көз жіберсеңіз. Онда менің жүрегім, менің сүйікті поэмам жатыр. Бұл әдеби туынды- кең байтақ үнді мұхитымен пара-пар (Попов Е.В.Инд-буддийский тип культуры. В кн Введение в культурологию. М.,1995.С.184).

Ведалар, упанишадтар, “Махабхаратта” және “Рамаяна” поэмалары үнді халқының даналық энциклопедиясы болып саналады. Бұл мәдени мұралардың өміршеңдігі- ондағы адам өміріне тікелей қатысты даналық қағидаларға, тәлім –тәрбиелік ойларға, философиялық толғауларға және т.б. толы болуында болар. Бұл ойымыз дәлелді болу үшін көне үнді афоризмдерінен бірнеше үзінділер келтірейік “Адам-сәні даналық, даналық сәні-тыныштық, тыныштық сәні-батырлық, батырлық сәні-қайырымдылық”. Әйелдердің мың кемшілігі және үш адамгершілік қасиеті бар: “олар-шаңырақты ұстау, ұрпақты жалғастыру және ерімен бірге о дүниелік болу”. Қонған масаларды қууға жарамайтын иттің құйрығынан, пайдаға аспайтын білімділіктен не пайда, “Махаббат рахатын көрмесең денсаулықтан, табандылығың мен ұлылығыңнан не пайда?”, Арыстанды шатқалда, құсты аспанда, балықты суда ұстауға болады, ал әйелдің беймаза жүрегін еш уақытта да ұстай алмайсың.

Үндінің көркемдік мәдениетінде махаббат мәселесі мен әйелдер табиғатына ерекше орын берілген. Әйелдердің жаратылуы жайындағы мифтерде ойнақылық - мысқылдау сарына айқын аңғарылады. Мына бір әңгіме осы пікірімізді дәлелдей түссе керек. “Еркекті жаратуға бүкіл материалдарды жұмсап қойғандықтан, әйелдерді жаратуға материал таппай жаратушу Тваштри құдай қатты сасады. Біраз ойланғаннан кейін ол әйелді жаратудың жолын да, әйелдердің бойынан лайық қасиетерді де табады. Олар: гүлдің өсімдігі, жапрақтың жеңілдігі, сәуоенің құбылмалылығы, желдің өзгергіштігі, бұлттардың жыласы, қоянның жасқаншақтығы, тотының паңдығы, жолбарыстың қаһарлығы, оттың қызуы, қардың ызғары, балдың тәттілігі, алмастың қаттылығы, жабайы үйректің ақылдылығы, торғайдың сөзурлығы, тырнаның залымдылығы және тағы да басқа қасиеттерді араластырып жасап еркектің қолына берген екен”

Махаббат құдайы Кама мен оның әйелі Рати үнді ақындары мен жазушыларының ерекше құрметіне бөленген. Карма өмірдің қызығын қызықтауға тыйым салмайды. Тіпті қолдарынан өнер тамған әрі өнерлі, әрі ақылды “махаббат оттары” куртизанкалармен көңіл көтеруді күнә деп санамайды. У ғасырда өмір сүрген үнді ақыны Махарашини Вацьяна өзінің “Кама-Сутра” деген өлеңмен жазылған шығармасында жыныстық қатынастар мәдениеті, әйел мен еркек арасындағы қарым-қатынастар, сезімдік рахаттану мен дене сұлулығын жақсартатын әдістер мен тәсілдер кеңінен сипатталып, баяндалған. ХІХ-ХХ ғасырларда бұл кітап Батыс Еуропа Елдерінде кеңінен тарады және ол бойынша бірнеше кинофильмдер түсірілді. Мұндай діни-эротикалық мазмұндағы шығармалар ХУП-ХІХ ғасырлар аралығында Үнді елінде көптеп жазылды. Олардың авторлары Бихари дала (ХУПғ.), Чинтамани (ХУП ғ.), Бхаратчандро Рая (ХУШ ғ.), Рангина (ХІХғ. Басы), Джан Сахаба (ХІХғ.).

Буддизмде мұндай эротикалық сарындағы еңбектер жазуға жол берілмеді. Мұнда адамзатты қоршаған тіршілік дүниесіне көзқарастар былай сипатталады: “Тіршілік иелерінің ешқайсысын да өлтіруге болмайды, ұрлық жасауға, әйелінің немесе ерінің көзіне шөп салуға болмайды” (монахтарға әйелдерге жақындауға мүлде рұқсат етілмеді). Өтірік айтуға арақ-шарап ішуге қатаң тыйым салынды. Бірақ буддизім джайнизмнің тағылыққа дейін жетіп, киім киуден бас тартушылыққа дейін жететін аскеттік қылықтарын өткір сынға алды.

Үндістанда театр мен драмалық әдебиет кең түрде дамыды. Ерекше атап өтетін бір жәйт, театр

өзінің тамырын Ведалардағы гимндер мен диалогтардан алды. Кришна жайындағы көптеген аңыздарды халық арасында насихаттауда театрға ерекше орын берілді, ал оған Бхаса, Ашвагоши сияқты аса көрнекті үнді драматургтері өз үлестерін қосты. Әсіресе Ашвагоши аса ірі үнді драматургтарының бірі болды. ол діни тақырыптарды өз шығармаларының арқауы етті. Қытай мен Тибетте кеңінен тарған, қасиетті Будданың өміріне арналған “Буддачарита” оның төл туындысы.

Біздің заманымыздың У1 ғасырында өмір сүрген Калидастың шығармашылығы Батыс Еуропа елдеріне кеңінен танымал. Ол лирикалық “Облако-вестник” және “Малявика и Агнимитра”, “Мужеством обретенная Урваши”, “Шакунтала” сияқты танымал драмалардың авторы.

“Рамаяна” тақырыбына жазылған “Махабхарачарита”, “Уттарарамачарита” және “Малатимадхава” драмаларының авторы Бхабххутидің (УШғ.) меріі үстем болды. Аталған драмалардың жазылуы хинда, бенгал, маратхи, гуджарати, ория, ассам сияқты тағы басқа үнді халықтарының әдеби тілдерінің қалыптасып, одан әрі дамуына зор ықпал жасады.

Үнді әдебиетінің алып тұлғаларының бірі-ауыз әдебиетіне негізделіп жазылған “Рамаяна” және Кришнаға арналып жазылған Кришнавали поэмаларының авторы Тулси Дас( 1532-1624).

Ағылшын отаршылығы кезеңінде үнді-будда мәдениетінің дамуы қарққыны бәсеңдей бастағанымен, ұлт-азаттық қозғалыстың басталуына байланысты мәдениет пен өнер қайта жанданып, өнер адамдарының шығармашылық белсенділігі жаңа арнаға түсті.

XIX ғасырда Үндістанда мәдениеттің жаңа сатыға көтеріліп, гүлденуіне Динобандху Митро, Б.Чотопадхайя, А.Навалар, Р.Айр, Нармандшанкар және т.б. жазушылар үлкен еңбек сіңірді. Әдеби туындыларын бенгаль тілінде жазған, үнді әдебиетінің ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүниежүзілік әдебиеттің алып тұлғаларының бірі-маңдай алдысы Рабиндранат Тогордың алатын орны айрықшы. Оның “Таулар”, “Үй мен Бейбітшілік” атты романдары әлемге әйгілі, ал “Джанаганамана” деп аталатын өлеңі Үндістанның мемлекеттік гиніне айналды.Рабиндранат Тогордың әдебиет саласындағы ұланғайыр еңбегі өте жоғары бағаланып, оған 1913 жылы Нобель сыйлығы тапсырылды.

Үнді-будда мәдениеті жүйесінде ғылыми білім қалай дамыды? Осы мәселеге байланысты ұлы ғалым А.Эйнштейн өзінің бір хатында былай деп жазды: “Батыс ғылымының дамуы екі ұлы жетістікке тікелей байланысты болды. Оның біріншісі, грек философтарының формальды логикалық жүйесі (Евклид геометриясы) және қайта жаңғыру дәуіріндегі себептік қатынастарды жүйелі тәжірибенің көмегімен ашуға болатындығы туралы жаңалықтар болды. Мен қытай даналары бұл жаңалықтарды бұрын неге ашпады екен деп таңданбаймын, менің таң қалатыным- бұл жаңалықтардың ашылуында “(Социология науки. Р.Остов н/д.1968.С.21-22). XX ғасырдың ұлы физигінің бұл пікірінің астиарында үнді-будда дінінің қойнауында жоғары дамыған ағартушылық пен қарамастан бұл елдегі ғылым өз деңгейінде неге дамымаған, неге ол Батыс Еуропа елдерінен әкелінген деген орынды сұрақтар бар.

Әрине, үнді-будда дінінің білімге үлкен құрметпен қарағандығын ешкімде жоққа шығара алмас. Көне үнді афоризмдерінде ғылымның маңызы мен мәні жоғары бағаланған. Оған дәлел ретінде ғылым мен білімге байланымты мына бір қанатты сөздерді мысалға келтіргенді жөн көрдік: “Адамның ең қасетті игілігі- ғылым мен білім, оларға ешбір баға да жетпейді және олар еш уақыттада сарқылмайды”, “Билік пен білімділікті салыстыруға болмайды”, “Патшаны өз елінде ғана сыйласа, ғалым барлық жерде де құрметке ие”, “Білімсіз адам малмен тең” және т.б.

Үнді математиктері, дәрігерлері араб, парсы және Орта Азия елдерінде жоғары бағаланған, сондықтан болса керек көптеген адамдар білім бұлағынан сусындау үшін Үнді еліне келетін болған. үндістанның кеібір қалаларында ашылған университеттерде діни-философиялық текстер, астрономия, астрология, математика, медицина мәселелері жан-жақт ы оқытылатын болған. Бенарес көп уақытқа дейін үнді мемлекетінің басты ғылыми орталықтарының бір болғанг. Көне Үндістанда астрономия мен математика жоғары бағаланған.

“Ноль” белгісі мен санаудың ондық жүйесін ойлап тапқан да үнді ғалымдары болатын. У-УП ғасырларда Ариабхатта (Уғ), Брахмагупта (УПғ.), Магавира 1Хғ.), Бхаскара (ХПғ.) сияқты дарынды математиктер мен астрономдардың меріі үстем болды.

Үнді химиктерінің химия саласындағы жаңалықтары бояу, дәрі және т.б. дайындауда кеңінен қолданылды. Үнді дәрігерлері де терапия және хирургия жайында тамаша ғылыми еңбектер жазды. Қанның айналысы жөніндегі ғылыми тұжырымдарымен үнділіктер атақты дәрігер Гарвейден де асып түсті. Бірақ өкінішке орай, үнді-будда мәдениетінің дәстүрлері рационалистік сипатқа толық ие бола алмады. Ғылыми білімнің құрылымының логикалық негіздері үнді ғалымдарын онша қызықтырмады. Одан да олар адамзатты қоршаған дүниенің сан құпиялар мен әр түрлі салада жаңалықтар ашумен айналысқанды жақсы көрді. Тіпті тарихи зерттеулерге де онша мән-мағына бермеді. Ғасырлар бойғы үнді халқының мәдени жетістіктері, халықтардың миграциясы, шарушылық өмір, патшалықтардың арғы-бергі тарихы сияқты маңызды

мәселелерге онша назар аударылмады. Соның салдарынан көне заман тарихынан сыр шертетін еңбектер санаулы ғана болды. Солардың бірі-Кашмирдің тарихы жайындағы тарихшы Калханидің (б.з.ХПғ.), "Раджатарангити" атты еңбегі.

Өз тарихына немқұрайды қарау, нақты өмірден алшақтау, өмірге көзқарастардың көмескілігі сияқты келеңсіз жағдайлардың орын алуы мәдениеттің дамуына нұқсан келтірді. Қоғамдық өмірді тұрақтандыруда дін қаншама роль атқарғанымен де, Үнді мемлекеті ғылым мен білім жолына түсуі-тарихи қажеттілік болды. Заман ағымында бұл асқаралы міндеттері біртіндеп жүзеге асырыла бастады да, асырыла бермек те.



## 2.4 Конфуцийлік-даосистік мәдениет

Қытай этносы қытай халқының басқа халықтардан өзгеше мәдениетінің қалыптасуна ерекше ықпал жасады. Қатайлықтар болмыс құпиялары мен өмір мен өлім мәселелерінен гөрі жарылқаушыларға бас иіп, оларға еліетеуді өздерінің қасиетті парызы деп санады. Қытай елінде о дүниедегі рахат өмірді уағыздаушылардан гөрі, осы нақты өмірдің мән-мағынасын түсіне отырып “өмір үшін өмір сүруге” үйретушілерді ұлылар қатарына жатқызып, олардың даналық қағидаларына бас иген. Дәстүрлі қытай мәдениетінің өзіндік бет-бейнесінің қалыптасуына діннен гөрі, салттық этиканың ерекше әсер етуі де осы жағдайға тікелей байланысты болса керек.

Қытай қоғамында орын алған мұндай жағдайлардың бәрі де адамзатты қоршаған дүниенің бейнесі жайындағы нақты ұғымдардың қалыптасуы да, оның эволюциялық сипатына да өз ықпалын тигізбей қойған жоқ. Мысалы, діни құрылымында дін адамдарының ролі алғашқы кездерде онша жоғары бола қойған жоқ. Мысалы, Қытайдың діни құрылымында дін адамдарының ролі алғашқы кездерде онша жоғары бола қойған жоқ. Оған дәлел ретінде Аспан құрметіне байланысты өткізілетін діни рәсімдерді ғалым адамдардың емін-еркін атқара беретіндігін атап көрсетуге болады. Өйткені, Қытайда сол заманның өзінде-ақ ғалымдарға ерекше құрмет көрсетіліп, оларды жоғары сословиге жатқызған, бірақ олар мұндай абыздық қызметтерден гөрі мемлекеттік істерге өте жақын тұрды. Қытайдың діни құрылымының бұл ерекшелігі сонау көне заманда, атап айтқанда, б.з.б. екінші ғасырдан бастап-ақ қалыптаса бастаған болатын.

Қытайлар да дүниежүзінің басқа халықтары сияқты құдайлар мен рухтардың құрметтеріне құрбандықтар шалды (кей жағдайларда қандай құрбандықтар да берілетін болған). Бірақ, уақыт өткен сайын көп құдайлар мен рухтардың ішінен Ұлы Құдай дәрежесіне жетіп, аты аңызға айналған Шанди басты орынға шықты. Әрине, діннің даму тарихындағы мұндай дара тұлғалар әлемдік басқа діндерде де жиі кездеседі (мысалы Египетте). Бірақ Қытайда Ұлы Қытай Шандиді өз халқының мұңын жоқтап, жағдайын ойлайтын, оған барынша қамқорлық жасайтын қамқоршы және арғы ата-бабаларының, ата-тектерінің негізін қалаушы ретінде де қабылдаған. Сондықтан да болар, қытай халқының тұрмыс – тіршілігіндегі барлық мәселелердің түйінін шешу – Шанди құдайға табынумен, оған жалбарынумен тығыз байланысты болған.

Қытайдың қоғамдық-саяси өмірінде орын алған түбегейлі өзгерістерге байланысты, кейіннен яғни Чжоу династиясы кезеңінде (б.з.б. X1ғ) Шанди құдайға табынушылық орнын Аспанға табынушылық басты.

Сонымен қатар Чжоу династиясының билеушісі Аспан тәңірінің ұлы деп, ал Қытай империясы Аспан аясындағы қасиетті империя деп жарияланды. Бұл атақ пен қытай елінің бұл аты XX ғасырға дейін сақталып отыр. Қытайлықтардың ел билеушілерін осыншама дәріптеп, оларға жоғарғы атақ бергеніне қарағандар олар басшылары құдайлармен генетикалық байланысты деп түсінгендігін айқын аңғаруға болады. Чжоу дәуірінен бастап-Аспан қытайлықтардың басты құдайына айналды. Аспанға табынушылықта моральдық-этикалық сарын басым болды. Қытайлықтар Аспан қайырымдыларды, рахымшыларды жарылқап, ал мейірімсіз қатігез адамдарды аяусыз жазалайды деп түсінген. Адамгершілік, қайырымдылық және т.б. ұғымдар Аспанның космостық күштерінен қуат алған, онымен ұдайы байланысты болған, халықтың қамын ойлаушы ел билеушісінің бойындағы ізгі қасиеттермен байланыстырылып қарастырылады. Қайырымды, дана билеуші ғана өз елін, өз халқын басқара алады, ал бұл қасиеттерден ада болғандар ел басқару құқысынан айырылады. Ежелгі қытайлықтар өмірдің мәнін адамдардың космос кеңістігімен дұрыс қарым-қатынастар орната білумен де байланыстырады.

Олай болса, қытай халқының салт-дәстүрінде, әдет-ғұрыптарында және т.б. дін этикалық нормаларға айналды. Аспанға табынуда моральдық және адамгершілік жақтарға баса назар аударылды. Ерекше атап өтетін бір жайт, Қытайда халық Аспан еркінің жаршысы деп жарияланып, рухтарға қарағанда халықтың жағдайына ерекше мән берілді, ал бұл жағдай қытай мәдениетінің дамуына өз әсерін тигізбей қалған жоқ. Мәдениет тарихына тереңірек үңіліп қарасақ, табиғат дүниесімен етене байланысты болып, оған ерекше сезіммен, әрі сеніммен қарау қытай халқының бойында қалыптасқан табиғи қасиет екендігін аңғарамыз. Табиғат пен адам жанының үндестігі, табиғатты аялау, оған деген сәбилік махаббат сезімі халықтық мәдени туындыларды одан әрі нәрлендіре түсті. Табиғатқа табыну және оның өзіндік табиғи қасиеттерін бағалаудың арқасында қытайлықтар жан-жақты жетілген, ізгілікке толы дүниенің бейнесін жасады. Олардың ұғымынша, дүние қарама-қайшылықтардың абсолютті үйлесімділігі үстемдік еткен шым-шытырық дүние, бірақ мұнда қандай жағдай болса да, олар бірін-бірі еш уақытта жоққа шығармайды, қайта бірін-бірі толықтырып өзара үйлесімділік тауып отырады. Табиғаттың әрбір құбылыс- бүкіл табиғат атаулының жалынды жаршысы. Әрбір табиғи құбылыстың өзіндік құпиясы, өзіндік сыры бар- олардан даналық лебі өседі. Демек, қытай халқының түсінігінде дүние бейнесі өзінің тұтастығымен, өз ара үйлесімділігімен таң қалдырады. Қытай халқы табиғаттың бес қайнар

бұлағын бес қасиетпен байланыстырады. Олар адамгершілік (жень), парыз сезімі(и), әдепті қылық (ли), ізгілік(синь) және даналық (чжи).

Қытай мәдениеті космостық ырғаққа, оның ырқына байланысты іс-әрекетке шақырады, өйткені адамның әрбір іс-әрекеті, тіпті оның шығармашылық қасиеттері де Аспанға, оның құдретіне тікелей байланысты. Мұндай тәңірлік көңіл-күйді қытайлықтар былайша білдіреді: “Мен сөйлеп тұрған жоқпын, мен баяндап тұрмын”. Ұлы уағызгер Конфуцийдің көзқарасынша, адам бойындағы қасиеттердің барлығы да табиғатпен тығыз байланысты. Табиғат адамға дарын береді, ал дарындылық- табиғаттағы шығармашылық процестердің заңды нәтижесі болып табылады. Демек, қоғам мен табиғаттың өзара үйлесімділігі негізінде Аспанәлемімен, оның табиғи іс-әрекеттерімен байланыстырыла қарастырылатын әлеуметтік –этикалық мазмұндағы идеялар жатыр. Бұл идеялар даосизм және Конфуций ілімінде одан әрі түрленіп, толықтырыла түсті. Халық тарапынан қолдау тапқан бұл идеяны қытай мәдениетінің рухани өзегіне айналған будда діні де кеңінен пайдаланып, одан әрі дамыта түсті. Соның нәтижесінде будда діні даосизм мен Конфуций ілімдерімен қосыла отырып философиялық-діни үштікті (сан цзяо) құрады.

Даосизм адамзатты табиғатпен бірлікке шақырды. Сонау көне заманда басталған бұл тамаша дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, күні бүгінге дейін өзінің өміршеңдігін көрсетіп отыр. Сондықтан дақытай халқының мәдени туындыларында адамның табиғатпен байланысты жан-жақты көрсетіліп, тамашабейнеленеді. Даосизмнің негізін қалаушы – Лао-Цзы өз заманында “кәрі дана” деген атаққа ие болған. Бұл діни жүйе діннен гөрі философияға жақындау болып келеді. Даосизм жергілікті дін ретінде бзб. У1 ғасырда қалыптаса бастаған. Лао-Цзының өмірі туралы мәліметтер өте аз, әрі жұмбақ жақтары аз емес. Сол кезеңдегі тарихи деректерге сүйенсек, этикалық ілімнің негізін қалаушы Конфуций Лао-Цзыға арнайы келіп одан өзінің шығармашылық қызметі жайындағы пікірін білгісі келетіндігін білдіреді. Бірақ, “кәрі дана” Конфуцийді “Әлеуметтік жобалар мен реформалар жасауға босқа уақыт кетірдің, оның барлығы да бос әурешілік” деп қатты сынға алды.Лао-Цзының тұжырымдауынша, халық даоны (дао-жол деген мағынаны береді) негізге алу қажет, өйткені даосизм ілімінің негізі табиғатпен байланысты. Одан әрі ол былай деп пайымдайды : ‘Адамзат жерге, Жер Аспанға тәуелді, Аспан даоны, ал өз кезегінде дао табиғилықты қажет етеді”. Олай болса дао-адамзат баласының тіршілігі мен бізді қоршаған жарық дүниенің дәнекершісі болып табылады. Дао-жер бетіндегі тіршілік атаулының негізі, бүкіл заттық дүниемен табиғат құбылыстарының қайнар көзі. “Дао- ілімінде жеке адамның адамгершілік тұрғыдан жетілуі-өзін қоршаған ортамен үйлесімділігімен байланысты қарастырылады. Лао-Цзының бұл атақты философиялық діни-қағидаларды “О пути к добродетели” атты еңбегінде жан-жақты баяндалады.

Қытай мәдениетінің екінші бір қайнар бұлағы- Конфуций ілімі болып саналады. Оның негізін қалаушы Кун Фу-цзы, яғни Кун-ұстаз. Конфуций б.з.б. 551 ж,шамасында өмірге келген. Бала кезінен-ақ білімге өте құштар болған Ұлы уағызгер көне заман тарихын қызыға оқып, ескі салт-дәстүрлерді өте жақсы көрген. Өмір жолында талай қиындықтарды басынан кешірген Конфуцийдің бойында өзі өмір сүрген ортаға көңілі толмаушылық сезімі белң алды. Ол елдегі бей-берекетсіздіктен құтылу және халықтың тұрмыс-тіршілігін дұрыс жолға қоюдың басты жолы- ата-бабалар дәстүрлері мен заңдарына, көне-заман тәртібіне оралу деп санады. Конфуцийдің ойынша, бұл мақсатты жүзеге асырылу жолындағы шараларды әрбір адам саналы түрде жүзеге асыруы, өз-өзіне жоғары талаптар қоя білуі және қабылданған ережелер мен канондарды мүлтіксіз орындай білу шарт, міне, сонда ғана қоғамда келелі өзгерістерді жүзеге асыруға мүмкіндік туады. Бұл-қағида – оның этикалық -әлеуметтік бағдарламасының негізі болып табылады және Қытайдың мәдени-тарихи дамуына ерекше ықпал жасады.

Конфуций өзінің өмірлік қағидаларын қағаз бетіне түсірген жоқ, бірақ оның айтқан ой-тұжырымдарын шәкірттері жазба түрінде “Суждения и беседы” деген еңбекте жан-жақты баяндайды. Кітаптағы, әрбір қағида, ойтолғаулары “Ұстаз былай деген екен” деп басталады.Бұл баға жетпес құнды еңбек Ұлы даланың ілімінен толық мағлұмат беретін жалғаз жазбаша дерек болып табылады. Өзі өмір сүрген ортаны өткір сынға алып, болашақтан үлкен үміт күткен Конфуций екі заманды өзара салыстыра отырып “Жетілген адамның” (цзюнь-цзы) идеалын жасады. Жан-жақты толысқан, адамгершілік қасиеттері “мол жетілген адамның” бойында, негізінен екі қасиет болуы қажет, олар адамгершілік пен парыз сезімі. Ол былай дейді “Мемлекетті басқаратын адам-халқын шын ықыласымен сүюімен қатар парсатты және шыншыл болуы шарт”. Нағыз цзюнь – цзы болу үшін тек қана адамгершілік қасиет жеткіліксіз. Ол үшін тағы да басты қасиет-парыз сезімі (и) керек. Парыз-бұл моральдық міндет болып саналады. Парызды сезіне білудің өзі білім мен жоғары принципке, жалпы алғанда, адам бойындағы ізгі қасиеттерге тікелей байланысты болып келеді. Осы орайда Конфуций “Қайырымды ердің” бейнесін жасап оны “қасиетсіз ерлерге” (сяо жень) қарама-қарсы қойды. “Қайырымды ер” өз парыздарын терң түсіне білді, қоғамдық заңдарды бұлжытпай орындайды, ал “қасиетсіз ер” болса текөз қара басының

құлы ғана, бас пайдасын ойлаудан аспайды. Алғашқысы өз-өзіне талаптар қоя білсе, екіншісі басқалардан талап етуді ғана біледі. Алғашқысына жауапты істерді сеніп тапсыруға болады, адамдармен татулық қарым-қатынастарда болады, қайғы мен қуанышқа ортақтаса біледі, қажет болған жағдайларда өз өмірін қияды және қандай құрбандықтарға болса да бара алады, ал екіншісі болса бұл айтылған қасиеттерден мүлде жұрдай қасиетсіз адам. “Қайырымды ер” үш нәрседен қорқады, олар: киелі Аспан, ұлы адамдар мен даналардың айтқан сөздері, ал “қасиетсіз ер” көктен де сескенбейді, ұлыларды жек көреді, дана адамдардың сөзін ескерусіз қалдырады.

Уақыт өткен сайын Конфуцийдің беделі өсіп, оның ілімі қытай қоғамында ғана емес, адамдар санасында, олардың бүкіл тұрмыс-тіршілігін де берік орныға түсті. Б.з.б Ш ғасырда және б.з Ш ғасырларында оның ілімі Хань династиясының тұрақты идеялогиясына айналды, тіпті жоғары мемлекеттік қызметке қабылданатын адамдарға Ұлы Ұстаздың ілімін терең игеру талаптары қатаң қойыла бастады. Бірақ, заман ағымындағы орын алған түбегейлі терең өзгерістерге байланысты Конфуций ілімі айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Оның тұрақты идеологияға айналуына байланысты бұл ілімнің рухына нұқсан келді. Дәлірек айтқанда, өткенге құрметпен қарау, үлкендерді сыйлау сияқты адамгершілік ізгі қасиеттер жасандылық сипат алып, жалғандыққа, қанағатсыздыққа, пайдакүнемдікке жол берілді. Кейінен, яғни ортағасырлық Қытайда біртіндеп әрбір адамның қоғамдағы алатын орнына байланысты тұрақты ережелер мен стереотиптердің белгілі бір жүйесі қалыптаса бастады. Бұл заңды қағидалар қытай салтанаттарындайқын аңғарылды. Өмірдің әрбір жағдайына байланысты барлық адамдар үшін міндетті орындалуға тиісті тәртіп ережелері қалыптасты. Конфуцийлік еределер бойынша адам қандай жағдайда болса да өзін тежеп ұстау керек, ішкі жан-сезімдерін ақылға билеттіруі қажет. Демек, адамның еркі қалыптасқан ережелерге тәуелді болды., өз дегенін жүзеге асыра алмады. Конфуцийдің ілімі бойынша, әрбір адам өзінің қоғамда алатын орнын жете білу қажет. Адамдар өз құқын, өзіне тиімті орнын, қандай жағдайда не істеу қажетігін толық білгенде ғана қоғамда тәртәп орнап, тыныштық жағдай қалыптасады. Мұндай қоғамдық -әлеуметтік тәртіпті Конфуций және оның жолын қушылар мәңгілік, әрі мүлде өзгермейді деп есептеді. Сөйтіп, қытай қоғамыжоғарыдағылар және төмендегілер болып екіге бөлінді, алғашқылары мемлекетті басқару істерімен шұғылдана, соңғылары қарапайым еңбекпен шұғылданып, бағыныштылық жағдайда болулары тиіс болды.Қоғамды жоғарыдағылар және төмендегілер деп жікке бөлудегі басты өлшем тек қана байлық қана емес, сонымен қатар қытай азаматтарының цзюнь-цзы идеалдарына жақындығы және оған жан-тәнімен берілгендігі болып саналады. Формальды түрде бұл жағдай кез-келген қытайлыққа жоғарыдағылар қатарына жол ашқанымен, шын мәнісінде, мүлде олай емес еді, өйткені шенеуніктер сословиесі қарапайым халықтан алынбас қамалмен бөлінген болатын. Ол-қамал сауаттылық, яғни иероглифтер қамалы болатын. Қытай елінің бүкіл тарихында адамның қоғамда алатын орны мен оның әлеуметтік жағдайы сауаттылықпен өлшеніп келгендігін еске алсақ және қарапайым халықтың бұл межеге шығы бермейтіндігін ескерсек, қалыптасқан жағдайдың сырын түсінуге толық мүмкіндік аламыз.

Конфуций ел басқарудың басты мақсаты-халықтың мүддесі деп жариялады. Оның әрбір қағидасын ескере отырып, ұлы уағызгердің басты элементтерін атап көрсетті, олар: біріншісі-халық, екіншісі-құдай, үшіншісі-әмір-патша. Бірақ, халықты бірінші орынға қоя отырып конфуцийшілдер “қарапайым халықтың мүдделері өздеріне де түсініксіз, сондықтан да білімді ел билеушілердің көмегінсіз мүлде өмір сүре алмайды” деп санады. Конфуцийдің әлеуметтік тәртібінің басты қағидаларының бірі-үлкендерді сыйлау, оларға бағыну. Олар үлкен бедел иелері, олай болса, олардың айтқандарын мүлтіксіз орындап, еркіне бағыну-мемлекет ішіндегі мүлтіксіз орындалуға тиісті ережелер болып есептелінеді. Бұл жағдай жанұялық өмірге де қатысты болды. Сондықтан да болар, Конфуцийдің “Мемлекет дегеніміз- үлкен жанұя, ал жанұя кіші мемлекет” деген қағидасы Қытай елінде берік орнығып, өзінің өміршеңдігін көрсетіп отыр. Оның басты нәтижесі күні бүгінге дейін қытайлықтардың ата-анасын және үлкендердің сыйлап-құрметтеуді ұлттық дәстүрге айналдырғандығы болып табылады. Жанұялық-мемлекеттік бағыныштылық принциптерінің өміршеңдігі 1989 жылы Тяньаньмэнь алаңындағы(Пекинде) студенттер қозғалысының жеңілісінің қорытындыларынан айқын аңғаруға болады. Ғасырлар бойы үлкендер мен ата-анасын сыйлауды дәріптеген қытай қоғам саяси билікте мемлекеттік даналықты бойына жинақтаған ел басшысына қарсылықты батыл айыптады.

“Ата-бабаларға” табыну-ежелгі Қытайда кеңінен орын алғаны тарихтан белгілі. Осы бір ежелден қалыптасқан дәстүрдің мазмұны мен түрін ғана өзгерткен Конфуций оған ерекше мән бере отырып, бұл табынушылықты әрбір қытай азаматының қоғамдағы басты міндетіне. Тәртәп нормасына айналдырды. Сөйтіп, осындай мақсатты жүзеге асыруға негізделген “Сяо” яғни, “балалар құрметі” ілімі өмірге келді. Конфуцийдің пайымдауынша “сяо” адамгершіліктің негізі болып саналады. “Сяо” ережелері-ата-анаға қалтқысыз құрмет көрсетуді, оларды ли дәстүрімен жерлеуді және дәл осы тәртіппен ата-аналар құрметіне құрбандықтар шалып отыруды қатаң талап етеді. “Сяо” тәртіптері

бойынша қандай жағдай болса да, тіпті әкесі ұры немесе кісі өлтірсе де балалары әке-шеше алдындағы борышын адал атқаруы шарт.

Уақыт өткен сайын “сяоның” ата-ананы құрметтеу туралы өмірлік қағидалары қытай қоғамында тамырын терең жайып, халықтың шексіз құрметіне бөленді. Айтылған пікіріміз дәлелді болу үшін баланың ата-анаға қарым-қатынасын көрсететін бірнеше мысалдар келтірейік. Бірінші мысал Сегіз жасар бала маса өзін қанша шақса да, әке-шешесін мазаламаймын деген оймен оларды ешбір қақпай осы бір азапқа төзіп, шыдамдылық танытады. Екінші мысал, аштық жылында әбден әлсіреген әкесінің өмірін сақтап қалу үшін “үлгілі бала” өз етінен ет кесіп, әкесіне сорпа пісіріп береді. Бұл мысал әңгімелерден қытайлықтардың өз балаларын жас кезінен бастап-ақ, әке-шеше үшін қандай құрбандықтарға болса да дайын болуға тәрбиелейтіндіктерін байқауға болады. Осы орайда, қытайлықтардың бүкіл өмірі ата-бабалардың қатал да, талапшыл “қазылардың” алдында ұдайы есеп берумен өтті ме екен сияқты ойға да қаламыз. Қытайлықтар, тіпті өлілер де тірілердің іс әрекеттерін бақылайды деп түсінген.

Конфуцийдің “ата-бабаларды” құрметтеу және “сяо” ережелері қытайлықтарды жанұяны ыдыратпай, тату-тәтті өмірге тәрбиеледі. Жанұя қоғамның негізгі тірегі деп саналды, жанұялық мүдделер жеке адамдардың мүддесінен жоғары қойылды. Сондықтан да болар, олар махаббатты жәй ғана сезімдік құбылыс деп санап, оны жанұя мүддесінен төмен алып қарады. Жас жұбайлар арасында махаббат болмауы да мүмкін, бірақ бұл жағдай жанұяның тату-тәтті өмір сүруіне ешбір нұқсан келтірмеуі және ерлі-зайыптылардың қоғам алдындағы әлеуметтік –жанұялық парыздарын ойдағыдай өтеуіне ешбір кедергі жасамауы керек болды. Ұрпақты жалғастыру мәселесіне дәл осындай мемлекеттік дәрежеде мән берілуінің арқасында Қытайда жанұялардың саны өсіп, ал өз кезегінде, бұл жағдай халық санының күрт өсуіне себепкер болған. Бір атап өтетін жәйт, Қытайда үлкен жанұялар өте көп болған. Олардың құрамында ағайындылардың жанұяларымен қатар, ағайынды адамдардың туған-туысқандары, немерелері де болған. Мұндай жан-ұялардың іргенсі, әдетте, әкесі қайтыс ыолған жағдайда ғана бөлінетін болған. Әкесі қазаға ұшыраса үлкен ұлы жанұяның бүкіл билігін қолына алған, әкеден қалған мұраның үлкен үлесі де үлкен баланың еншісіне тиген, ал қалған дүние-мүліктер басқа жанұялар арасында тепе-тең бөлінген. Өз кезегінде, жаңадан бөлініп шыққан жанұялар көп уақытқа дейін үлкен ағасына тәуелді болып, оның айтқандарын мүлтіксіз орындап отыруға тиісті болған. Жанұялық берік тәртіп және ынтымақ пен бірлік үстемдік еткен мұндай шаңырақтар қиын жағдайларда бір-біріне қол ұшын беріп, көмектесіп отырған. Мұндай туысқан жанұялар топтары көп жағдайларда үлкен ауылдар тұрғындарының басыми көпшілігін құраған. Олардың күші мен белеінің жоғарғы болғандығы соншалық туысқандар топтарының пікірлерімен өкімет орындары да санасып отыруға мәжбүр болған. Ағайындар тобының өздерінің жекеменшігінде рулық храмдары және жерлері болған. Оларды өкімет тарапынан озбырлық жасап, тартып алуға тыйым салынған. Рулық храмдарда мейрам күндері жүздеген ағайын туысқандар бас қосып, мәжіліс құрған. Бұл бас қосуларда тұрмыс-тіршілікке қатысты көптеген мәселелер шешіліп отырған.

Қытайдағы түрлі дәстүрлер тоғысында конфуцийлік ағым даосизм мен буддизмнен де басым болып, өзінің өміршеңдігін танытты. Бірақ, Конфуций ілімі оларды мүлдем ығыстырған екен деген ұғым туып қалмауы керек. Қалай болғанда да император У-дидің билігі кезінде Конфуций ілімі жұлдызы жанып үш діннен (сан цзяо) де мерйі үстем болып, қытай қоғамында ерекше орынға ие болды. Конфуций ілімінің үстемдігін кездейсоқ жағдай деп қарастыруға мүлдем болмайды олай болатын себеі бұл жүйе осы бір ұлан байтақ империяны басқаруға өте қолайлы болса, екінші жағынан қарапайым, халықты бағыныштылықта ұстаудың басты кепілі болды. Оның үстіне шененіктер аппараттаы осы діннің қағидаларына сүйене отырып, кей кездерде императорларға да ықпал ете алатындай дәрежеге жетті. Өйткен, императорға елді басқаруда шексіз билік берілгеніне қарамастан, император Конфуцийқағидаларынан ауытқыса, немесе шектен тыс астамшылық жасап өз билігін дұрыс жүргізбесі, қоғамда экономикалық және әлеуметтік тоқырауларға жол берсе, сөйтіп өзінің сүреңсіз іс-әрекеттерімен халық наразылығын тудырса өз құқықтарынан мүлде айырылатын еді. Міне сондықтан да бұл тезис Конфуций ережелерінен ауытқыған императорларға үлкен ескерту сияқты болатын. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда. Конфуций ілімі саясатқа да, әкімшілік жүйенің қалыптасуына да өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Бұл ілім қоғамының саласының жан-жақты қамтып қана қоймай, бүкіл қытай халқының ұлттық мәдениетінің қалыптасуына орасан зор ықпал жасады. Сонымен қатар бұл ілім дінге қарағанда мемлекеттік идеологияға және мемлекеттік адамгершілік заңдар жүйесіне өте жақын екендігін ерекше атап өткенді жөн көрдік.

Қытай мәдениет, қытай өнері даналық өмірлік қағидалар мен терең философиялық идеяларды өз бойына сіңіре білген өзіндік бет-бейнесі бар ерекше мәдениет. Қытай халқының мәдени туындыларында адамзатты қоршаған дүние әсемдігі мен табиғат үйлесімділігі тамаша көрініс тапқан. Адамзат баласы мен табиғаттың біртұтастығы, олардың өзара үйлесімділік жағдайында

болуы- қатай өнерінің негізгі арнасыболды. Басқаны былай қойғанда, қытайлықтардың жазу өнерінің өзі де өте әдемі болып келеді және бұл өнерді игеру басқа мәдениет өкілдерінің қолынан келе бермейді. Ортағасырларда латын жазуы Еуропа елдерінде қандай рөл атқарса, қытай иероглифтері де Шығыс Азия мемлекеттерінде дәл сондай дәрежеге көтерілді. Вьетнамдықтар мен корейлер ұлттық жазу жүйелеріне көшенге дейін қытай иероглифтерін кеңінен пайдаланған, ал жапондар болса күні бүгінге дейін қытай жазуын пайдаланып келеді. Қытайлықтар иероглифтердің әдемі жазылуына, қағаз бен сияның сапасына, оның түстеріне де қатты мән берген. Шығыс мәдениетінде иероглифтер- көркемдік шығармалар моделінің идеалды түрі болып есептеледі. Иероглифтік туындыларынан айқын аңғаруға болады. Тіпті табиғаттағы ағаш бұтақтарының өзара орналасуы мен өсімдіктер дүниесінің өзі де қытай иероглифтерін еріксіз еске түсіреді.

Каллиграфиялық белгіні қабылдау-дәстүрлі қытай мәдениетінде эстетикалық қана емес, сонымен қатар этиканың ерекше бір саласы ретінде қарастырылады. Қытайлықтар иероглиф белгілердің каллиграфиясына (қалай жазылуына қарай) қарап автордың ішкі жан дүниесінің қандай күйде болғандығын, оны жазған адамның мінез-құлқын анықтайтын болған. Каллиграфияға осынша мән берілгені соншалық, оны өнердің жеке саласы деп қарастырған. Қытай каллиграфиясының әдемілігі-онғың пластикалық элементтерінің әсерлілігінде, табиғи тептеңдіктің сақталуында, әдемі орналасуында. Кескіндеме өнерінің туындыларын бағалауда да каллиграфияға үлкен мән берілген. Каллиграфияны би өнерімен теңестіру өнер адамдарының байқампаздығын, талғампаздығын байқататын сияқты. Өйткені мұз айдынындағы билердің өзі де “мұз каллиграфиясына”, яғни бишілердің мұз айдынындағы іздері арқылы бағаланады ғой. Иероглифтердің жазылуына осыншама талаптардың қойылуының сыры оның табиғатпен үндестік табуына байланысты сияқты. Міне, сондықтан да болар еуропалық мәдениет біздің таңда эколгиялық апаттың алғашқы зардаптарын батан кешіру жағдайында дүниені мәдениет пен өнер арқылы басқаша қабылдаудың түрлі жолдарын қарастыруда. Осы орайда әсем гүлдер мен құстарға, жұпар иісті шөптер мен жан-жануарлар дүниесіне толы табиғаттың “эстетикалық бағын” сақтап, оның қайталанбас табиғи сұлулығын, әсемдігін одан әрі арттыру, -яғни табиғатты аялау, мәдени дамудың асқаралы міндеті екендігіне ешкімнің дауы бола қоймас. Оған дәлел-Қытай елі, Қытай мәдениеті. Қытай - әсем де, нәзік “гүлдер мен құстардың” шөптер мен жәндіктердің отаны. Осы бір табиғаттың құдреті қытай елінде өнер саласындағы гүлдер мен құстар, шөптер мен жәндіктердің отаны. Осы бір табиғаттың құдыреті Қытай елінде өнер саласындағы гүлдер мен құстар жанрының туындауына қолайлы жағдайлар туғызады. 1X-ғасырда өмірге келген бұл жанрдың басты ерекшелігі-өмірге деген көзқарастың жан-жақтылығында, табиғат пен өмірдің кез-келген құбылыстарына эстетикалық көзқараспен қарауда,

Табиғилық пен әсемдікті терең сезіне білуде. Осы аталған қасиеттерді өз бойынша сіңіребілген әрбір өнер адамының шығармашылық тойымсыздығының болуы да осы бір ерекшеліктерге тығыз байланысты болса керек.

Көне заманда жазылған “Слово о живописи Сада из горичное зерно” деп аталатын трактатта осы жанрға тікелей қатысты көркемдік шығармаларды бейнелеу және орындау әдістерінің үлгілері тамаша көрсетілген, бірақ олар , негізінен , даосизм философиясына тән космологиялық принциптерді де өз бойына сіңіре білген. Бұл стильдегі өнер туындыларында бізді қоршаған дүние гүлдер мен ағаштар арқылы бейнеленеді. Гүлдер күнді бейнелеп, ол “ян” принципі бойынша құрылса, ал ағаштың өзі, оның бұтақтары мен жапрақтары Жерді, оның құпия күші “иньді” бейнеледі. Қытайлықтар өсімдіктер дүниесінің мән-мағынасын түсіне білуге үлкен мән берген. Осы орайда өмірге мынадай қағида келген “Гүлге зат деп қарау тағылық, ал жүрегінде күлдер әлеміне жылылығы жоқ адам-хайуан”. Демек, адам гүлдің қожайыны емес, оның қызметшісі, әрбір адам өзінің әйелін қалай сүйсе, гүлді де солай аялап, құрметтеу керек, Тан дәуірінің (УП-1Xғ.ғ) императоры өзінің жасыл бағына әнші-бишілерді, көктемде 0 гүл-бәйшешектің құлпырып гүлдеген кезінде шақыратын болған. Көне заманның ақын-жазушылары өздерінің құпия сырларын тек гүлдермен ғана бөлісетін болған. Бұл тамаша дәстүр бүгінгі заманда мүлдем жоғалып кетті деп айтуға болмайды. Оған дәлел, атақты қытай суретшісі Ци Бай-Шидің шәкіртіне арнап салған “Сырласу” атты суреті. Бұл мұндайда сырлы өнер туындысында бір-біріне қарама-қарсы екі орхидей гүлі салынған. Жан тебіренерлік бұл табиғи көрініс екі гүлдің бір-бірімен сырласуы, шын жүректен шыққан сұхбаты іспеттес. Адамды қоршаған дүниенің сан қырлы құпиялары, табиғаттың әсем көріністері пейзаждық кескіндемеде де жан-жақты бейнеленеді. Пейзажист-суретшілер табиғат сұлулығын көрсетуде әсем көріністерді адам бейнелерімен толықтырып отырған. Мұндай суреттерден күннің баатуын, таң шапағын және тағы да басқа табиғаттың таңғажайып көріністерін тамашалап тұрған адамдарды көреміз. Мұндағы мақсат-адамды табиғатқа етене жақындастыру, оның жан дүниесін табиғат құбылыстарымен үндестіру. Бұл игі мақсатқа өздерінің қомақты үлестерін қосқан қытайлық және жапондық суретші-пейзажистер-пейзаждық стильдің өрісінің

кеңеюіне, оның дамуына даңғыл жол ашып берді.

Қытай мәдениетінде сұлу да, айбынды таулар, тау-тастар өнер адамдарының, оның ішінде, ақындар мен суретшілердің басты назарында болған. Қытайлықтардың тастарға үлкен эстетикалық талғаммен қарағандығы, соншалық көптеген монастырьлер жанынан даңққа бөленген “Тастар бақтары” жасалынған. Нефрит сияқты асыл тастардан сәнді әшекей бұйымдарын жасау халық шеберлерінің үйреншікті кәсібі болса, ал қарапайым тастар элиталық поэзия мен сурет өнерінен кең орын алған. Тастардың қытай елінде өте жоғары бағаланғандығы соншалық, кейбір суретшілер өздерінің аты-жөнінде “шиң” (тас) иероглифін қостын болған. Даолық өнер туындыларында су ыйдындары, сарқырамалар, ақша бұлттар және тағыда басқа табиғаттың әсем құбылыстары әсерлі бейнеленіп, олар жайында арнайы даосистік трактаттар жазылған.

Қытай эстетикасында сурет өнерін бағалауда каллиграфиямен қатар философия ғылымы да ерекше рөл атқарды. “Өнер, өнер үшін” деген қағидадан бас тартқан қытай суретшілері өздерінің табиғи дарындылықтарын адам бойындағы адамгершілік, ізгілік қасиеттерді басқа даосистік мәдениеттің ғасырлар бойы бай тәжірейбесі, дәлірек айтқанда, өнердің сан-саласы арқылы табиғат сұлулығын жан-жақты көрсетуі арқылы адамдардың бұл өмірге деген шынайы көзқарасын қалыптастыруда ерекше орын алып отыр.

Конфуцийлік-даосистік мәдениет шеңберіндегі білімнің сипаты білімді батыс еуропалық тұрғыдан түсінуден мүлдем басқаша болып келеді. XX ғасырда Еуропа ойшылдары қытай халқы мен қытай даналарының рухани және интеллектуальдық жетістіктеріне немқұрайлы, менсінбеушілік тұрғысынан қарап келді. Басқан ы былай қойғанда, атақты Гегельдің өзі де қытай философтарының еңбектерін жете бағаламаған. Ол Конфуция жайында былай деп мәлімдеді: “Оның ілімі философиялық тұжырымдардан жұрдай, ал оның шығармаларына баға беретін болсам, автордың беделін сақтау үшін оларды шет тілдеріне аудармай-ақ қойған жөн болар еді.” Бұл мәселе төңірегінде көптеген ғылыми зерттеулер жүргізген Батыс Еуропалық ғалым М. Каррьер былай деп жазады: “Әрине, қытайлықтардың еуропалықтардан бұрын талай жаңалықтар ашқандығына ешкім шүбә келтірмейді, бірақ олар тек өз пайдаларын ғана көздеді, сондықтан да бұл жетістіктер нағыз ғылым дәрежесіне көтеріле алмақ емес”. Мұндай үзілді кесілді айтылған пікірлер бізді мынандай ойға жетелейді білімдегеніміздің өзі не, ал егер ол адамзаттың игілігі үшін қызмет ететін болса білімнің өзі Қытай мәдениетінде қандай орын алған? Осы орайда, білімнің қоғамдық-тарихи тәжірибе арқылы тексерілген, ғасырлар ағымында ой елегінен өткізілген өмірлік шындықты тану процесінің заңды нәтижесі болып табылатындығын ешкім де жоққа шығара алмас. Түрлі салаларға бөлінген “білім жүйесі” мәдениетпен, оның дәстүрлерімен және құндылықтардүниесімен тығыз байланысты болды. Олай болса, әрбір тарихи кезең мәдениетінің өзіндік менталитеті, өзіндік құндылықтары бар. Сонда төлтума мәдениеттен басқа мәдениеттерді қалай бағалауымыз керек? Бұл жайында В.М. Алексеев былай деп жазады “Мәселе біздің жат елдің мәдениетін қалай қабылдауымызда емес, мәселе сол мәдениетті жасаушы қытайлықтардың өздеріне байланысты. Біздің әсеріміз, ой-пікіріміз қытайлықтардың өзара рахаттанып, ал біздердің таң қалғат сәтімізден басталады”. (Попов Е.В. Введение в культурологию. М., 1995, С.153)

Білім туралы конфуцийлік ілім әлеуметтік -өнегелілік мәселелерге арналған. Конфуций үшін “білу”- ол адамдарды танып-білу Конфуцийді онша қызықтырмаған. Шындығында да қытай ғалымдары ғылым мен техника саласында қомақты табыстарға жеткен. Тіпті Конфуций өмір сүрген кезеңнен бір мың жыл бұрын Хуанхэ жазығының байырғы тұрғындары күнтізбені, иероглифтерді және т.б. білген. Одан кейін олар қормасты, оқ дәріні ойлап тапқан, фарфор жәе жібек жасауды меңгерген. Бірақ Конфуций ғылыми-техникалық білім өте қауіпті, ол адамдардың рухани жетілуіне кедергі жасайды деп түсінген. Ол адам бойындағы табиғи қасиеттерді одан әрі дамытуды және оның кемшіліктерін жоюда өзінің басты азаматтық парызы деп түсінген. Ұлы ғұлама өз шәкірттеріне “Адамды ұлылыққа жеткізетін шындық емес, керісінше шындықты ұлылық дәрежеге жеткізетін – адам” деп қайталауды өте жақсы көрген. Конфуций адам бойындағы қателік – кемшіліктерді сырттай бақлап қанақоймай, оның жіберген қателіктерін мұқият зерттеуді өз шәкірттерінен қатаң талап етіп отырған. Ол кітаби білімді өмірден алшақ, сондықтан да ол ақылды адамның өзінде ақымаққа айналдырып жібереді деп есептеп, бұл ойын былай деп тұжырымдаған: “Сіз канонның үш жүз өлеңін жатқа айтуыңыз ғажап емес, бірақ сіз мемлекет сеніп тапсырған тиісті қызметіңізді ойдағыдай атқара алмасаңыз қаншама ғұлама болсаңыз да сіздің сіздің білімдігіңізден не пайда?”

Конфуций үшін тәжірибе-еңалдымен адамдар арасындағы қарым-қатынаста болып саналады. Дана адамның бойындағы еңбасты қасиеттер-халықтан алшақтамауында, халық қала өмір сүрсе, дәл солай тіршілік жасауында, қоғамдық салт-дәстүрлерді қатаң сақтай отырып, өмірден моральдық жағынан қанағат алуды басты орынға қоюында. Қытай қоғамында салт-дәстүрлер, салт-жоралар өмір сүрудің басты шарттары болып саналады. Демек, Конфуций үшін де салт-

жоралар адам тіршілігінің, оның қоғамдық қызметінің негізі, адамгершілік қасиеттердің басты өлшемі, адамның белгілі бір ортада өзін-өзі ұстай білудің ережелері болады. Ұлы уағызгер адамның өзін -өзі ұстай білуі жөнінде “Әңгімелер мен ой - толғаулары” атты еңбегінде мынандай ақыл-кеңестер береді “Қай ортада отырсаң да өзіңді құрметті қонақты қабылдап отырғандай ұстаға дағдылан. Қызмет бабында да өзіңді салтанатты құрбандықтарға басшылық жасап отырған адамдай сезін.Өзің қаламаған нәрсені басқаларға жасаудан сақтан. Осы айтылған өмірлік қағидаларды мүлтіксіз орындағанда ғана жанұяға ғана емес, сонымен бірге мемлекет мүддесіне ешқандай нқсан келтірмейсің”.

Конфуцийдің ілімі бойынша, салт-жораларды қатаң сақтаушы адамдар өзін қоршаған барлық адамдармен де татулық қарым-қатынаста өмір сүреді. Салт-жораларды сақтауда, әсіресе адам бойындағы “ұстамдылық” қасиетке айрықша мән-мағына берілді, өйткені ұлы ойшылдың пайымдауынша, ұстамдылық-өмір сүрудің негізгі шарты болып саналады. Сонымен қатар адамгершілік қасиеттер аясында саналылық пен ақылдылық және парыз бен қарызға да ерекше мән берілді. Осы сияқты адамгершілік қасиеттерді аққа таптаған адамдарды “қытайша сөйлейтін жанура” деп атаған. Демек, Конфуций үшін адамгершілік-адамның мәдениеттілігінің ғана емес, сонымен бірге адам бойындағы бүкіл ізгілік қасиеттердің басты өлшемі болып саналады. Адамгершілік- адамның өз-өзіне жол табуы, ал ол жолды әрбір адам өзі таңдауы қажет. Ұлы данадан “Даналық дегеніміз не?” деп сұрағанда ол – “даналық дегеніміз”-халықтың болашағы мен игілігі үшін аянбай қызмет ету және рухтарды қастерлей білу деп жауап берген екен. Ал, “құдайлар мен ата-бабалар рухына қалай қызмет ету керек?” деген сұраққа “Сен адамға қалай қызмет етуді білмей тұрып, рухтарға қалай қызмет жасамақсың” деген жауап алған екен. Рухтардың бар екендігін мойындай отырып, Конфуций салт-жоралардың тәрбиелік және адамгершілік жақтарына баса назар аударады. Ендеше, оған діннен гөрі этиканың өте жақын болғандығы даусыз. Осы орайда “Ұлы дана дінге деген көзқарасын айқындап, неге белгілемеген?” деген орынды сұрақ туады. Оның сыры – Конфуций ілімінің бүркенші дін болуында, бұл адамның өмірлік принциптерін діни тұрғыдан қарастырады, сол арқылы адамгершілік және моральдық құндылықтарды қалыптастырады. Конфуций іліміндегі адамның моральдық қасиеттері мәдениет түрінде көрініс тапқан. Өзін қоршаған ортаның қаталдығы мен зұлымдықтары жағдайында, басына қаншама тауқымет түсіп қиналса да ұлы уағызгер ешбір мойымаған, тіпті өмірінің сан-сағаттарында да өзін-өзі ұстай білген. Ол мұндай сәттерде көк тәңірінің құдретіне қатты сеніп “Көк менің қазаға ұшырауыма жол беруі мүмкін емес деп қайталауды жақсы көрген.”

Демек, көк тәңірінің қалауын сезініп-білу деген сөз —бұл өмірде өз жолыңды, өз тағдырыңды табу деген сөз. Жол (дао) ұғымы өз ілімін өз тағдырымен тығыз байланысты қарастырған Конфуций үшін басты нәрсе болып табылады. Ол үшін “дао”- шындық және әділдік жолы. “Дао” – жеке адамның ғана емес, бүкіл халық өмірінің шындығы. Шындық жолынан адамды да, халықты да күштеп, зорлықпен тайдыруға болмайды, ол адамның рухани байлығымен, адамдардың бірін-бірі түсінісе білу қасиеттерімен сабақтасады. Оның пайымдауынша “Шындық жолы” өз бастауын адам табиғатынан алып, адамдар арасындағы қалыптасқан шынайы қасиеттердің нәтижесінде одан әрі толыса түседі. “Шындық жолы идеясы”-адам мен көктің арасындағы көзге шалынбайтын, бірақ еш уақытта да үзілмейтін өзара байланыстардың бар екендігін айқындайды

Адамның жан-жақты жетілуі туралы мәселеге үлкен мән бере отырып, ол иерархиялық білім жүйесін жасады. Оның ойынша, білімді адамдар қоғамда қаншама жоғары бағаланса да, олардың адамгершілік қасиеттері әр уақытта да бірінші орында тұруы қажет. Білімділік адамды келелі істерге батаса, адамгершілік дегеніміздің өзі-білімді жүзеге асыру болып шығады. Білім адамзатқа даналықпен бірге адамгершілікті де сыйлайды. Ол былай деді: “Адамды ұлылыққа жеткізетін дао (жол) емес, керісінше, даоны (жолды) ұлы қылатын адам.

Бүгінгі таңда Конфуций идеялары қытай мәдениетінде кеңінен орын алып, өзінің өміршеңдігін корсетіп отыр. Талай жан-түршігерлік қоғамдық -саяси күйзелістерді бастарынан кешірген Қытай, Корея, Жапония, Оңтүстік –шығыс халықтары даосистік-конфуцийлік мәдениеттен рухани азық алуда. Жапонияның, Қытайдың, тайваньның, Оңтүстік Кореяның қазіргі замандағы таңқаларлық мәдени жетістіктерінің сыры осында болса керек. Керек десе, Қытай елінде Конфуций ілімі тағы да елдің рухани өмірінің негізі деп жарияланып отыр . Олай болса, конфуцийлік –даосистік мәдениеттің тамыры тереңде жатыр, ол қоғамның шығармашылық мүмкіндіктерінің қозғаушы ұлы факторына айналып отыр.



## 2.5 Антикалық мәдениет

Шығыстағы бірнеше белгілі өркениеттерге типологиялық талдау бергеннен соң енді Батысқа қарай ауысайық. Батыс дегенде есімізге бірден түсетіні атақты ежелгі Грек елі екендігін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. “Гректер –дейді Гегель,-біз өзімізді үйде жүргендей сезінеміз”. “Біз әлемге грек сөзімен қараймыз және олардың сөз тіркестерімен сөйлейміз – деген Якоб Бурхарт.

Алайда бүкіл адамзаттық өркениет бастамасын тек Элладаға әкеп тіреп қойған еуропалықтардың көзқарасы келісімсіз. Грек және Рим өркениеттерін Ұлы Шығыс мәдениеттерінсіз қарастыруға болмайды. Бұл жерде “қытай дуалы” тұрған жоқ. Тіпті Грек өркениетінің бастапқы түрі Крит-Миной мәдениеті үнді-еуропалық халықтар Элладаға қоныс адарғанға дейін қалыптасқан.

Антикалық өркениетті төрт кезеңге бөледі:

1. Крит-Миной мәдениеті (б.з.б. XX-ХУғ.)
2. Ежелгі Эллада мәдениеті (б.з.б ХУ-У ғ.)
3. Классикалық Грек мәдениеті (б.з.б. У-Уғ.)
4. Эллинистік мәдениет (б.з.б.1У-Уғ.)

Антикалық өркениеттің әр кезеңінің өзіндік ерекшеліктері бар . Егер Крит-Миной мәдениетін алсақ, онда оның Жерорта теңіздік мәдениеттермен үндестігін байқаймыз ( египеттік, хеттік, шумерлік т.б. Крит аралындағы алып сарайлар, монументалдық өнер, сына жазу осыған куә. Кейбір зерттеушілер Миной өркениетін Атлантидалық болжамдық мәдениеттің мұрагері деп есептейді.

Архаикалық грек мәдениеті ең алдымен мифологиялық сипатта болды және Гомер есімімен байланысты. Атақты Грек мифтері осы кезде қалыптасты. Мифологиялық грек мәдениетінің ең негізгі ерекшелігі – оның синкреттіктұтастығы (әлі ажырамаған бірлік) . Бұл мифологиялық санада субъект пен объект, ұғым мен бейне, адам мен табиғат бір-бірінен бөлінбеген, олардың арасында үйлесімдік бар. (кейінірек грек философиясында ол макрокосмос пен микрокосмостың гармониялық тұтастығы идеясы болып қалыптасты). Грек мифологиясының тағы бір өзіндік көрінісі ондағы табиғатты құдай деңгейіне көтеріп, оларды адамға жақындатумен байланысты. Мысалы, Гео-жер,

Уран-аспан, Океан-мұхит, Прометей-адамға от сыйлаған. Афины –ақылдылықтың кепілі.

Ежелгі гректердің рухани мәдениетінің бүкіл адамзат өркениетінде өшпес із қалдырған түрі – кемеліне жеткен антикалық өнер. Бұл жерде ең алдымен ұлы грек трагиктері Эсхил, Еврипид, Софоклдың , комедиограф Аристофан, мүсінші Фидий т.б. есімдерін атап кеткен жөн.

Грек мәдениетінің, өзіндік санасының терең тамырларын айқын көрсететін көркенм туынды-Эсхилдің Эдип туралы “Фивке қарсы жетеу” атты трагедиясы. Грек мифологиясында Эдип-Фивылық патша Лая мен оның әйелі Иокастаның баласы. Дельфылық жорамалшы Эдип өскен соң өз әкесін өлтіріп, шешесіне үйленеді дейді. Осыны естіген әкесі нәресте Эдипті тағы аңдардың арасында апарып тастауға бұйрық береді. Бірақ оны бақташылар құтқарып, баласы жоқ Коринф патшасы Полибке сыйлайды. Кейін Полибтің орнына патша болған Эдип бір қақтығыста білмей өз әкесін өлтіреді. Фиваны жауыз Сфинкстен құтқарғаннан соң ол өз шешесіне үйленеді. Кейін ақиқатты білген Эдип өзін-өзі соқыр етіп қаңғып кетеді. Бұл мифте адамның жауапкершілігі, адамгершілік принциптерінің бағасы, кінә мен жаза жөнінде келелі мәселелер қозғалған.

Антикалық өркениетте мәдениетті адам деп төмендегідей талаптарға сәйкес тұлғаларды айтқан

а) полистік (қала-мемлекет) - қоғамның азат мүшесі, эллин ретінде халқын және өзін-өзін қадірлеу сезімі жоғары деңгейде;

ә) ол жас кезінен атлеттік-гимнастикалық, мускалық (өнерлік) және паядеялық (білімділік) толық тәрбие алған;

б) ол Гомерді жатқа біледі, яғни ата-бабларын құрметтейді және театрға үзбей барады.

Грек мәдениетіндегі өте маңызды ұғым-каллокагатия. Оның тура аудармасын “әдемілікке қосылған жақсылық” деп жеткізуге болады. Каллокагатия – тән сұлулығы мен жан сұлулығының біріккен ырғағы.

Антикалық өркениеттің адамзат мәдениетіне қосқан елеулі үлесі – грек философиясы. Фалес пен Пифагор, Гераклит пен Демокрит, Сократ пен Платон, Аристотель мен Эпикур өздерінің терең философиялық жүйелері арқылы бүкіладамдық ойлау, оның дүниетанымын жоғарғы деңгейге көтерді.

Ертедегі грек философиясының микрокосмос пен макрокосмостың арасындағы үйлесімділік, сан алуандылықтың түпкі негізі (субстраты мен субстанциясы), әлемді айқындаушы Логос идеясы және себептілік пен қажеттіліктің абсолюттігі , адам бүкіл шындықтың өлшемі, идеалды дүние туралы қағидалары тек Батыс дүниетанымына емес, сонымен бірге бүкіл адамдық парсатқа өзінің



түбегейлі әсерін тигізді.

Александр Македонскийдің дүниежүзілік империясында эллинизм түріндегі грек мәдениетін сол жердегі барлық өркениеттер жоғары үлгі ретінде қабылдады. Кейін империясы да эллинистік негізде өркендеді. Эллинизмнің аяғы-орта ғасырлардың басы.

## 2.6 Христиандық мәдениет

Өзінің табиғаты жағынан сан қырлы, әрі жан-жақты болып келетін христиан мәдениеті-Исус Христос дінін қабылдаған барлық халықтарға тән мәдениет болып саналады. Христиан дінін біздің заманымызға дейін 1 ғасырда құдыретті Рим империясының шығысында қалыптасты. Алғашқы кезде иудаизмнің бір тармағы ретінде пайда болған бұл дін б.з.б. 50-ші жылдары қасиетті Павелдың арқасында миссионерлік дін дәрежесіне жетті. У ғасырда Рим императоры Константин Константинопольде христиан дінін мемлекеттік дін деп жариялады. 1054 жылы христиан діні: католиктік және православиелік болып екіге бөлінсе, ал ХУ ғасырда бұл діннің жаңа тармағы-протестанттық ағым пайда болды.

Иудаизмнің ықпалынан тез босанған христиан діні азғантай уақыт шеңберінде өзіне тән наным-сенімдері, құдайға құлшылық еті дәстүрлері мен шіркеулік ұйым жүйесі қалыптасқан тәуелсіз дінге айналды.

Исус Христостың “өмірбаяны” б.з.1ғ. жазылған Евангелияларды жан-жақты баяндалған. Оларда былай делінген: Христосты өмірге келтірген - Қасиетті Мария. Христос христиандық діни қағидаларды Палестинада уағыздаған, адамзаттың жарқын болашағы жолында талай таңғажайып істер жасаған. Еврей абыздарының талабы және Рим прокураторы Поний Пиалттың бұйрығы бойынша Исус Христосты креске таңып тастайды, бірақ оосы бір ауыр азаптың үшінші күні ол қайтадан тіріліп, қырқыншы күні аспан әлеміне шығады.

Христиан діні құлиеленуші Рим империясының әбден құлдырып, қоғамдық өмірдің терең экономикалық әлеуметтік тоқырау белең алған кезді өмірге келді. Бұл тоқыраудың келеңсіз көріністері Рим қоғамының барлық саласын қамтып, кеңінен қанат жайды. Байлық пен масапқұмарлық етек алып, қатыгездік жауыздық іс-әрекеттердің шегі болмады. Маскүнемдік көре алмаушылық, бұзықтық сияқты адам бойындағы жат қылықтар қанат жайып, қоғамдағы әл-ахуал барған сайын шиеленісе түсті. Құлдардың саны барған сайын көбейіп, олар малдан да жаман жағдайда өмір сүрді.

Римдің қоғамдық өміріндегі қалыптасқан мұндай әлеуметтік-экономикалық дағдарыс бұрыннан қалыптасқан діндердің құлдырауына әкеліп соқты. Атақты Рим тарихшысы Тацит ( 55-120 жылдар шамасында өмір сүрген) өзі өмір сүрген ортаны өткір сынға ала отырып, тіпті көне заманның ел мойындаған даналарының да, олардың жолдарын қушы ізбасарларының өз араларында да дағдарыстың орын алғандығын, бір-біріне кереғар, қарама-қарсы көзқарастардың күшйе түскендігін, тіпті құдайларға деген көзқарастардың да терең өзгерістерге ұшырағандығын және қоғамда торығушылық көңіл-күйдің белең алғандығын ашына жазды.

Дәл осындай әлеуметтік-экономикалық тоқырау жағдайында ақыл-ой иелері тығырықтан шығудың жолданы жан таласа іздестіре бастады. Халықтың санасында берік орныққан көне құдайлардың беделінің күрт төмендеуі түрлі өсек-аяңның, мистиканың, дүмшеліктің, ырымшылдықтың, жоққа-барға наушылықтың, сиқыршылық пен дуалаушылықтың сенушіліктің кең етек алуына әкеп соқты. Сөйтіп Рим империясындағы әлеуметтік-экономикалық тәртіптердің іріп-шіруінің салдарынан қоғамдық өмірде жағымсыз көріністер барған сайын асқындап, адамгершілік қасиеттер аяққа тапталды.

Осы орайда христиан діні пайда болғанға дейін messiандық идеяның өмірге келгендігін атап өткен жөн. Көне ғасырдың жазбаларында, Вавилонның мифологиясында, иудаизмде, зороастризмде дүниені апттан құтқарушылар жайында діни ұғымдар мен сенімдер қалыптаса бастады.

Messiандық идеялар мен эсхотология өте тығыз байланысты дамыды (Эсхотология-ақырзаман жайындағы және дүниенің қайта жанжануы жөніндегі ілім). Бұл ілім бойынша, ақырзаманнан кейін, яғни адамзат өзінің белгілі бір тарихи даму сатысына жеткеннен кейін жаңа дәуір басталады. Бұл қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған рахат өмір мен әділеттік үстемдік ететін “алтын ғасыр” болып саналады.

Христиан дінінің қалыптасып, оның кеңінен таралуына көптеген ғұлама-даналар өздерінің қомақты үлестерін қосты. Солардың бірі- б.з.б. 20-шы және б.з. 54-шы жылдарында өмір сүрген, Ф.Энгельс “Христиан дінінің нағыз атасы” деп дәріптеген Филон Александрийский болды. Филонның діни сарындағы белгілі еңбектерінде гректің идеалистік философиясы мен иудейлік мифологияның көзқарастары жан-жақты талқыланды. Ұлы философ Плантонның тікелей ықпалымен өз санасындағы құдайдың бойынан әдемілік, даналық, ізгілік сияқты талай тамаша қасиеттерді табады. Оло дүниені құдайтағаланың жаратқандығы туралы идеяны өмірге келтіреді., мансап пен байлықты аусыз сынап, құдай алдында барлық адамдар тең деп жариялады. Олай болса оның әлеуметтік сарындағы идеялары-христиан дінінің қалыптасуының алғашқы сатысында оған тікелей әсер еткен құнды да, маңызды идеялар болып саналады.

Христиан дінінің болашағы мен оның өмірлік тағдыры. Сенеканың (б.з.б. 4-ші жыл мен б.з.б. 65-

ші жылдар аралығында өмір сүрген) атымен де тығыз байланысты. Сенеканың пайымдауынша, табиғи материя-дүниенің төменгі бастамасы болып табылады, ал оны тірілтушы құдай. Құдай барлық тіршілік атаулының иесі, адамзат баласының, одан қалды бүкіл тіршілік атаулының тағдыры тек қана соның қолында. Олай болса тағдырмен таласуға мүлдем болмайды, Құдай өз жолымен ғана жүреді, ал дұрыс жолға түскендерді құдай әрқашанда қолдап, сүйемелдеп отырады. Адамның ақыл – ойы, рухы – құдай, рухының “ұшқыны” соның бір бөлшегі ғана.

Христиандық мәдениетке Сенеканың “барлық” адамдардың жан-дүниелік қарым-қатынастарының теңдігі туралы ой-толғамдары, баға жетпес діни тұжырымдары ерекше ықпал еткендігі даусыз ! Бұл діни қағидалар бойынша, жер бетінде тіршілік етуші барлық адамзат баласының бір ғана ортақ анасы бар, ол-бізді қоршаған дүние. Құлдық жанның емес, адам денесінің жағдайы. Онда ерлік, қайырымдылық, адамгершілік, ара-нмыс бар, сондықтан да мұндай қасиеттерден жұрдай мырзалардың өздері де әрқашанда қарамағындағы құлдарынан да төмен тұрады. Сенеканың осы бір қағидасына байланысты болса керек, алғашқы христиандық қауымдар жапа шеккендер мен қаналушылар есебінен құрылды. Уақыт өткен сайын христиан қауымдары өз беделдерін бұрынғыдан да нығайта түсті. Әсіресе олардың адамдардың бірін-бірі қолдап, әр уақытта да бір-біріне көмектесіп отыру қажеттігі жайындағы ойлары халық тарапынан қолдау тапты. Христиандық қауымдар сананың қаулап өсуі христиан догматтарын бір жүйеге келтіруді қажет етті. Христиан дінінің негізгі қағидалары Библиядан (Інжілден) және “шіркеу аталары” деген абыройлы атқа ие болған дін қайраткерлерінің таңдаулы діни еңбектерінен алынған. Христиан дінінің негізгі бағдарламалық құжаты – Исус Христостың өмірі жайындағы жеке-жеке төрт әңгімеден тұратын “жаңа заң” болып есептеледі. Ал христиан дінінің басты қағидалары Никей (325ж) және Константинополь (381ж.) соборларында қабылданған 12 пункттен тұратын “Сенім белгісінде” кеңінен баяндалған, ал кейіннен өткізілген соборларда Никей соборында бекітілген жеті қағида мен Константинополь соборында бекітілген бес қағиданы өзгертпеу және толықтырмау туралы шешім қабылданды.

Христиан діні жаңа дін болғандықтан ғана емес, ең бастысы-бұл өмірде жапа шегіп, әбден түңілген мыңдаған адамдардың көкейкесті арман-мақсаттарына сай болғандықтан ғана қызу қолдау тапқандығын естен шығармаған жөн. Адамзат баласына деген ұлы махаббаты үшін өз “ұлын” құрбандыққа шалған құдайға, оның құдіреттілігіне деген сенім күшейе түсті. Христиан дінін уағыздаушылар Исус Христостың мәртебесін көкке көтерді, халықтың саяси және әлеуметтік жағдайлары мен тіл ерекшеліктеріне қарамастан халықты христиан дінін қабылдауға шақырды. Христиан діні-өзінің мазмұны мен мәні жағынан өзгеше жаңа мәдениеттің негізін қалауға тікелей себепкер болды. Бұл жаңа мәдениет адам тұлғасын мойындады, адамның құдайтағаланың жер бетіндегі пендесі, ал Исус Христос адамзат баласының ең жақын қамқоршысы деп танылды.

Жаңа дін құрбандықтар шалуға қатаң тыйым салды және адамның өз бойындағы жағымсыз қылықтардан қалай арылуға болатындығының жолдарын көрсетіп берді. Христиан діні ғасырлар бойы халықтың бойында қалыптасып, өзінің өміршеңдігін көрсетіп келе жатқан салт-дәстүрлерден де бас тартқан жоқ, қайта оларға қиянат жасамай, оларды жаңа өмір талабына сай қайта жандандыру қажет джеп санады. Ал бұл жағдай христиандық сана-сезімді қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Халықтың ғасырлар қойнауында жинақтаған мол мәдени мұрасына қиянат жасау-қылмыс болып саналады.

Христиан діні- жаңа мәдениетті қалыптастыруда тарихи бетбұрыс жасады. Жаңа дін- Шығыс елдерінің түрлі діндерінің идеяларын, көне грек-рим философиясының дәстүрлерін, өткен заманның асыл мұраларын өз бойына сіңіре отырып, өзіндік соны бағыт алып, жаңа мазмұнға ие болды. Ең бастысы-бұдан бұрынғы кезеңдерде қалыптасқан философиялық және діни қағидалар ой елегінен өткізіліп, дәуірдің рухани-ізгілік рухына са дамытылды, ал мұның өзі христиандық мәдениет туындыларының құндылығын одан әрі арттырып, оларға ерекше сипат берді.

Христиан мәдениетінде құдайдың бейнесін бейнелеудің зі де түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Көне Грекиядағы құдайлардың адамдардан басты айырмашылығы-олардың мәңгілік өмір сүретіндігі мен құдыреттілігі еді. Бірақ, ол құдайлар жер бетіндегі тіршілік иелері-адамдарға өте ұқса болып келді, өйткені олар адамдар сияқты ішті- жеді, өмірге сәби келтірді және т.б. Мысалы, грек құдайлары Зевстің, Гераның, Афинаның бойынан өмірді сүю, ізгілікпен қатар атаққұмарлық, зұлымдық сияқта жаман қасиеттерді де табамыз. Мұндай жағдайды өзі адамдардың бойында үлкен үрей туғызып отырды. Сондықтан да болар, адамдар өздерін аман сақтап, құдайлардың қаһарларына ұшырап қалмау үшін үнемі құрбандықтар шалып отыратын болған. Ал христиандық құдай болса-тұнып тұрған құпия. Оның табиғаты мен тіршілігі адамдар мен жер бетіндегі түрлі заттарға мүлде ұқсамайды. Оның адамдарды желеп-жебеуі, оларға деген қарым-қатынасы құпия сырларға толы болып келеді. Библияда Христиан құдайы “Қазына құдайы” деп аталады, өйткені

мұндағы құдай пұт емес, адам еркінің көрінісі емес, ол адамнан мүлде тәуелсіз өмір сүреді. "Құдай-ол нағыз махаббат" өйткені оның адамзат баласына деген махаббаты өте шексіз, ол еш уақытта да адамдарға жамандық пе жауыздық жасамайды- адамдардың мән-мағынасыз өмірінің және бұл өмірде жасаған күнәлерінің жемісі. Міне, дәл осы сияқты христиан дінінің адамгершілік пен ізгілікке толы қағидалары христиан мәдениеті туындыларының мазмұны мен бағдарына айрықша әсер етті.

Қоршаған дүниені христиандық дін тұрғысынан қабылдау-христиан мәдениетін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін келелі мәселелердің бірі болып саналады. Қай заманда болса да адамзат баласы өзін қоршаған дүниені танып – білуді өз тіршілігінің басты мақсаттарының бірі еткен. Ғасырлар қойнауына тереңірек көзжүгіртсек, ежелгі дәуірлерде дүниені қабылдаудың алғашқы тарихи түрлері мифологиялық және діни сипатта болғандығын байқаймыз. Бірақ, тарихи даму барысында адамзат баласының өзімізді қоршаған дүние жайында ғылыми түсініктер қалыптаса бастады.(Мысалы, гелиоцентристік, геоцентристік және т.б. теориялар). Демек, бұл түбегейлі мәселе христиан дінінің де басты назарында болды. Христиан діні бүкіл дүниені жаратушы жалғыз құдай деп түсінді. Бұл көзқарас өмірге келмей тұрып-ақ дүниенің жаратылуы туралы екі бағыт қалыптасқан болатын. Алғашқы мифологиялық болжамды генетикалық (эволюционистік) деп атаса да болады, өйткені мұнда дүние бейне бір алғашқы элементтерден тұрады деген ұғым қалыптасқан. Екінші креационистік (креационизм жарату деген мағына береді) бағытты жақтаушылар дүниенің жаратылуын мистикалық бастаудан іздейді, яғни құдретті бір күштің дүниені жаратып қана қоймай, соған өз үстемдігін жүргізіп отырғандығын мойындайды.

Христиан дінінің бұл мәселе жөніндегі түрлі діни-философиялық көзқарастардан басты айырмашылығы- оның құдайдың дүниені ештеңеден де жаратпағандығы туралы идеяны жарыққа шығарғандығы еді. Бұл идея бойынша- құдай дүниені бір ауыз сөзімен ғана жаратқан. Құдайдың құдреті шексіз, оның қолынан келмейтін ешнәрсе жоқ, оған Жер мен Көкте ешкім де теңесе алмайды. Бір ескерте кететін жәйт,христиан дінінің қалыптасуына негіз болған идуизмде де дәл осындай қағидалар болған.Бірақ, онда құдайдың ең алғашқы жаратқандары Жер мен Көк екендігі баса айтылған. Христиан діні дүниені көрінбейтін дүние (құдайлық) және көрінетін дүние (материалдық) деп екіге бөледі де, олардың аралығына адамды әкеп қояды. Құдай адамды өзінің қалауы бойынша жаратқан, яғни еркек пен әйелді де жаратушы жалғыз құдай, оларға арнап мынандай тілек айтқан:"Сендер құдайдың құлдары, ендігі жерде жер бетіндегі тіршіліктің иесісіңдер, сондықтан да ұрпақты жалғастыру сендердің табиғи парыздарың, көбейіндер, аспандағы құстарға да, теңіз бен мұхиттағы балықтарға дақожалық жасаңдар, оларды өз игіліктерің еркін пайдалана біліңдер". Христиандық антропоцентризмнің негізгі қағидалары мен принциптері, міне, осындай.

Христиан діні адамды жан мен тәнге бөле отырып, рухани бастаманы басты орынға қояды. Адамның шынай нағыз сулулығы оның жан дүниесінің сулулығымен өлшенеді. Көне замандардағы өнер туындыларында сыртқы сулулыққа үлкен мән берілсе, ендігі жерде шиыршық атқан атлеттер бейнесінен гөрі, адам бойындағы рухани байлықты көрсетуге баса назар аударылды.

Библия мен Исус Христос апостолдарының белгіленген бұл дүниеге христиандық көзқарасты "христиандық шіркеу қайраткерлерінің" діни еңбектерінде одан әрі терндетіле түсті. Олардың ішінде Августин Блаженныйдың "Исповедь" және о граде божьем деп аталатын еңбектері дүниежүзілік мәдениеттің аса құнды туындыларының қатарына қосылды. Бұл шығармалар, негізінен, құдай мен жеке адам мәселелеріне арналған. Дүниені жаратушы да , оның басты қозғаушы күші де бір ғана құдайғағала. Олай болса, тылсым табиғат та, мәдени материалдық құндылықтар да, адамзат та-құдайдың туындылары. Августиннің пайымдауынша, адам бүкіл болмысымен құдайға толық тәуелді, ал адам бойындағы ізгілік қасиеттердің барлығы да бір құдайдың сыйлығы. Сонымен қатар Августиннің діни еңбектерінде адамгершілікке мүлдем жатпайтын жат қасиеттер де сөз болады.Ол "О граде божьем" деген еңдегінде бір-біріне қарама-қарсы екі дүние жөнінде, яғни құдай мен жын-сайтандар дүниесі жайында мәнді мағлұматтар береді. Алғашысына күнәдән пәк періштелер мен адал адамдарды жатқызса. Екіншісіне бұл дүниеде шаш етекпен күнәға батып құдайдың қаһарына ұшырағандарды жатқызады. Оның ойынша, мемлекет бір жағынан жын-шайтандар патшалығының ордасы, өйткені онда қарақшылардың және т.б. топтары өздерінің зұлымдық әрекеттерін жүзеге асырып жатады. Сондықтан да, Августин мемлекетке шіркеуді қарама-қарсы қояды. Рим империясының масқара болып құлауын жын-шайтандар империямының қылмысты істерінің заңды нәтижесі деп анайды. Сөйтіп варварлар Рим империясын тас-талқан қылып жеңсе, христиан шіркеуде варварларды дәл осындай күйге ұшыратты деп түйіндейді. Демек,0 ол тарихтың мән-мағынасын христиан дінінің баянды жеңісімен байланыстырады. Сөйтіп, тарихтың бастауы Адам мен Еваның, Исус Христостың тұлғасыменжәне христиан дінінің кеңінен таралуымен тығыз байланысты екендігі жайында тұжырым жасалынады. Августиннің прогресс туралы идеясы да христиан дінінің басты

құндылығы болып табылатындығына шек келтіруге болмайды.

Батыс елдері мәдениеті мен философиясының белгілі маманы В.Виндельбанд Августинге мынандай баға берген: “Ол орта ғасырлар тарихының тамаша білгірі болды. Оның философиясында христиандық және неоплатонистік ой-толғамдар мен Ориген және Плотан сияқты ұлы ғұламалардың өмірлік қағидалары өзара үндестік тапқан. Оның ілімі-христиандық шіркеудің философиясы” (Мартыненко Н.И. Христианский ти културы. В.кн.Попов Е.В. Введение в культуралогия.М.,1995.С.232). Олай болса Августиннің діни-философиялық қағидалары Еуропа халықтарының ғылыми білім жүйесінің негізі болып қала береді.

Дүниеге христиандық көзқарастың негізін қалаушылардың ішінде Фома Аквинскийдің шоқтығы биік болып қала береді (1225-1274ж.ж өмір сүрген). Оның еңбектерінде христиан мәдениетінің келелі мәселелері жан-жақты зерттеліп, мүлде жаңа арнаға түсті. Өйткені, бұл кезеңде білімді адамдардың арасында Августиннің іліміне көңіл толмаушылық байқала бастады. Осындай жағдайда өткенге көз жүгірту, көне мәдени мұраларды қайта қарау қажеттігі байқалып қалды, ал бұл міндетті шешуде Фома Аквинский орасан зор ғылыми-діни жұмыстар атқарды. Ол ұлы Аристотельдің философиялық ілімін дәуір тынысына сай қайта жаңғыртып, оны христиан мәдениетімен тығыз байланыстыра білді. Оның Августиннен басты айырмашылығы-құдайдың бұл дүниеге өз үстемдігін жүзеге асыруын жаратылыспен тығыз байланысты қарастыруында және жаратылыстанудың өрісін кеңейте отырып, оны дүниені христиандық тұрғыдан қабылдай білумен байланысты екендігін дәлелдеуінде. Демек, Фоманың ілімі бойынша-ғылым адамдар үшін өте пайдалы, өйткені ол адамзаттың болашағы үшін қызмет етеді, оның жасампаздық қызметін жандандырады. Ерекше атап өтетеін бір қызық жәйт, Фома Аквинский ғылымының адамдар үшін өте пайдалы екендігін насихаттағанда жаратылыстану ғылымының дүниені ғылыми тұрғыдан қабылдау көзқарасына нұқсан келтіреді деп ойланбаған болу керек, ол білімнің қандай саласы болса да құдайға деген адамдардың сенімін одан әрі нығайтады, ал ғалымдар болса, өз кезегінде, Библияның(інжілдің) дәрежесін жаңа сатыға көтереді деп есептеді.

Христиан дінінің, христиан мәдениетінің мән-мағынасын тереңірек түсіну үшін, оның құндылық бағыттарына да көңіл бөлген жөн, өйткені құндылық бағыттар-жеке адамның жан дүниесінің басты элементтері болып табылады. Ол адамның өмірде жинаған бай тәжірибесіне, оның жан-дүниесінің толғаныстары мен ішкі сезімдік қасиеттеріне тығыз байланысты болып келеді. Демек, мәдени құндылық бағыттар адамның іс-әрекетіне ерекше мән-мазмұн береді. Құндылық бағыттар-адамның философиялық, саяси,эстетикалық, адамгершілік көзқарастарының, ой-пікірлерінің мәнді жиынтығы болып саналады. Қай қоғамды алсақ та ондағы құндылық бағыттар белгілі-бір іс-қиймылдың, тәрбиенің басты объектісі болып қала береді. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда, христиан діні құндылық бағыттарға өте бай болып келеді, ал солардың ішінде адамгершілік – этикалық мәселелер басты орын алады. Христиан діні қоғамдық өмірдің сан\*-саласын қамти отырып, адамзат баласының көкейкесті мәселелеріне ден қояды. Дәлірек айтқанда, бұл жаңа дінді адам қалай өмір сүруі керек, оның өмірінің мән-мағынасы қандай болуы керек, ар-ождан, парыз бен қарыз сияқты өмірлік мәселелерді қамтитын ауқымды, тынысы кең дін деп қарастырусыз қажет. Тіпті, құдайға құлшылық ету рәсімдерінде де адамгершілік-этикалық бағыттың белгілері басым болып келетін де осы христиан діні.

Христиан дініндегі басты этикалық құндылық-құдайдың өзі. Құдай – ол махаббат. Құдай дүние жүзіндегі өмір сүріп жатқан халықтардың ешқайсысын даалаламайды, бәрін тең санайды. Ендеше, христиан діні бір халықтың екінші бір халыққа үстемдік жасауын ешбір қолдамайды. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда, христиан дінінің иудаизмнен түбегейлі айырмашылығы бар, өйткені иудаизм еврей халқын басқа халықтардан әлде қайда жоғары қояды. Өз халқынан басқаның бәрін төмен санап, олардың мәдениетіне жеккөрушілікпен, менсінбеушілікпен қарау-бұл ағымға тән қасиет болып саналады. Осы жағдайдың өзі-ақ христиан дінінің мәртебесін одан сайын асқақтата түсетініне ешбір күмән туғызуға болмайды.

Христиандық адамгершіліктің мазмұны Иусус Христостың діни қағидаларында жан-жақты ашалп көрсетіледі. Ең бастысы-христиан діні тарихында тұңғыш рет адамгершілікке тәрбиелеуді тыйым салу рухында емес, үлгілі рухында жүргізуді жақтады, яғни христиандық ақыл-кеңестер адамның сана-сезімін, ар-ұятын оятуға, оның бойындағы асыл қасиеттерді тереңдетуге, жамандықтан бойын аулақ салуға бағытталды. “Ар-ұят” деген сөздің өзін апостол Павел көне мәдениеттің әдеби қорынан алғандығы тарихтан, белгілі, ондағы басты мақсаты-христиан ілімінің “Сенім” жайындағы идеяларын нақты көрсету және “ар-ұят” ұғымын Иусус Христос қағидаларымен өзара байланыстыра қарастыру болатын. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Иусус ілімінде адамзатқа деген шексіз махаббат, құдайға деген шексіз сенім, адамның бұл өмірдегі іс-әрекеттері басты орынға қойылған болатын. “Шіркеу даналары” да ар-ұятты адамның рухани байлығының қайнар көзі және адамгершіліктің қазығы деп қарастырады.

Адамгершілік жайындағы христиандық дін қағидаларының ішіндегі ең негізгілерінің бірі-

құдайтағала мен ең жақын адамыңа деген махаббат пен сүйіспеншілік болып табылады. Бұл жөнінде інжілде былай деп жазылған: “Адамның бұл өмірдегі ең басты парызы қандай деген сұраққа Иусус былай деп жауап береді; Бұл пәни дүниедегі ең үлкен парызың-құдайды бүкіл жандүниеніңмен беріле сүй, ал екінші парызың-ең жақын адамды өзіңді қалай жақсы көрсең дәл осындай шынайы сүйе білу”.

Христиандық адамгершілік қағидаларының өзіндік ерекшеліктерінің бірі – оның ізгілік қасиеттерді жекелеген адамдардың бойында ғана емес, бүкіл халықтың бойында қалыптастыруға бағытталуында. Олай болса, Иусус Христостың Інжілді дүниежүзінің барлық халықтарының арасында насихаттауға шақыру сырын түсіну онша қиындыққа соқпайды.

Христиан діні сонымен қатар коллективизм идеяларына до толы болып келеді. “Жаңа өсиет” кітабының ішінен алғашқы христиандардың дүние-мүлік принциптерін өмірге енгізуі жайлы деректерді көптеп кездестіруге болады. Онда былай деп жазылған:” Христиан дініндегілер бірге тұрған жағдайда, олардың дүние-мүліктері де ортақ болулары шарт, ал олар өз қарамағындағы имениелерін, дүние мүліктерін сата қалған жағдайда, олар тең бөліске түседі. Олардың жандары да, жүректері де, мүдделері де бірдей болу қажет.”

Христиан дінінің қалыптасуының алғашқы кезеңінде байлыққа қызығушылыққа қарсы көзқарас қалыптасты. Иусус Христостың жолына өз өмірін бағыштауға бет алған жас жігітке “Егер сен оның долын қуғың келсе, бар байлығыңды нашарларға тарат” делінсе, ал екінші бір жерде Иусус Христостың жолына “Түйеге иненің көзінен өту қандай қиын болса, байлықтың соңына түскен адамның құдайдың ризашылығына бөленуі де сондай қиын болады” деп опасыз дүниенің соңына түскен пақырларды алдын ала сақтандырады. Ал апостол Иаков бұл жайында былай деп толғанады:”Ей, байлыққа кенелген мырзалар! Білсеңдер, байлық-сендердің барып тұрған бақытсыздықтарың, ол байлық бәрібір сендерге опа әпермейді, оларда шіриді, асыл да қымбат киімдеріңе құрт түседі, алтын мен күмістерің тотығып, ол тот лаулаған жалындай сендердің бүкіл денелеріңді шарпиды Сөйтіп, сендер бұл өмірден зарланып, күңіреніп өтетін боласыңдар Кейіннен қоғамдағы саяси-қоғамдық терең өзгерістерге байланысты байлыққа деген көзқарас өзгере бастады. Бұл процестің негізін салушы апостол Павел болды.

Христиан ілімі бойыншы, адам өмірінде тазару-өте үлкен роль атқарады. Оған жетудің басты жолы-адамның рухани жағынан ұдайы жетіліп отыру болып табылады.Мұндай жағдайда құдай жолына шын түскен адам өз тіршілігіндегі жаман қасиеттерден мүлдем арылып жаңа адамға айналады. Христиан дінін қабылдаған әрбір адам адам Евангелияның шарттарын қатаң орындауымен қатар, күнәден пәк болу шарт, ал әрбір азаматтың өз бойындағы құмарлық, пендешілік сезімдерді жеңе білуі-әр пенденің өмірлік мәні мен мақсаты болмақ.

Христиан дінінде Інжіл шарттарын жүзеге асырудың басты жолдарының бірі-монахтық өмір болды. Монахтық өмірдің басты орталығы –ежелгі Мысыр мемлекеті болды. Өмірдің рахаты мен қызығынан саналы түрде безген тақуалық өмірдің негізін салушы-Ұлы Анатоний еді. Ол ең далада құдайға құлшылық етіп, шыдамдылық пен қажырлықтың керемет үлгісін көрсетті. Кеінен бұл діни жаңа дәстүрді бұрын Римде әскери қызмет атқарған,

Ал кейіннен ер адамдардың монастырьларының алғашқы ұйымдастырушыларының бірі болған діндар Ұлы Пахомий жалғастырды. Әйелдер монастырьлары да осы Мысырда алғаш рет ұйымдастырыла бастаған болатын, ал олардың негізін қалаушы Қасиетті Пахомия болды. 1У ғасырдың аяғына қарай Мысырда монастырьлер саны күрт өсе бастады. Көп ұзамай-ақ бұл діни дәстүр Палестинаға да кеңінен тарай бастады. 1У ғасырдың басында Ұлы Антонийдің шәкірті Ұдлы Илларион Газаның маңында алғашқы монастрлерді қауымын ұйымдастырды. Кейіннен Палестиинадағы монастрлер ұйымдастыру ұлы Ефим мен Савва Освященный сияқты діндарлар айрықша еңбек сіңірді.

У1 ғасырда монахтық өмір жолына түсушілердің көбею құбылысы Рим империясының көптеген провинцияларында да байқала бастады. Бұл діни құбылыстан Сирия да сырт қалған жоқ, мұнда да монахтық қозғалыс етек ала бастады.

Ұлы Василий монахтың өмірдің сан-саласын қамтитын ережелерді(уставты) құрастырып шығарды, ал мұның өзі Батыс елдеріне ғана емес, сонымен қатар Шығыс елдерінде де монахтық қозғалыстың дамуына зор ықпал жасажы. Византия империясының соңғы дәуіріндеАфон талары Шығыстағы Монахтық өмірдің басты орталығы болды. Аңыз бойынша қасиетті Мария бұл жерде өзінің жер бетіндегі өмірін аяқтаған. Мұндағы монахтық өмірдің негізгі ерекшелігі-тақуалық ерліктерді рухани шығармашылықпен ұштастыру болды.Афон тауларында берік орныққан монахтық қозғалыс Болгарияға, Валахияға, Сербияға, Ресейге және т.б.елдерге кеңінен тарай бастады.

Монахтық қозғалыс Шығыс елдеріне қарағанда Батыс елдерінде кеңінен пайда болды. Оның негізін қалаушы Беннедикт Нурсийский болды.

Ол 1У ғасырда өзіндік уставы бар монастырлардың орталық бірлестігі-Беннедикт орденін

ұйымдастырды. Бұл орденнің ережелеріні (уставының) негізінде монастырларда әскери тәртіптің үлгісімен қатаң тәртіп орнатылды. Беннедикт монастырлардың өздерін-өдері қамтамсыз етуін қатаң талап етті. Сондықтан да болар, мұндағы монахтардың басқалардан басты ерекшелігі-олардың құдайға құлшылық етумен қатар еңбекпен, яғни егін-егіп, бау-бақша өсірумен шұғылдануы болды. Бір ғажабы, жұмыс істейтін уақыт құдайға құлшылық етуге жұмсалатын уақыттан екі есес көп болды.

У ғасырда Беннедикт орденінің үлгісімен Флавий Кассиодор шіркеуі ұйымдастырылды. Бұл шіркеу орта ғасырлық мәдениеттің қалыптасуына зор үлес қосты. Кассиодор монахтардан құдайға қайырымдылықты ағартушылықпен ұштастыра білуді талап етті, сөйтіп бұл шіркеу шын мәнісінде ағартушылық орталығына айналды. Мұнда кітапхана, оларды сақтайтын арнаулы қоймалар, кітаптарды шығаратын шеберхана (кітапты сату мақсатында да шығаратын болған) және мектеп болған.

Монахтық қозғалыстың христиандық мәдениет құндылықтарын байытуда үлкен үлес қосқандығын жоққа шығара алмаймыз. Шіркеулер мен монастырлар мемлекетке қырауыр пайда келтірді. Бірақ, өкінішке орай, діни өмір саласында келеңсіз көріністер де белең ала бастады. Қызмет орындары ғана емес, сонымен бірге индульгенция (күнәнің кешірілгендігі туралы айрықша ақыға берілетін Рим папсының куәлік қағазы) де, қасиетті заттар да (реликвия) ақшаға сатыла бастады. Ал бұл жағдайлар монахтық қозғалысқа әсер етіп, “монахтық” тәртіп пен “тазалық өмірді” рухани жағынан құлдыратты. Шіркеудің сатқындық іс-әрекеттері діндар ғана емес, жалпы халықтың да наразылығын туғызды. Ең батысы-мұндай сорақылық қылықтар феодализмге қарсы бағытталған халықтық қозғалыстар тарапынан қатал сынға ұшырады.

Христиандық мәдениет тарихында Қаситетті жерге жасалған крест жорықтары қоғамда орын алған озбырлық пен жауыздық іс-әрекеттердің заңды жалғасы болды.

Еврейлерді жаппай қырып жоюдан басталып, одан кейін 1099 жылы Иерусалимде, 1204 жылы Константинопольде орын алған бей-берекетсіздіктер, жаппай ұрып- соғу

Мен тонаушылықтар халыққа қайғы - қасіреттен басқа ештеңе әкелген жоқ. Крест жорықтары халықтың есебінен қаржыландырылды, пап үкіметі тарапынан түрлі сылтауларға негізделген алым-салықтардың түрлері де барған сайын көбейе түсті. Осындай шым-шытырық шиеленіскен қоғамдық жағдайлар барысында монахтардың өздері де, крест жорықтарына қатыстырылып, шіркеулер арасындағы билік үшін болған талас-тартыстарға да тартылды. Сөйтіп, шіркеулер мен дін адамдарының мүдделері мен атқарар қызметтері христиандық мәдениет идеяларынан біртіндеп алшақтай бастады, “құдайшылық” пен “адамзаттық” құндылықтарға нұқсан келді.

Христиандық адамгершілікті, адамзатты сүюді уағыздай отырып, католиктік шіркеу 1022 жылы Орлеанда (Франция) еретиктерді отқа өртеп жіберді, жалпы католик шіркеуі шіркеу тәртіптеріне қарсы шыққандардың бәрін де қатаң жазалап отырды.

Осындай тарихи кезеңде христиан мәдениеті қандай рухани дағдарысқа ұшыраса да, терең құлдырау кезеңдерін басынан кешірсе де дүниежүзілік мәдениетте өз таңбасын, өзінің өшпес ізін қалдыра білді.

ХУП ғасырда Батыс Еуропада буржуазиялық қарым-қатынастардың даму қарқыны жылдамдай түсті. Осы бір тарихи сындарлы кезеңде христиан дінінің жаңа бағыты протестантизм-жаңа саяси-әлеуметтік қарым-қатынастардың идеологиялық бет-бейнесіне айнала бастады. Протестантизм-буржуазиялық христиан дінінің буржуазиялық қоғам қойнауында қалыптасқан жаңа қоғамның төл перзенті десек қателеспейтін шығармыз. Өйткені протестантизм ХУІ ғасырда Батыс Еуропа елдерінде етек алған шіркеуге және феодализмге қарсы бағытталған халықтық қозғалыстардың нәтижесінде дүниеге келді. Католиктік шіркеудің шектен шыққан сатқындық іс-әрекеттері неміс діндары Мартен Лютердің (1483-1546 жылы) қатты наразылығын туғызды. Ол 1517 жылы 3-қазанда Виттенберг шіркеуіне келіп өзінің 95 тезисін жариялады. Өз тезистерінде Мартин Лютер папа өкіметін жоққа шығарды, монахтықты мүлдем жоюды, шіркеуді өкіметке бағындыруды, діни салт-дәстүрлерді біртәртіпке келтіруді және т.б. талап етті. Ол әрбір христиан дініндегі адамның құтқару жолы-тек қана Иисус Христосқа деген шексіз сенім мен махаббат деп мәлімдедеі. Лютер тарапынан қойылған бұл талаптардың барлығы да жаңадан туындаған қала буржуазиясының мүдделеріне сай келді, сондықтан да бұл реформаторлық қозғалыс буржуазия тарапынан кең қолдау тапты.

Реформаторлық қозғалысқа Т.Мюнцер (1490-1525) бастаған шаруалар да қатынасты, ал оның “жер бетіндегі құдай патшалығы” туралы ілімі утопиялық социализмнің бастамасы болды. Бұл діни қозғалыс Еуропаның басқа да елдеріне өзінің ықпалын тигізе бастады. Мысалы, Швейцарияда реформаторлық қозғалыстың көсемдері У. Цвингли (1484-1531) және Ж. Кальвин (1509-1564) болды. Олар шіркеу құрлысы мен христиан дінін насихаттау істерін қайта қарап, қалыптасқан жаңа тарихи, жағдайларға байланысты нақты шаралар белгіледі. Христиан діні саласында реформалар жүргізуді көптеген князьдіктер де қуаттады, өйткені папаның мемлекеттің саяси істеріне белсенен

араласуы , папа қазынасына төленентін қаржының шектен тыс көбейіп кетуі және т.б. шектен шығушылықтар олардың наразылығын туғызған еді.

Неміс князьдері 1526 жылы өз қарамағындағы халықтың қай дінде болғандығын шешу құқығына ие болған болатын, бірақ Шпейер рейхстагі бұл мәселені қайта қарап, оны заңсыз деп тапты. Бұл заңсыз әрекетке қарсы бір топ неміс князьдері 1529 жылы Қарсылы(протест) жариялады, міне, осы тарихи уақтғаға байланысты “протестанизм” термині пайда болды.

Протестанизм ағымының баты мәселесі-әр адамның өз күнелерін өтеуіне тығыз байланысты болды., Протестанизм адам өз күнелерінен арылу үшін монастырларда өзін-өзі азапқа салмауы және индульгенцияларды сатып алмауы тиіс, өйткені бұлардың бәрі де Інжілге жат деп санады. Протестанттардың пікірінше, құдайтағаланың өз күнәарларынан күтетіні-олардың өз күнелерін шын жүректен мойындап, қапалануы болып табылады.

Католиктік ілім бойынша, адама өзінің табиғатында күнәар болуға бейімді болып келеді және күнәар болып жаратылған да, сондықтан оларды шіркеудің көмегінсіз құтқаруға болмайды. Осы жағдайды ескере отырып, Лютер мынандай қағидаларды негіздейді: ” Адам табиғатынан-ақ өз күнәсін өзі мойындаға қабілетті Ең бастысы- мұндай жағдайда құдайға шын жүрегімен құлшылық етіп, кешірім сұрау, сонда ғана адамның бар күнәсі кешіріледі. Бірақ, құдайға құлшылық жасау жан дүниенің тазалығын, “рухани тазалыққы” деген шексіз құлшынысты, шынайы адалдықты, сенімді және т.б.ізгі қасиеттерді талап етеді. Адамды жамандықтан құтқару мен осы абзал мақсатты жүзеге асырудың жолдарын белгілеп беру-христиандық дүниетанымды жаңа сатыға көтерудегі басты мәселе болғандығы ақиқат.”

Протестандық ағымның қағидасы бойынша адам бар болғаны топырақ пен балшық қана және ол табиғатынан күнәар, әрі бейшара. Олай болса, адам өзінің бұл жағдайларын ұдайы есінде сақтап, ұмытпауы қажет және құдай алдындағы жауапкершілігін ғана емес, сонымен қатар өз-өзіне жауапкершілігін үнемі арттырып отыруы керек. Протестанизм іліміндегі адамды дәл осылай қорлаушылық Қайта жаңғыру дәуірінің дәстүрлеріне қарама-қайшы болып келеді. Қайта жаңғыру мәдениеті адамның бостандығын, тең праволылығын жақтап адамгершілік құндылықтардың басты орынға қойғандығы мәдениет тарихынан белгілі жәйт. Протестанизм бұл өмірдегі ең түбегейлі мәселелердің бірі-адамның өз қабілетін бағалай білу қасиетіне ерекше мән бергендігін бағаламасқа тағы да болмайтын сияқты, өйткені бұл мәселеде олар Қайта Жаңғырту мәдениетінің өзінен де бір табан алда болды, яғни адамның бойындағы кәсіпкерлік қасиеттерді қалыптастыруда протестанизм басты роль атқарды. Протестанизм адам еркін құдайға толық тәуелді екендігі туралы қағиданы халықтың санасына берік орнықтыра отырып, адам қоғам үшін қажырлы еңбек ету барысында өз бойындағы күнәлердан біртіндеп арылуға және алдын ала қойған мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік алады деп түйіндейді. Құдай – менің жан дүниемде- Бұл Реформация дәуірінің басты діни қағидасы болды. Олай болса адамның басты тірегі де-құдай, оны пәле-жаладан желеп-жебеп құтқарушы да - құдай, адам өмірінде кездесетін барша қиындықтарды жеңіп шығуға мүмкіндік беретін де-осы құдай.

Құдайға шексіз берілуді уағыздай отырып, протестанизм сонымен қатар адамның жеке жауапкершілігі мен инициативасын (бастама) қалыптастыруды тәалап етеді. Бір жағынан, монахтық өмірдің қатал сынға алынуы мен діндар адамдардың бұл тобының некесіз өмірінің протестанттар тарапынан қолдау таппауы-жекелеген адамдардың мүдделерін қолдау болып табылса, екінші жағынан, адамдардың өмірі мен тіршілігінің мән-мағынасын өзгертіп, оған діни сипат беру болып табылады. Осы орайда протестанизм ағымы адамның ішкі жан дүниесін діннің тікеле ықпалы арқылы өзгерте де, байыта да білуге ерекше мән беруі әрекеті арқылы адамдардың барлығын да өмір сахынасында теңестіре білді. Осы орайда М.Лютер мынандай орынды мәселе көтерді: “Біз бәріміз де христиан дініндеміз, бәріміз де шоқынғанбыз, сондықтан да болар біздің жан дүниемізде де тіршілігімізде де ұқсастықтар өте көп болып келеді”. Ал осы табиғи жағдайларға қарамастан христиандар арасында кеңінен орын алған теңсіздікті қалай түсіндіруге болады М.Лютер мен оның ізбасарларының қоғамдағы теңсіздік идеясы жайындағы бұл қағидалары-үлкен жаңалық болатыны даусыз.

Протестанизм ілімі бойынша, өмір мен сенімнің баты ережелері төмендегідей, бұл өмірде көне заманның ақылгөй даналарын да, қасиетті шіркеу ге де, ойшыл гуманистерге де сене берме, сенсең тек өзіңнің ақыл – ойыңа, тек қана өзіңе сен, бірақ бұл сенім-Библия (Інжіл) арқылы тексерілуі керек, ал егер сенің сенімдерің Библияның қағидаларына сәйкес келмесе онда сен өмірлік дұрыс жолыңды таңдамағаның. Есінде болсын тек Библия ғана ақиқат жолды көтсете алады.

М.Лютер католиктердің адамдарды касталық-сословиелік дәрежеге бөлуі туралы негізгі қағидасына қарсы шықты. Ол Інжіл қағидаларына сүйене отырып, онда сословиелер жөнінде ешнәрсе айтылмағандығын анықтап берді. Олай болса, христиан дініндегі әрбір адам өзінің қоғамдағы алатын орнына қарамастан құдайға құлшылық етуге, құдай сөздерін уағыздауға және



осы дінге байланысты діни салт-дәстүрлердің қай-қайсысын болмасын орындауға толық құқығы бар.

Протестантизм әулие адамдардың сүйектеріне, қасиетті нәрселерге, креске, мүсіндер мен икондарға табынудан бас тартып, басты назарды Библияға аударды. Құдайға құлшылық ету бұрынғыдай тек қана латын тілінде ғана емес, әр халықтың өз ана тілдерінде жүргізіле бастады. М.Лютер Библияны көне еврей және грек тілдерінен неміс тіліне толық аударып шықты. Сөйтіп қарпайым халықтың өкілдері де Библиямен танысуға мүмкіндік алды. Библияға деген сұраныс кітап басып шығару ісін жолға қоюға да ықпалын тигізбей қалған жоқ. Әрине, протестантизмнің мәдени маңызын христиан дінінің және шіркеудің өз іштеріндегі болған өзгерістермен шектеп қалуға да болмайды. Протестантизм қоғамдық өмірдің сан-саласын қамтумен қатар ғылым мен техниканың дамуына, кәсіпкерлік пен экономикалық қызметтің жандануына айтарлықтай әсерін тигізді.

Қарапайым киінген, көп сөйлемейтін, жүздері ызғарлы, өмірдің сан қызықтары мен өнер туындыларына жатсына, немқұрайды қарайтын бұл адамдардың аузынан құдайға құлшылық сөздері мен дұғалар еш уақытта да түспеді. Олар өздері таңдап алған жолдарының дұрыс екендігі кәміл сенді және еңбексіз, қоғамға пайдасыз өткен әрбір сағаттың өзі де құдай алдында күнә болып саналады деп есептеледі. Еңбекке деген мұндай көзқарас, сөзсіз, қоғамның дамуына айрықша ықпал жасады.

Протестантизм ағымын ғылыми тұрғыдан зерттеумен айналысушы белгілі социолог М.Вебердің пікірінше, "Капиталистік қоғамдағы кәсіпкерлік протестантизм ағымының тұрғысынан қарастырғанда мүлде басқаша сипатқа ие болды. Олардың пайымдауынша, кәсіпкерлікпен шұғылданушылар, қалталы байлар, ұятсыз алыпсатарлар болмауы керек. Бұл маңызды істі қоғамның мүддесіне сай жүргізе білетін іскер, табиғатынан байыпты, өз-өзіне адал, әрі жетік білетін адамдар жүргізулері қажет және "қызмет адам үшін емес, керсінше адам қызмет үшін жаратылуы" принципі жүзеге асырылуы дұрыс болды. Протестанттар кәсіпкерлердің бойында саналуан адамгершілік қасиеттерді де қалыптастыруды қажет деп санады. Қоғамдық өндіріс процесіне қатынасушылар алған міндеттемелерін адал орындау қажеттігін түсінді және оны дер кезінде орындап шығуға барынша күш салды. Ең бастысы – адал еңбектің қоғамға әкелер пайдасы бар екендігін сезінді, демек, протестантизм еңбек процесіне діни сипат беру арқылы еңбек өнімділігін арттыруға кең жол ашып берді.

Өкінішке орай, реформацияның да, протестантизмнің де қарама-қайшылықтарының салдарлары біртіндеп қоғам өмірінің көптеген салаларында байқала бастады. Атап айтқанда, Виттенберг тезистерінің келе қисіз көріністері-діни сипаттағы адам қырғындарына жол берілуі еді. Франция мен Германия өзара келіспеушіліктің салдарынан ұзақ уақыт бойы варварлық әрекеттер мен зорлық-зомбылықтың шырмауына оралды. Германияда отыз жылға созылған қырғын соғыс халықтың санын екі есеге жуық азайтты. Варфоломеев түндері Францияның атағын шығарды. Мыңдаған гугеноттар Ватиканның тікелей қолдауымен қанға боялды, бірақ осындай тарихи жағдайларға қарамастан Реформация Батыс Еуропа елдеріндегі әлеуметтік-мәдени өзгерістерге ықпал жасады.

Саяси және шаруашылық қызметке көзқарас өзгерістерге ұшырап, адамның ақыл-ойының қоғамдағы ролы күшейді. Библияға сын көзқараспен қарауға мүмкіндік туды. Діни плюрализм жариялыққа ие болды, ал мұның өзі еркіндікке, демократияға және ғылымиз, зерттеулердің кеңінен өріс алуына даңғыл жол ашып берді.

Христиан дінінің көркемдік бейнесі туралы мәселе мәдениет тарихындағы келелі мәселелердің бірінен саналады, өйткені христиан дінінің бет-бейесі өнермен тығыз байланысты болып келеді. Олай болса, әлемдік мәдениетте бір-бірінен ажырамас мұндай сабақтастықты "Христиан мәдениеті" деген терминмен белгілейміз. Әрине, көптеген өнер туындыларының мазмұны, ондағы түрлі сарындағы бейнелер Библияға тікелей қатысты екендігін ешкім жоққа шығара алмас. Шындығында да, Еуропа халықтарының мәдени туындыларында, мейлі ол кескіндеме болсын, мейлі әдебиет сәулет өнерінің туындылары болсын бәрінде де Библияның сюжеттері пайдаланылған. Бірақ, бұған қарап бір жақты пікір туып қалмауы керек, өйткені олардың идеялық бағыты, дүниетанымдық мазмұны көп жағдайларда христиан дінінен мүлдем алшақ, тіпті кей жағдайларда, оған қарама-қайшы болып келеді. Мысалы белгілі орыс суретшісі Н.Генің "Құпия кеш" деп аталған суретін алып қарастырайықшы. Мұнда әдеттегідей Исус Христос бейнесі айбынды да, құдыретті етіп бейнелеудің орнына, басқаша күйде, яғни жәбір көрген адам бейнесінде берілген. Сондықтан да болар патшалық Ресей цензоры бұл суретті дәрәкі материализмге толы туынды деп бағалаған. Ал атақты Н.Крамскойдың "Шөл далалдағы Христос" деп аталатын суретін замандастары діни мазмұндағы өнер туындысы деп қабылдамай, онда орыс революционерлерінің тағдыры, дәлірек айтқанда қандай қатерлі, қандай азапты жол болса да өз мақсатынан қайтпай өз тағдырымен жекпе-жек қалған адам бейнесі жасалғаны деп түсінген.

Кейбір Библия тақырыбына арналған өнер туындыларының мазмұндары шіркеу мүддесіне қайшы келеді. Ондай өнер туындыларына француз жазушысы Лео Тасилдің “Зававное евангелие или жизнь Исуca” романы, орыс суретшісі М.А. Врубельдің “Демон” деп аталатын суреті және т.б. жатады.

Христиандық өнер туындыларына баға бергенде екі жағдайға назар аударған дұрыс: оның алғашқысы шығарманың идеялық бағыты; екіншісі, қарастырып отырған өнер туындысының христиандық мәдениет жүйесінде алатын орны. Жалпы христиан өнері туралы сөз болғанда ол туралы екі мағынада: айтуға болады. Кең мағынадағы христиан өнеріне діни бағыттағы өнер туындылары жатады. Олардың негізгі мазмұны: құдайдың құдыреттілігі және оның қағидаларын бұлжытпай орындау қажеттігі. Мысалы, сән-салтанатымен, әсемдігімен көз тартатын христиан шіркеулерін тек құдайға құлшылық ету орны ғана деп санау біржақты көзқарас болған болар еді. Өйткені онда орналасқан өнер туындылары-рухани мәдениет көздері болды, осы бір асқан шеберлікпен орындалған өнер туындылары арқылы христиан дінінің мән-мағынасын діндарлардың жүрегіне жол тапты.

Христиан әдебиетіндегі адамзат баласының ғасырлар бойы жинақтаған адамгершілік және ізгілік бай тәжірибелері Моисейдің өсиеттерінде және Исус Христостың ақыл-кеңестерінде жан-жақты баяндалады. З.Косидовскийдің “Библейские сказания”, А.Павловскийдің “Ночь в Гефсиманском саду” деп аталатын еңбектерінде Библия уақиғалары әдеби түрде насихатталып қана қоймай, христиан дініне және оның тарихына үлкен қызығушылық тудырады.

Ал христиан өнерін тар мағынада қарастыратын болсақ, оған дінге табынушылық жүйесіне кіретін және онда белгілі бір функцияларды орындайтын шығармалар кіреді. Басқаша айтсақ, тар мағынадағы христиан өнері- таза дінге табыну өнері болып саналады. Мысалы, табыну объектісі икона, немесе дінге табыну кезіндегі діндарлардың діни іс-әрекеттерінің қатарына жататын хормен өлең айту және т.б. Бір атап өтетін жәйт, иконаларды табыну объектісі ретінде қарастырсақ та, өнердің бұл түріне христиандардың көзқарастары әр түрлі болып келеді. Мысалы, Византия императорлары көп уақытқа дейін иконаға табынушылықпен әуестенушілерге қарсы күрес жүргізіп келген.

Құдайға құлшылық ету жүйесіне енетін христиандық өнер бір-біріне ұқсамайтын екі функцияны атқарады: Біріншіден, ол таза діни, табынушылық функциясын атқарады, өйткені христиандық өнер адамдардың бойында діни сезім мен көңіл-күйді орнықтырады, діндарлардың құдайға деген сенімін арттырады. Екіншіден, христиан өнеріне эстетикалық функция тән, өйткені бұлардың бәрі өнер туындылары болғандықтан, олар сөзсіз адамдардың бойында әдемілік пен әсемдік дүниесіне деген құштарлықты тудырып адамдардың бойында талай тамаша қасиеттерді қалыптастыруға арқау болады. Осы орайда бұл екі функцияның өз-ара қарым-қатынастары әрі күрделі, әрі қарама-қайшылықтарға толы болып келетіндігін атап өткіміз келеді. Бір жағынан, белгілі бір жағдайларда эстетикалық функция христиандық өнер туындыларының діни әсерін күшейтеді, ал эстетикалық сезім діни-көңіл күймен араласып, оны одан әрі тереңдетіп, күшейтуі мүмкін, екінші жағынан кейбір жағдайларда эстетикалық функция діни функциямен қарама-қайшылықта болуы да мүмкін. Мұндай кезде христиандық өнер туындыларының ролі басқаша сипат алады. Оған дәлел ретінде мынандай мысал келтіруге болады: Шындығына келсек, көптеген діндар адамдар шіркеуге музыка мен хор әндерін тыңдап, рухани азық алу үшін тарған.

Христиан дінінің қалыптасуының алғашқы кезеңінде көне заманның өнеріне байланысты екі бағыт қалыптасты. Алғашқы кездерде көптеген “шіркеу аталары” Құдайдың бейнесін салуға ғана емес, жалпы бейнелеу өнеріне де үзілді-кесілді қарсы шықты. Бұл бағыттың ең шырқау шегіне жетіп, шарықтаған кезі УШ ғасырдағы Византиядағы иконаға табынушылыққа қарсы қозғалыс болды.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, жетінші Вселен соборында иконаларға табынушылыққа айтарлықтай соққы берілді, дәл осы кезеңнен бастап христиандық бейнелеу өнерінің шарықтап дамуы басталды. Бейнелеу өнері-христиан дініне сенушілерге идеялық және психологиялық жағынан әсер етудің басты құралына айналды. Қалыптасқан қоғамдық саяси жағдайлардың нәтижесінде, Батыс Еуропа елдерінде дін саласында бейнелеу өнері өз орнын тауып кең құлаш жайды.

Христиан дінінің екі мың жылдық тарихына тереңірек үңіле қарасақ өнердің түрлі саларының, оның ішінде әсіресе сәулет өнерінің, музыканың, хормен ән айтудың, сурет өнерінің, шіркеу әдебиетінің және т.б. туындап, кейіннен заман ағымындағы өзгерістерге байланысты бүкіл халықтың игілігіне айналғандығын байқаймыз. Христиан өнері бүкіл Еуропа халықтарының мәдениетінің дамуына үлкен ықпал жасады. Кейінгі замандардағы талай дарынды жазушылар, ақындар, сазгерлер, суретшілер және т.б. өнер адамдары христиандық мәдениет ең ізгілік қағидаларын өз шығармаларының арқауы етті. Міне, осынысымен де христиандық мәдениет әрі құнды, әрі мәнді, әрі мәңгілік болып қала береді.

## 2.7.Ресей мәдениеті

Ресей-мәдениеті адамзат баламына баға жетпес мол мәдени мұралар қалдырған дүниежүзілік мәдениеттің ажырамас бөлігі. Ресей мәдениеті- өзіндік ерекшеліктері бар қайталанбайтын мәдениет, ерекше оның әлемдік мәдениет қазынасына қосқан үлесіне де баға жетпейді.

Орыс мәдениетінің қалыптасу ерекшеліктері, негізінен төмендегі факторларға тығыз байланысты болды: Көптеген этникалық топтар мен халықтар мекендеген орасан зор территорияны; игеру христиан дінінің ерекше тармағы-аравославиені руханиалық пен дәстүрлі салт-дәстүрлерге негіздей отырып орнықтыру; уақытша болса да ұзақ уақытқа созылған батыс еуропалық өркениеттік процестерде оқшау дамуға байланысты туған “тұйықтыққа” бұдан әрі жол бермеу; жеке адамдардың мүддесіне бағындыру.

Осы айтылған ойларымыз дәлелді болу үшін, орыс мәдениетінің қалыптасу кезеңдерін толығырақ қарастырып көрелік. Бүгінгі таңда. Көп ғасырлық тарихы бар Ресей мәдениетінің жалпы көрінісі бұрынғыданда айқындалып келе жатқан сияқты. Ұлттық топырақта пайда болып, өзіндік бет-бейнесімен ерекшеленсе де, әлемдік мәдени өркендеудің жалпы арнасына келіп құйылатын Ресей мәдениеті, византиялық көркем жүйемен және тағы да басқа мәдениеттермен тығыз алмасып жатады. Атап айтқанда, Ресей мәдениеті Византиямен қатар, көршілес жатқан болгария, Сербия, Армения, Грузия сияқты елдердің мәдениетімен үндестік тапты.

Ежелгі Русь мәдениеті-шекарасы Тамань түбегіне, сондай-ақ солтүстік Двинаның жоғарғы аңғарына дейін, ал батысында Висланың жоғарғы арнасына дейін созылған Киев державасының мәдениеті ғана емес, сонымен қатар қуатты Владимир Суздаль князьдігінің, Новгород боярлар республикасының, одан қалды сындарлы кезеңнің қатал сынағынан мүдірмей өтіп, елді біріктіру күресіне басшылық жасап, сол күрестің бел ортасында болған Москва князьдігінің өнері.

Ежелгі славяндардың мәдениеті- орыс мәдениетінің қайнар бұлағы болып саналады.. Оның басты мәдени құндылықтары-қасиетті жырлар, мифология, аңыз-ертегілер және т.б. Ғалымдардың пікірінше, олардың көпшілігінің текстері христиан дінін қабылдағаннан кейін құрып кеткен. Ежелгі славяндар пұтқа табынушылықты бастарынан кешірген, сондықтан да болар Ресей топырағында пұтқа табынушылық мәдениеттің дамуы жоғары болды.

Ежелгі славяндардың дүниетанымы табиғатты пір тұтумен тығыз байланысты болды. Олар әр орманды, бұлақты, құдықты, тіпті жекелеген ағаштарды да жанды нәрсе деп түсінген. Оларға жапрағы жайқалған ескі емендердің көрінісі ерекше әсер еткен. Ағыны қатты асау, өзендерді қасиетті деп санаған, сондықтан да болар кейініректегі аңыздарды өзендер кейіпкерлермен адам тілінде сөйлеседі. Ежелгі славяндар таулар мен орасан зор тастарды киелі деп санап, оларға құдайдан табынған. Орыс батырларының тағдырының тау-тастардың құпияларына байланысты болуы да осындай түсінікке тікелей байланысты болса керек. Табиғатқа, жер-анаға бауыр басып, етене жақын болған аңғыртславяндардың табынған құдайлары да табиғаттың құпияларына байланысты болып келеді. Мысалы: Перун-қатерлі найзағай құдайы, құдайлардың ішіндегі ең құдыреттісі.

Славяндар күнге табынғандықтан оған да неше түрлі ат қойған (Даждь бог, яғни рақымы күшті құдай қасиеттерді адам еместерге теліп, оларды адамның сана-сезімініне жақындату дүние жүзінің басқа да халықтарындағыдай славяндарға да тән қасиет болды. Сондықтан да құдыретті “тәңір ананың”-бейнесін жасау осының айқын айғағы. Тек славяндар ғана емес, басқа да көптеген халықтар құрмет тұтқан жер мен молшылықтың, дүниенің барлық нәрсенің құдайы-тәңір ананы ежелгі славяндар Берегина( жер, тіршілік анасы, дүниеге әкелуші деген ұғымдарды білдіреді) деп атаған. Қолын көкке көтерген осы бір әйел бейнесі, шығыс христиандар мәдениетінде, оның ішінде, ежелгі орыс өнерінде ерекше орын алады. “Жер-ана” қолын-жоғары көтерген әйел бейнесіндегі “тәңір ананы” славяндар ерекше қасиет тұтып, табынып өткен.

Ежелгі славяндар жайында өз кезінде де аз жазылған жоқ. Солардың бірі У1 ғасырдағы византиялық тарихшы Прокопий Кесарийский былай деп баяндайды: “Славяндар мен антыларды бір адам басқармайды, сонау ежелден-ақ халықтық басқарумен өмір сүріп келеді, сондықтан да олардың бақытты және бақытсыздық істері ақылдасу арқылы шешілген. Ал славяндардың әдет-ғұрпымен етене таныс византиялық жазушы Маврикий кесімді түрде былай деп жазды Славяндар мен антылар тайпалары бірдей өмір сүрді, олардың әдет ғұрпы бір, бостандық сүйгіш, әсіресе өз жерлерін қорғауға батыл, шыдамды, суық пен ыстыққа төзімді, киім мен тамаққа мойымайды”. (Л.Любимов.Ежелгі орыс өнері. Алматы,1989.67б).

Ежелгі славяндардың дүниетанымы мен әдет-ғұрыптары да жан-жақты болып келеді. Олар әрбір үй рухтың жебеуінде деп ойлаған. Рух мал-жанға қамқорлық жасап, ошақ басының отын сөндірмей, түн сайын пештің астынан шығып, үй иесі қамқорлықпен қалдырған сыбағасын жейді екен. Адамға жұғысатын әрбір жәндікке ерекше белгілер қойған. Уақытты кереметтей дәлдікпен анықтай білген, әтештерді ежелгі славяндар ерекше қастерлеген. Орыс халқының ертегілерінде

өтешке байланысты жәйттердің жиі кездесетіні сондықтан болар, егістікті жыртатаын өгіз молшылықтың белгісі деп танылса, ал Тур (жабайы бұқа) құдайдың құрметіне жастардың көктемгі мерекелері өткізіліп тұратын болған. Сонымен бірге ежелгі славяндар көсемдерін жерлегенде олардың әйелдерін қоса көметін скифтерден қабылдаған тағылық әдет-ғұрыпты қолданғанын атап өткен жөн сияқты.

Дін мәдениеттің қай түрі болмасын басты элементі болып саналады. Дін құдыретке жәй ғана табыну немесе діни салт-жоралардың жүйесі ғана емес, ол адамның өзін қоршаған орта жайындағы қалыптасқан идеяларының, діни наным-сенімдерінің белгілі бір жүйесі және адамның тіршілік бейнесі. Олай болса Русьтің Византиядан христиан дінінің қабылдауы орыс мәдениетінің тарихындағы бетбұрыс кезең болды. Орыстардың христиан дінінің шығыс тармағы православиені қабылдауы орыс елінің ішкі және сыртқы жағдайларына тікелей байланысты болатын. Христиан діні орыс мемлекетінің қоғамдық саяси, мәдени өмірінің барлық салаларына ықпал етті. Жаңа діннің қабылдауына байланысты Киев Русінің христиан дүниесі елдермен сауда, саяси, мәдени байланыстары тұрақтанып, жаңа арнаға түсті.

Христиан діні 988 жылы Князь Владимирдің басшылығымен қабылданады. Славян халықтарының тарихындағы жаңа тарихи кезең-Киев Русьі дәуірінде жүзеге асырылған бұл шараның нәтижесінде орыс мәдениеті жаңа сатыға көтерілді. Шіркеулер Русьте таңғажайып ғимараттардың көптеген салынуына жан-жақты өркендеуіне, алғашқы мектептердің ашылуына, тарихи шежірелердің жазыла бастауына айрықша ықпал етті. Осы орайда, христиан дінін Руське дейін қабылдаған оңтүстік славяндар, армяндар мен грузиндер византиялық мәдениет мәнерін олардан бұрын сезінгенін атап өтпеске болмайды.

Шығыс славяндарды біріктірудің нәтижесінде пайда болған, өзінің көлемі мен маңызы жағынан сол кездегі Еуропада алдыңғы орындардың бірінде болған Киев Русьі мәдениетінің дамуына дүниежүзінің алдыңғы қатарлы мәдениеттерінің ықпалы орасан зор болды. Олай болса, мұндай ерекше мәдени құблысты ортағасырлық әлемнің басқа елдерінен кездестіре қою қиын деген атақты ғалым Л.Любимовтың орынды пікіріне қосылмасқа болмайтын сияқты. Шындығында да, географиялық жағынан Русьті Византия, Шығыс пен Кавказ халықтары, Батыс Еуропа мен Скандинавия айнала қоршап жатты, ал өз кезегінде, бұл елдердің орыс еліне мәдени әсері орасан зор болды. Міне, сондықтан да болар Византиялық шіркеулердің ішіндегі ең атақтысы “Әулие Софияның” Киев князі Владимирдің елшілеріне әсер еткен соншалық, олар өздерін шынымен-ақ о дүниеде жүр екенбіз деп сезінген.

Христиан дінін қабылданғаннан кейінгі аз уақыттың ішінде, әсіресе князь Ярослав кезінде ежелгі Русьтің мәдениеті өзінің шарықтау шегіне жетті. Киев Еуропаның ең ірі қалаларының біріне айналды. Шетелдік саяхатшылар Киевті “екінші патша қала” деп атаса, XI ғасырдағы батыс жазушысы Адам Береманский Киевті “Грекияның арайлы ажары болған Константинопольдің бақталасы” деп өте жоғары бағалады. Бізге жеткен деректер бойынша XI-XII ғасырларда ерекше даңққа бөленіп, “Орыс қалаларының анасы” атанған Киевте төрт жүзге жуық шіркеу мен сегіз базар болған, князь Ярославтың (X ғ.) кезінде тұрғызылған таңғажайып ескерткіш-София соборын көргенде белгілі саяхатшы Павел Алепский қатты таңданып, “оның бар ғажайыбын қамтуға адам ойы жетпейді” деп мойындаған.

Шындығында да, Киев Русінің ең құдыретті сәулет өнерінің бұл тамаша ескерткіштерінің он үш мұнарасына ұқсас үлгі, сәулетшілердің пікіріне қарағанда, Византия ғана емес, басқа да бірде-бір христиандық елден табылмаған.

Ежелгі Руське христиан дінінің келуіне байланысты шіркеулер мен монастырьлер салу, яғни діни құбылыстар кең етек алады. Сондай мәдени ескерткіштердің қатарына XI ғасырдың ортасында Антоний (983-1073) және Федосий Печерскийлер (?-1074) негізін қалаған Киев-Печерск монастыры, ежелгі тас ғибадатхана-Киевтің Десяти шіркеуі және т.б. жатады.

Бір жүйеге келтірілген жазудың енгізілуі-орыс мәдениетінің аса үлкен жетістігі болады, өйткені тіл қай мәдениеттің болсын басты элементі болып табылады. Славян әліппесін жасаушылар-ағайынды гректер Кирилл (827-869) мен Мифодий (815-885) болды. Дәл осы бір мәдени бетбұрыс кезеңінде орыс жазуы мен әдебиеті өзінің шарықтау шегіне жетті. Киев Русінің ең алғашқы жазба ескерткіштерінің бірі- “Орыс шындығы” қаарпайым әрі түсінікті халықтық тілмен жазылса, орыс халқының аса үздік әдеби мұрасы - “Игорь жасағы туралы жырдың” тілі де дәуір тынысын жан-жақты бейнеледі.

Византия елімен тығыз болған қарым-қатынастардың арқасында Киев Русінде ағартушылық ісі де жолға қойыла бастады. Қала халқы негізінен, сауатты болды, сондықтан да болар Киев Русьін “Кітаптар елі” деп атаған. Монастырлардың жанынан мектептер, кітапханалар, архивтер ашылып, шетел әдебиеті аударылып, түрлі шежірелер жазылды. Киев Русьі өздері басып шығарған кітаптарын мақтаныш еткен. Олардың бірқатарының бағасы қымбат болғаны соншалық, өрт шыққан жағдайда, ең алдымен құнды кітаптарды сақтап қалуға тырысқан. Византиядағы сияқты

мұнда да кітаптар “Құдайдың жаңалығы мен даналық қоймасы” болып саналған. Кітапты безендіру үшін ештеңені де аямаған. Кітаптың бүкіл өрнегін алтындаушы суретшілер жасаған, ал оның күміспен, әсем ою-өрнектермен өрнектеліп, қымбат бағалы тастардан және финифттен (эмальды осылай атаған) жасалған бейнелері бар, алтын қабыршақтармен көмкерілген мұқабаларын дайындау ісін алтындаушы ұста мен эмальшыға тапсырған. Орыс кітаптарының ең үздік ежелгі үлгілерінің бірі- ұлы князь Изяславытың жақын серігі Остромирдің тапсырысы бойынша дьякон Григорий (1056-1057 жылдары) жазған “Інжілдік дүниетаным” кітабы. Демек өз заманының деңгейі тұрғысынаналып қарағанда Киев Русінің мәдениетінің жоғарғы болғандығын аңғаруға болады.

XIII-XIV ғасырларда орыс мәдениетінің орталығы Новгород қаласы болды. Кескіндемелік және саулетшілік ескерткіштерімен өзін “Ұлы мәртебелеі Новгород” деп атаған бұл тарихи қаланы шетелдік бір автор “байлығы жағынан тек Риммен ғана теңесе алады” деп бағалауы тегіннен-тегін емес сияқты. Мұндағы орыс халқының рухы сіңген өнер туындылары: Новгород Кремліндегі қасиетті София соборы, Юрий монастырының Георгиев соборы және т.б. Дүниені табындырған әсемдіктің ұлы ескерткіштерінің қатарына жататын Киев соборының тікелей ықпалымен салынған Новгород Софиясы өзіне ғана тән ерекшеліктері бар құдыретті де, сымбатты сәнді құрылыс.

Новгородтың князьдік ғибадатханалардың ішіндегі ең мәртебелісі – Юрий монастырын орта ғасыр дәірінің даңқты ғимараттарының қатарына әбден жатқызуға болады.

Христиан мәдениетінің ажырамас бөлігі икона (“бейне” деген мағынаны білдіретін грек сөзінен шыққан) жасау ісінде дәл Ресейдегідей соншалықты ғажайып туындылар жасалмаған және ғасырлар бойы бүкіл бір халықтың бейнелеу өнерінің дәл осындай сүйікті түрі болмаған. Икона сюжеттері-діни-христиандық негізге құрылды. Ал сол новгородтық иконалардың бүгінге дейін сақталғандардың ішінде әлемдік маңызы бар ғажайып дүниелер баршылық. Солардың бірі – шамамен, XIII ғасырдың соңында жасалған “Алтын шашты періште”. Осы бір таңғажайып естеп кетпес бейнеде қаншалық биік, таза сұлулық бар десеңізші. XV ғасырда новгородтық өнердің тарихы аяқталады деуге болады, өйткені бұл құбылыс-өнердік үздік табыстарының тоқырауынан кейінгі орыс мәдениетінің гүлденген дәуірі – XVI-XIII ғасырлар, яғни мәскеулік кезең мәдениетімен жалғасты.

XV ғасырдың аяғына қарай Мәскеу Шығыс Еуропада саяси жағынан да, мәдени жағынан да айрықша жағдайға ие болды. Дүниені дүр сілкіндірген құдыретті Византия мемлекеті құрып бара жатты, оңтүстік славяндардың мәдениеті ыдырай бастады, моңғол-татар езгісі әлі де жойыла қоймаса да Дмитрий Донскойдың тарихи жеңісі мәскеу державасының мерейін көтере түсті. Ендігі жерде тек Русьтен ғана емес, әр елдерден Мәскеу ұлы князьдігіне өнер адамдары ағылып келе бастады, сөйтіп Мәскеу қаласы ең ірі мәдени орталықтардың біріне айналды.

1454 жылы Константинопольдің құлдырауына байланысты орыстың православиелік шіркеуі біртіндеп тәуелсіздік алды және батыстық христиандық дүниеден бөліне бастады. Ендігі жерде христиан дінінің басты қамқоршысына айналған Русь елі православиені жандандыру және дүние жүзіне тарату міндетін өз қолына алды, сөйтіп мәскеулік Русь өзін қасиетті Русь деп танып, ал Мәскеу үшінші Римге айналды.

1547 жылдан, яғни ІУ Иванның патшалық таққа отырған кезінен бастап Русь-Ресей, ал орыс елі Ресей мемлекеті деп ресми түрде атала бастады. 1482 жылы Мәскеудің Алтын Ордадағы тәуелділігі жойылды, бірақ орыс еліне шығыс мәдениетінің әсері толастай қойған жоқ.

XIV-XV ғасырларда орыс кескіндемесінің мәскеулік мектебінің шоқтығы биік болды. 1390 жылы шамасында Мәскеуге Новгородта асқан өннерімен даңққа бөленген Феофан Гректің шақырылуы қаланың көркін одан әрі түрлендіре түсті. Ол XIV-XV ғасырларда Мәскеудің көркемдік өмірінің басты тұлғасына айналды. Феофанның Мәскеуде жасаған туындыларынан салтанаттылықты, өмірге деген құштарлықты айқын аңғаруға болады. Орыс өнерінің ұлы шығармасы деп танылған-Москва Кремліндегі Благовещенск соборының иконотасын (1405ж) жасау Феофан Гректің басшылығымен кейіннен өнер дүниесінде аты аңызға айналған Андрей Рублевтің (1360-1430ж.ж. шамасы) қатысуымен жүзеге асырылды. Андрей Рублев көзінің тірісінде аса көрнекті шебер болып саналғанымен, шынайы даңққа өлгеннен кейін көп жылдар өткен соң ғана бөленді. Оның есесіне бұл талас тудырмайтын дүниежүзілік даңқ болатын. Рублевтің ең таңдаулы шегіне жете айқындалған шығармасы- “Қасиетті үштік” Суретші Византиялық композицияларды ой елегінен өткізе отырып, басты назарды үш періштенің бейнесіне аударған. Сезімдері бірдей, ойлары ортақ үш періште бейнелері өздерінің әсерлі көріністерімен, қасиетті пейілдерімен, жан жүректі жарып шыққан мейірімділіктерімен, пәк сезімдерімен тартымды. Иә, бұл мәңгілік ажырамас тұңғыш бірлік дүниесі, сондықтан да біз бұл үш шығарманың сюжетін адамға тән бүкіл талпыныстардың тиянақ табуы деп қабылдаймыз. Ұлы шебердің осы бір ғажайып туындысының алдында тұрғанда Леонардо да Винчидің “Кескіндеме-өнер падишасы” деген даналық пікірін еріксіз еске аласыз.

Қорыта келгенде айтарымыз, XIV-XV ғасырларда ұлы орыс халқының мәдениеті қалыптасу дәуірін бастан кешірді. Шындығында да, дәл XVI ғасырдан бастап орыс халқы мәдениетінің нағыз

тарихы басталады.

Ресейдің ХҰП ғасыр мәдениеті сол кезеңдегі буырқанған саяси жағдайларға/ шетел интервенциясы мен шаруалар соғысы/ байланысты қарама-қайшы талпыныстар мен арман-мақсаттарға толы болады. Ортағасырлық дүниетаным түбегейлі өзгерістерге ұшырап, дүниенің бет-бейнесі өзгерді. ХҰП ғасырдың адамдары өткен мәдениеттің құлдырауын өздерінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл халықтың ұлттық трагедиясы деп қабылдады. Бұл кезең екі мәдениеттің – “барокко” мен “мұжықтық мәдениеттің” бақталастық кезеңі болды. Орыс мәдениетінде идея бірлігі, тарихтың шексіздігі, болашаққа бағдар алу сияқты жаңа өмірдің нышандары байқала бастады. ХҰП ғасыр басында Борис Годунов мәдениетке, ағартушылыққа, Батыс өркениетіне ерекше мән бере бастады. Соның нәтижесінде Батыс елдерімен сада қарыс-қатынастары кеңейіп, қалалар гүлденіп, ірі мәдени орталықтарға арналды, Мәскеудегі Кремльді жаңғырту ісі қайтадан қолға алынды. Бірақ қалаларда Ресей халқының 2 пайызы ғана тұрды, демек, халықтың басым көпшілігі шаруалар болды.

Қалай болған да да, ХҰП ғасырда орыс мәдениетінің ортағасырлық дәуірі аяқталды, сөйтіп жаңа заман мәдениетінің элементтері туындап келе жатты. Мұндай жаңа өзгерістер мәдениеттің барлық салаларында да байқалады. Мысалы, әдебиет саласында: “ ақсүйектік бағыт” қалыптасып, демократиялық сарын орын алса, ал ғылым саласында нақты тәжірибеге жүгінушілік, кескіндеме өнерінде реалистік тенденциялар орын ала бастады.

Халықаралық қарым-қатынастардың кеңеюіне, мемлекеттік аппараттың өсуіне және қалалық өмірдің жандануына байланысты ағартушылық ісі жолға қойылды. Соның нәтижесінде ХҰП ғасырда халықтың сауаттылығы біршама өсті. Сол кездегі мәліметтер бойынша сауаттылық помещиктер арасында 65 пайыз, көпестерде 96 пайыз, ал шаруалар арасында небәрі 15 пайыз ғана болған (Добрынин В.И. История культуры России. М., 1993. С.87). ХҰП ғасыр ортасына қарай мемлекеттік және жеке мектептер ашалаып, онда түрлі пәндермен қатар шет тілдері де оқытыла бастады. 1637 жылы Мәскеуде тұңғыш жоғары оқу орны Славян-грек-латын Академиясы ашылды. Оған Италияның Падуан университетін бітірген ағайынды Лихудалар басшылық жасады. Батыстық ықпалмен алғашқы театр қойылымдары қойыла бастады. 1675 жылы Орыс театрының саханасында алғашқы рет балет қайылды.

Ресейдің ХҰП ғасырдағы мәдени өмірінің басты ерекшеліктерінің бірі-өнер адамдарының Мәскеуге шоғырлануы болды. Сондықтан да болар, елдің әр түкпірінен келген саулетшілер, зергерлер, суретшілер, және т.б. орыс халқының даңқты мәдениет мұраларының бірі Кремльдегі “Қару-жарақ палатасының” жұмыстарына белсенен араласқан. Осы орайда реалистік өнердің қалыптасуына айрықша үлес қосқан, өнер теоретигі, ХҰП ғасырдың аса ірі суретшісі С.Ф.Ушаковтың (1626-1686 ж.ж.) мекреіі үстем болды. Отыз жылдан астам уақыт орыс мемлекетінің барлық көркем творчествосын басқарған, өнер саласындағы қажымас қайраткер, әрі тамаша педагог С.Ф.Ушаковтың аса көрнекті адам болғаны даусыз. Ол сонымен қатар келесі ғасырда тамаша өркендеген орыстың портреттік кескіндеменің негізін қалаушылардың бірі болды.

ХҰП ғасырлардың бірінші жартысында шеберлер А.Константинов, Б.Огурцов және т.б. салған Мәскеу Кремльіндегі атақты Терм сарайы (1635-1636ж.ж.) сол кездегі азаматтық құрлысының ішіндегі ең ірісі болса, ал Никитинкадағы Троица шіркеуі (1635-1653 ж.ж.) ХҰП ғасырдағы саулетшілік және кескіндемелік ізденістен туған сүйкімді әшекейліктің сәлі болып саналады. ХҰП ғасырдағы миниатюра да. Графика да гүлдеді, бірақ солардың ішінде зергерлік және қолданбалы шоқтығы биік болды.

ХҰП ғасырдың басындағы Ресей топрағындағы мәдени өзгерістер Ұлы Петрдің реформаларымен тығыз байланысты болды. Бұл кезеңде халық тарихынан жаңа дәуірі басталды. Ресейдің жаңа заман мәдениетінің басты сипаты-оның басқа халықтар мәдениеттерімен тығыз байланыста дамыды. Ұлттық тұйықтықты бұзу мақсатында жүргізілген көрегендік мемлекеттік саясаттың нәтижесінде Батыс елдермен қарым-қатынастар арнасы кеңейіп, Ресейге гуманистік және рационалистік ілімдер біртіндеп ене бастады, Абсолютизм идеялогиясы Еуропалық ағартушылық, рационализм идеяларымен толықтырылды. Бұл өзгерістер мәдениет саласына өз ықпалын тигізбей қойған жоқ. Дифференциация процесі басталып, мәдениеттің жаңа салалары қалыптаса бастады. Ең бастысы, жаңа мәдениетте демократияға талпынушылық тенденциялары байқалады.

Петрдің реформалары қоғамдық өмірдің басқа салаларымен қатар мәдени өмірді де қамтыды. Соның нәтижесінде, бұдан кейінгі кезеңдермен салыстырғанда мәдени дамудың қарқыны күшейіп, өнер саласына жаңа стильдер (борокко, рококо, классицизм) қалыптасты. Бұл ресейлік жаңа заман мәдениетінің басты ерекшелігі болды.

Ерекше атап өтетін бір жәйт, тек қана Петрдің кезінде ғана мектеп, жастарға білім беру мәселесі-мемлекеттік мәселе дәрежесіне дейін көтерілді.

Мамандар тапшылығына байланысты отандық ақсүйектік мектептер жүйесімен қатар, ХУШ ғасырдың бірінші ширегінен бастап жатарды шетелдерде оқыту қолға алына бастады. Халықты

ағарту ісінің жолға қойылуы, түрлі мектептердің ашылуы-оқулықтар санын көбе йтуді қажет етті. Сөйтіп ХУШ ғасыр басынан бастап кітап басып шығару ісі жолға қойылды. Жаңа жағдайда ескі оқулықтардың орнына Әліппе, Славянграмматикасы, Арифметика сияқты мүлде жаңа заман талабына сай оқулықтар шығара бастады.

Ұлы Петрдің Ресейде мерзімдік басылымдарды жолға қоюы-халықты ағартудағы басты қадамдардың бірі болды. Халық арасына кеңінен тарай бастаған “Ведомости” газеті-Ресейдің ең бірінші ресми газеті болды. Кітап басып шығару ісінің қолға алынуына байланысты кітап саудасы да жолға қойылды. 1714 жылы кейіннен Ғылым Академиясының кітапханасының қорына негіз болған, тұңғыш мемлекеттік кітапхана ашылды. Ал 1719 жылы орыстың бірінші музейі өз жұмысын бастады, кейіннен бұл музей Эрмитаждың құрамына енді. І Петрдің кезінде-ақ Ресей империямының тарихын жазуға алғашқы талпыныстар жасалды.

Ұлы Петрдің ғылым және ағартушылық саласындағы жемісті еңбегінің заңды қорытындысы- Петербургте Ғылым Академиясының ашылуы болды. Бірақ, екіншіше орай, Академия ресми түрде 1725 жылы яғни Петр қайтыс болғаннан кейін ғана ашылды.

Ұлы Петр жүргізген реформалар Ресейдің қоғамдық саяси, мәдени өнерінің сан-саласын қамтыды, бұл шаралар Ресейдің мәдени даму қарқынын тездетіп, мәдениеттің гүлденуіне ықпал жасады. Киев Русінен бастап императорлық Ресейге дейінгі орыс мәдениетінің тарихында ХІХ ғасырдың алатын орны ерекше. Біріншіден, бұл кезең мәдени өрлеу кезеңі болғандықтан рухани биіктіктен көрінген бұл дәуірді “ұлы орыс Ренессансы” деп атуға толық қақымыз бар.

Басқаны былай қойғанда, орыстың қырық жазушысы адамзаттың екі бірдей ғасырына рухани азық берді. ХІХ ғасыр адамзат - балсының ынтымақтастығы мен теңдігі, бақыты мен еркіндігіне байланысты философиялық-адамгершілік ізденістерге толы ьолды. ХІХ-ғасыр-ХХ ғасыр табалдырығында туындап келе жатқан жаңашылдық пен мәдени өзгерістердің дамуындағы шешуші кезең, орыс мәдениетінің “алтын ғасыры”. Алтын ғасыр ұлы орыс ақыны Пушкиннің өмірге келуінен басталды да, ұлылығы жөнінен ешкімнен де кем түспейтін метафизик-философ В.Соловьевтің өлімімен аяқталды. Ресей тарихындағы бірде-бір ғасыр дәл Алтын ғасырдағыдай Ресейді құтқаруға, жаңғыртуға бағытталған теориялар мен ілімдерді өмірге келткірген жоқ.

Дәл ХІХ ғасырдағыдай еш уақытта да санасыз қоғамдық қозғалыстар (анархистер, атеистер, халықшылар, марксистер, нигилистер және т.б.) белең алған емес. ХІХ ғасыр- “Ұлылар ғасыры” болды. Олар: Пушкин мен Чаадав, Гоголь мен Герцен, Хомяков пен Аксаков, Сперанский мен Уваров Ушинский мен Михайловский, Чернышевский мен Лавров, Достоевский мен Толстой, Леонтьев пен Соловьев. Н.Бердяевтің пайымдауынша, “Ресей ХІХ ғасырда өзінің ерекше даму жолын ой елегінен өткізді. Батыс - Шығыс дилемасындағы өзінің тарихи ролін анықтай білді” (Добрынин В.И. История культуры России. М., 1993. С. 128) Олай болса, ХІХ ғасыр мәдениеті дүниежүзілік мәдениет тарихындағы асқарлы белестердің бірі болді, өйткені дәл осы бір тарихи кезеңде орыстың ұлттық мәдениетінің нақты қалыптасуы жүзеге асырылды.

“Ғасырлар тоғысы”-орыс мәдениетінің Күміс ғасыры деп аталатын ееркше даму кезеңіне қолайлы жағдайлар жасады. Өз ғұмырының өте қысқа болғанына қарамастан “Күміс ғасыры” небәрі 20 жылдың ішінде дүниге философиялық ой-толғамдардың тамаша үлгілерін берді, дәл осы уақыт шеңберінде орыс иконасы қайтадан жанданды, музыканың, театрдың, кескіндеме және т.б. өнердің жаңа бағыттары қалыптасты, поэзия үні жаңа сарында естілді. Міне, сондықтан да болар- “Күміс ғасыры” көркемдік жыңылықтардың, жаңа бағыттардың тұтастай бір дәуіріне айналды. Орыс мәдениетінің саханасында өнердің әр саласының дарынды өкілдері пайда болды. Олар: А.Блок, К.Станиславский, С.Рахменинов, М.Цветаева, А.Ахматова, В.Иванов пен Г.Иванов, В.Мейерхольд және т.б. Шындығына келсек, осы ұлы есімдердің өздері ғана бір дәуірге ғана емес, бүкіл бір халықтың мәдениетінің тарихына да жеткен болар еді. Ал мәдениет пен өнер саласында қалыптасқан ағымдар саны қаншама десеңізші (Символизм, акмеизм, модернизм, футуризм, авангардизм, космологизм, критицизм).

“Күміс ғасыры” әсіресе философтар мен мәдениеттанушылар үшін жемісті ғасыр болды, өйткені Н.Бердяев (1874-1948), Г.Федотов (1886-1951), С.Булгаков (1871-1944), А.Лосев (1893-1988) жіне т.б. осы ғасыр перзенттері. Ресей ғалымдарының көпшілігі 1922 жылы шетелге қашып кетуге мәжбүр болды, сөйтіп ұлы ойшылдар өз өмірлерін сақтап қалды.

Демек, өзінің күрделілігіне, қарама-қайшылықтарға толы өрлеуіне қарамастан орыс мәдениетінің “Күміс ғасыры” жетістіктерінің дүниежүзілік маңызы бар.

Кеңес дәуіріндегі мәдениетке байланысты негізінен ек көзқарас қалыптасқан. Бірінші, люмпендік-маргинальдық көзқарас-кеңес дәуірінің мәдениетін ешбір қызығушылық тудырмайтын, тоталитарлық жүйенің қараңғы қапасы деп санаса, екіншісі мәдени процестерді жан-жақты, нақты тарихи тұрғыдан түсіндіруге тырысатын мәнді көзқарас.

Бұл бағыттың өкілдері тарихи дамудың барлық жақтарын сын елегінен өткізе отырып қана пайымдаулар жасайды. Шындығында да, кеңес халқының тарихы мен мәдениетін қоғамдық өмірдің



қарама-қайшылықтарынан, дәлірек айтсақ, бүкіл қоғамдық жүйе мен оны басты элементтерінен тыс алып қарастыруға болмайтын сияқты. Өйткені, қарама-қайшылықтар бүкіл кеңестік тоталитарлық жүйеге және оның барлық элементтеріне тән болды. XX ғасырда идеология-мәдениеттің негізгі мазмұны деген жалған қағида бағдарламаға айналды, соның нәтижесінде Ресейдің ұлттық интеллигенциясына қиянат жасалды, мәдениеттің басты құндылықтары жойыла бастады.

Бірақ, соған қарамастан XX ғасыр орыс еліне тамаша дарынды ғалымдарды, жазушыларды, суретшілерді, талай өнер саңлақтарын берді. Ғасыр басындағы орын алған идеологиялық және саяси жағдайларға байланысты тыйым салынған “Күміс ғасырдың” мол мәдени мұралары ғасыр аяғында халқына қайта оралды. Ресей қоғамы мен оның мәдениеті қандай сындарлы кезеңді басынан кешірсе де ғасырлар бойы жасалған мәдени құндылықтар өз мәнін жоймақ емес.

## 2.8. Батыс мәдениетінің хронотоптары

**Орта ғасырлар мәдениеті.** Орта ғасырларды ғылыми әдебиетте әдетте сәулелі антикалық дәуірден соң келген қара түнек, фанатизм уақыты деп атайды. Осы пікірді, әсіресе, Қайта өркендеу өкілдері жиі айтқан. Шын мәнінде орта ғасырлар адам-заттың мәдени дамуындағы үзіліп қалған буын емес, болашақтағы мәдени және техникалық прогрестің алғы шарттары осы кезде қалыптаса бастады.

Батысеуропалық мәдениет орта ғасырларда классикалық грек-рим жетістіктерін жаңа заманға тоғыстырған буын деу керек. Бұл сипатта осы күнгі батыстық өркениеттің ұлылығының бір негізі ретінде орта ғасырлар өнерінің маңызы мен әсемдігіне деп қойған жөн. Орыс жазушысы М.Горкий орта ғасырлар мәдениетіне төмендегідей баға береді. Мәдениет тарихы біздің есімізге мынаны салады орта ғасырларда тас қалаушылардың, балташылардың, ағаш ою шеберлерінің, көзешілердің, қолөнершілер коллективтерінің, жеке – дара өнерпаздардың қолдары жетіп көрмеген тамаша үйлер салып, ғажап әдемі заттар жасай білген. Еуропадағы орта ғасырлық соборлар осындай, Батыс пен Кеңес Одағының музейлеріне лық толған заттар осындай. Бұл заттарды көріп тұрып, олардың еңбекке деген асқан сүйіспеншілікпен жасалғанын сезінесің. Кішкентай адамдар асқан шеберлер болған-музейлердегі есмкінің жұрнақтары және Еуропаның көне қаларындағы әсем ғимараттар бізге, міне осыны айтады /Лев Любимов .Батыс Еуропа өнері. Алматы, 1982, 9-бет/.

Рим империясын талқандаған вараврлар бас кезде мәдени ескерткіштерді де аямады. Адамзат тарихында теріс мағынада аттарын қалдырған герман тайпасы вандалдар көркемөнер және тарихи ескерткіштерді құртушылар ретінде белгілі. Жеңушілер гүлденген қалаларды, храмдарды, егін суару жүйелерін жермен-жексен етіп отырған.

Алайда, варварлардың мәдени деңгейі жеңілушілерден көп төмен еді. Жасанды түрде біріктірілген әл тілдегі халықтар мен тайпалардан құрастырылған еуропалық мемлекеттер варварлықтық тұрғыларынан бірте-бірте айырылып, антикалық менталитетке беттерін бұра бастады. Бұған, әрине, христиан дінінің ұйытқылық қызметінің маңызы зор болды. XI ғасырдағы француз монах-шежірешісі Раль Глабер былай дейді 1000 жылдан кейін, көп ұзамай шіркеулер салу қайтадан басталды және мұның өзі барлық жерде дерлік қолға алынуда, бірақ негізінен бұл іс Италия мен Галлияда кең өріс алып жүргізілуде, Оларды тіпті ешқандай қажет болмаса да салды, өйткені әрбір христиан қауымы көршілерінен гөрі анағұрлым әсем шіркеулер салу үшін жарысқа түсуге асыққан. Тегінде, дүние өз өне бойын шіркеулердің ақ жасауына орау үшін өзінің ескі-құсқысын сілкіп тастағандай болды. /Лев Любимов. Батыс Еуропа өнері. Алматы 1982.22-бет/

Антикалық мәдениет сияқты орта ғасырларда мүсіндеу мен сәулет өнерлері аса мәнді саналған. Олардың ішінде роман стилі мен готиканың алатын орны ерекше. Роман стилінде ою-өрнек пен бейнелеу негіздері өзара сәйкес келген. Орта ғасырлар өнерін терең зерттеген ғалым Лев Любимовтың пікірі бойынша, табылған ситнтездің мәні- образды мәнерлік пен әшекейлі геометриялықтың, қарапайым бейнелеу мен өте шарттылықтың, ою-өрнектің нәзіктігі мен шомбал, тіпті, кейде, дөрекі монументтіліктің үйлесуінде еді. Мысалы, жекелеген образдар жасауда романдық пламтика түр өзгертуге ішінара ғана ден қойды, бірақ оларды үйлестіру үшін ол мүсіндік композицияның сәнділігі мен негізгі идеялық мазмұнын арттыру мақсатында өмірлік шындықты сөзсізқұрабан етеді/Аталмыш кітабы, 23 бет/.

Романдық стильдің аса көрнекті үлгісі-Париждегі атақты Нотр-Дам /Құдай ана соборы/. Нотр-Дам роман стилін ерте готикаға апаратын буын сияқты. Белгілі француз жазушысы Виктор Гюго Нотр-Дамды суреттей келе, орта ғасырлар мәдениетінің ішкі мағынасын да дәл көрсетеді Сол кезде ақын болып туған әр адам сәулетшіге айналады. Феодализмнен жапа шегіп, бұқара ішіне тарған дарындар.... Сәулетшіліктен өзге мұрат таба алмай, сол өнердің көмегімен өзіне жол ашты және олардың иллиадалары соборлар түрінде ойысты... Олар ұлы туындылар жасаған жұмысшылар еді. Архитектор-ақын-өнерпаз шебер өз бой ларына фасадтарды көмкерген мүсін витраждарды құлпыртатын живопись, қоңырауды қозғалысқа келтіріп, органдық трубалардан күй төгетін музыка құдыретін жинақтады. Тіпті, қор болған поэзия, қолжазба қалпында тапжылмастан соншалықты пұшайман болған нағыз поэзиягимн немесе хорал ретінде өзін үйдің көмкермесіне телуге мәжбүр болды... Демек Гутербергке дейін сәулетшілік өнері барлық халықтар үшін жаәба мәдениетінің басым түрі болып келеді... ХУ ғасырға дейін сәулетшілік өнері адамзаттың басты шежіресі болды.

ХП ғасырдың орта шенінен бастап роман стилі готика өнерімен ауысады. Мысалы, Францияда готика үш ғасырдан астам уақыт үстемдік етті ХШ ғасырдың бастапқы ширегіне дейін-алғашқы готика ХШ ғасырдың 20- жылдарының соңына дейін –кемелденген немесе жоғары дамыған готика ХІУ-ХУ ғасырларда- нұрлы және жалындаған деп аталған соңғы готика.

Готикалық өнер негізінен шіркеу құрылыстарында қолданылғанымен, оның бүкілхалықтық мәдениетке тікелей қатысы бар еді. қалалық қауымның қаржысымен салынған готикалық

ғимараттарда құдайға құлшылық етумен қатар қоғамдық өмірдің маңызды мәселелері талқыланды. Оларда университеттік лекциялар оқылып, театр спектакльдері қойылып, паламент мәжілістері өткізілді.

Ортағасырлық мәдениетте кеңінен суреттелген мәселе махаббат төңірегінде болды. Мистикалық әсерлі сезім мен махаббатқа тән әсерлі сезімнің астасуы, Мария бикеш пен Әсем әйелге табыну серілік сүйіспеншілік пен махаббатты адам құмарлығын рухандыратын кіршіксіз сезімнің айғағы ретінде ғана емес, сонымен бірге, сылқымдықтың ойыншығына айналдыра жырлау-сол кездегі сарай тірлігінің жарастығы болды, -дейді Л.Любимов.

Сылқымдық стилі көркем творчествода талғампаздық мәнерін туғызды кітапты көркемдеуде аса нәзік өрнектер кең орын алды, миниатюрада да, пластикада да адам киімінің жұмбақтау, бірақ жарасымды көрінісі пайда болып, сәндә киінудің ғажап симфониясын құрауға жағдай жасалды.

Ортағасырлық Батыс еуропалық мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін атап өтейік. Біріншіден, орта ғасырлық әлемде екі мәдениет болған /діни-ресми, ғұламалық және карнавалдық-өзілдік, халықтық/. Ресми мәдениет христиан дінінің аскеттік баламасын адамдық мұрат деп қабылдап, діни-моральдық сананы алғашқы қатарға шақырды. Августиннің пікірінше, қасиетті жазу құдайлық сүйіспеншіліктен басқа ешнәрсені ұсынбайды, ләзаттық сезімдерден басқа ештеңені айыптамайды /Идеи этического воспитания. М., 1973. 235-бет/. Осы діни дүниетаным жаратушылық (бүкіл әлем құдайдың бейнесі және оның шығармашылығының нәтижесі) және иерархиялық (дүниеде алдын ала белгіленген тәртіп бар, оның түйіні құдайға, адамдардың бір-біріне бағынуы заңды және табиғи) принциптерге негізделген. Сонымен, ортағасырлық адам басынан-ақ екі-үшті қосқабатты ол әрі пенде, әрі құдайдың сүйген құлы. Егер адамның денесі құдайға қызмет етпесе, онда ол өзәзілге сатылып кеткен болып есептеледі. Осыны сылтау еткен католиктік дінбасылары инквизицияны құрып, өздерінің қоғамдағы ролін арттыруға тырысты. Жынперімен қатынастары бар деп талай ғұламалар инквизиция шешімімен тірідей отқа өртелді.

Ортағасырлық ресми мәдениеттің тағы бір ерекшелігі-оның элитарлық, сословиелік бөлінушілік сипаты. Антикалық өркениеттен орта ғасырларға өту уақыты жалпы күйзеліс, дағдарыс, қиратушылық заманы еді. Жаңадан қалыптаса бастаған Батыс мәдениеті сондықтан үнемділікті, практицизмді басты принцип ретінде қабылдап, ескі мәдениеттен тек өзіне керектілерін ғана алды және қоғамды сословиелік деңгейлерге бөліп тастады. Ақсүйектердің пікірінше, жай қарапайым халық адамнан гөрі жануарларға жақын, оларда өркениеттіліктің нышаны жоқ.

Ортағасырлық мәдени туындыларда рыцарлық феномені өте дәріптелді, ол жан-жақты жетілген адамдық мұрат үлгісінде ұсынылды. Әрине, рыцарьларға тән жанқиярлық, батылдық, ізгілік, бекзаттық адамдарда құрмет сезімін туғызады. Бірақ, рыцарь тек өзімен терезесі тең адамдарға ғана ілтипатпен қарады. Айталық, ол қарапайым шаруаның қыздары мен әйелдерін ешқашан бикеш деп атамаған.

Ресми мәдениеттен тыс дамыған халықтық мәдениетті алсақ, онда ең алдымен қарапайым адамдық сезімдер мен пәни жалғандығы қуаныштар, қайғылар мәдениеттің тірегіне айналатынын көреміз. Осы мәдениеттің шынайы бір көрінісі-карнавал. Карнавал-халықтың екінші өмірі іспетті. Халықтық және ғұламалық мәдениет кейін Қайта өркендеу заманында бірін-бірі тапты.

**РЕНЕССАНС МӘДЕНИЕТІ.** Адамзат мәдениетінің тарихында Ренессанс (қайта өркендеу) ерекше орын алады. Рухтың дүмпуі, мәдениеттің адамдық сипаты осы дәуірде айрықша гүлденеді; адамзат пісіп-жетілген мәдениет жемістерін өз игілігіне толық қолдана алады. Гегель Ренессанс идеясын бүкіл адамзаттың “алтын таңы”, жер жүзі мәдениетінің жаңа дәуірі деп атаған. Қайта дәуірлеуді барлық өркениетті халықтар өз басынан өткізген. Ренессанс тек Батыс Еуропада болды деген еуропаорталықтық көзқарасты тарихи деректер бекреге шығарады. Мысалы, үнділер Ренессансы ХУ-ХУІ ғасырларда болса. Кіндік Азиядағы бұл өрлеу Х-ХУ ғасырларды қамтиды.

Еуропалық Ренессанс Италия жерінде басталды. Ұлы ақын- “Құдыретті комедия” атты мәңгілік мәдени мұраның авторы Данте Алигерья ортағасырлардың соңғы және Қайта өркендеудің бірінші өкілі деп есептелінген. Бүкіл адамзатқа есімдері белгілі Петрарка, Альберти, Рафаэль, Леонардо да Винчи, Пико дело Мирандоло т.б. итальяндық қайта өркендеу кезінде өздерінің өшпес туындыларымен бүкіл әлемді таң қалдырды.

Егер орта ғасырларда әлемнің кіндігі құдай деп есептелінсе. Қайта өркендеу кезінде адам құдай деңгейіне көтеріледі. Осы жөнінде итальян гуманисті Пико делла өзінің “Адамның қадыр-қасиеті туралы сөз атты трактатында былай дейді: “Адамнан басқа жаратылғандардың бейнелері біз белгіленген заңдар шектерімен айқындалады. Ал, сен, Адам, титтей де шектеулі емессің, сен өз бейнеңді өзің табасың. Мен сені әлемдегінің барлығына қожалық етуің үшін дүниенің кіндігіне қоямын” (История эстетики. Памятники мировой эстетической мысли. М., 1962, 507) Ренессанстық адам француз жазушы, философ Ж.П. сартардың тілімен айтқанда, дүниеге еркін жіберілген, ол өзінің және басқаның алдында жауапты.

Орта ғасырлар мәдениетінің мән-мағынасын сәулет өнері көрсетеін болса. Қайта өркендеуді

живопись (кескіндеме) айқындайды. Әрбір бояумен салынған сурет өз алдына дербес дүние сияқты ол адамды ізгілікке, жан тазалығына шақырғандай. Осы бақыт пен қуанышқа толы өнер өмірдің жақсы, жаманын тұтас көрсетіп, адамды рухани қанағаттандырады.

Қайта өркендеу дүниетанымына келсек, атақты Франсуа Рабленің шығармашылығына назар аудару қажет. Орта ғасырлардағы діни өктемдік адамның құндылығын біршама түсіріп жіберген еді. Ф.Рабле бойынша, жұлдызды аспан адамның ішкі дүниесіне орналасқан. Адамның денесі-ғарыштың орталығы, тірі пенде бүкіладамдық идеяға қосылуы арқылы өзінің мәңгілігін сезінеді.

Қайта өркендеу заманы жаңа гуманизмді қалыптастырды адамның ерікті және бақытты болуға, теңдік, әділдік және парасақа ұмтылуына құқығы барлығы жарияланады. Италиян гуманисі Марсилио Фичино былай деп мәлімдейді: “Адам жер мен аспанды өлшейді... Оған аспан да оншалықты биік болып көрінбейді, жер кіндігі де ол үшін соншалық терең емес.. Егер адам аспан әлемінің құрлысын түсіне білген болса, онда адамныңкемеңгерлігі тура сол аспан әлемін жаратушының данышпандығындай екендігіне және қажетті құралы мен аспан материалы болса, оның біршама тұрғыда бұл жарық дүниені жасай алатындығына кім күмән келтірмек” (Лев Любимов, 93 бет).

Қайта өркендеу мәдениеті батыстық адамның уақыт пен кеңістікті игеру тәсілі қызметін атқарды. Ұлы жағрафиялық жаңалықтар осы адамның әлем туралы түсінігін кеңейтті. Техникалық жетістіктер тіршілік тербелісін тездетті. Қайта өркендеу философы Николаи Кузанский әлемде қожалық етудің құралы деп математика мен астрономияны атады. Яғни, осы өзгерістердің бәрі кейінірек қалыптасқан батыстық мәдениеттің белсенді әрі өзгертуші сипатын анықтайды.

Қазақстан мәдениеттанушысы Бекет Нұржанов та кескіндеу өнерін Қайта өркендеу заманында қалыптасты деген пікірді қолдайды және ол визуалдық (көріністік) түрде болды дейді. Шыныда да әлем сезім арқылы танылады ал көз-сезімдердің әміршісі.Ренессанстың ұлы өкілі Леонардо да Винчидің ойына жүгінейік: “Көз-адам денесінің терезесі осы терезе арқылы адам өзінің жолына қарайды және әлемнің сұлулығына ляззат алады. Соның арқасында адам жаны адамға тән зынданда қуанышқа бөленеді онсыз бұл адамдық зындан-азап... Ол астрономияның күмбезі ол космография жасайды ол адамдардың барлық өнерін басқарады және соларды бағыттап отырады. Ол адамды әлемнің әр түрлі елдеріне еліктіреді... Ол архитектура мен перспективаны тудырды тамаша живописьті де сол жасады Сенің асқан әдемілігіңді қандай мақтау сөздер жеткізе айтып бере алар екен Сенің жетістіктеріңді қандай халықтар қандай тілдер лайықты суреттеп бере алар екен!” (Лев Любимов, 138-139 беттер).

Қайта өркендеу өнерінің нағыз ұлы туындыларының ғажайып сұлулығы келесі ғасырларда да асқан таланттар мен ойлы адамдарды шабыттандыра берді. Енді осы шығармалардың кейбірін еске алып өтейік: Флоренциядағы Санта Мария дель Кармине шіркеуіндегі Бранкаччи капелласында Мазаччо салған “Жұмақтан қуу” кескіндемесі, Перуджиноның “Бала ұстаған құдай-ана” бейнесі, Леонардо да Винчидің “Өмір гүлін ұстаған құдай-ана”, “Ақ тиын ұстаған әйел”, Мон Лиза (“Джоконда”) кескіндемелері, Рафаэльдің “Сикст құдай-анасы”, Джордженің “Ұйқыдағы Венерасы”, Тицианның “Флорасы” және басқалары.

Әрине, Ренессанс дәуірін өнердің бір түрі ғана өркендеген кез деп қарастыруға болмайды. Ол сонымен қатар әлем мен адамның бүкіл жүйелік қатынастарын түбегейлі өзгертіп жіберді. Ренессанс идеясы Батыс Еуропада қай ғасырларда өрістеді деген сұрақ туу мүмкін. Америка ғалымдары Э.Райс пен Х.Хайдидің пікіріне назар аударайық : “Егер Петрарканы Рим Лаврымен құттықтаған кезден-1331 жыдың 8 сәуірі-Бэконның өлген күніне дейінгі (1626 жылдың 9 сәуірі) кезеңді анықтасақ, онда 285 жылға созылған орта ғасырдан жаңа дәуірге өткен тарихи кезеңді табамыз. Оның алғашқысы-классикалық ренессанс немесе гуманизм өрлеуі. Екіншісін мен “Контрренессанс” дер едім, өйткені ол классикалық Ренессанс пен ортағасырлық схоластика принциптеріне де қарсылық білдірген. Үшіншісін айтсақ, Галилей мен Кеплер басқарған ағымды “ғылыми реформа” деп атау бәрінен де ақылға қонымды болар”. (Теоретические проблемы восточных литератур. М., 1969, 400-бет.)

Тағы бір Ренессанс типологиясы оны Италия тарихымен тікелей байланыстырады. XIУ, ХУ, ХУ1 ғасырлар итальян мәдениетінің тарихында “треченто” (яғни 300 жылдар), “кватроченто” (яғни 400 жылдар) және “чинквеченто” (яғни 500 жылдар) деген итальян терминдерімен жиі белгіленеді. Кватрочентоның аяққы кезі Ертедегі Қайта Өркендеудің Жоғары қайта Өркендеуге көшу кезеңі болып табылады. Осы гүлдену дәуіріне дәл сипаттама берген оқымыстының бірі И.П. Павлов: “Қайта өркендеу деп бекер аталмаған осы кезең адамзаттың ең жаңа тарихындағы еркін суреткерліктің және еркін зерттеушілік ойдың бастапқы кезеңі сұрапыл ынтықтықты туындатты. Осы құмарлыққа берілу қазіргі суреткерлік және зерттеушілік жұмыстар үшін әрқашан қуатты серпіліс беретін болды. Бұл кезеңнің көркем және ғылыми шығармалары әрдайым бүгінгі ұрпақтың көз алдында болуы тиіс екендігінің сыры да, міне, осында” (Лев Любимов, 94 бет).

Адамның дүниедегі ерекше орны оның жан-жақты дамуына мүмкіндік береді. Бокачоның

пікірінше, нағыз ақын грамматиканы меңгеріп, тарих және археология туралы хабардар болуы керек. Ф.Энгельс жазған “Қайта өркендеудің титандары” осындай нақтылы тарихи жағдайларға байланысты қалыптасты. Атақты Леонардо да Винчидің әмбебаптылығы аңызға да айналып кетті. Ренессанс мәдениетінің негізінде жаңа заманда еуропалық адам қазіргі өркениетке қарай шешуші қадам жасады.

**Жаңа заман мәдениеті.** Егер антикалық және ортағасырлық мәдениеттен рухани құндылықтардың бірінші қатарда тұрғанын көрсек, Жаңа заман адам өмірінің мәні мен мақсаттарын мүлдем басқа бағыттарға бұрды. Жаңа замандық еуропалық адам өзінің барлық күш-қуатын табиғатты меңгеруге жұмсады. Еуропа мен Америка өркениеті әлемдегі ең жетілген индустриялық-капиталистік жүйені қалыптастырды. Бұл кезде ғылым мен техника бұрын болмаған дәрежеге көтерілді. Табиғи және техникалық ресурстарды толық пайдалану арқылы адамның барлық талап-мұқтаждықтарын өтейтін дәулетті қоғам құру осы өркениеттің негізгі мұраты деп жарияланды. Батыс өркениеттің бел баласы- белсенді, шығармашыл тұлға. “Батыс адам өзіндегі даму және жетілу қуатын- дейді А.Хамидов,- түгел дерлік өзінен тыс дүниеге жұмсайды... Осы материалдан ол өзінің нақты дүниесін-мәдениет пен өркениет дүниесін құрастырады. Батыс адамы дамудың кейінгі сатыларында адмның және Планетаның өмір сүруіне қауіп төндіретін белгілі бір әрекет етуші монстр-Големге айнала алатын техника мен технологияның т араған жүйесін жасай алады”.(Шығыс және Батыс дүниелік қатынас және дүниетаным. “Шаһар”,1993, 1,11бет).

Тауар өндіруге негізделген индустриялық өркениет табиғат пен арпалысты. Әлем техникаландырылды...(өндіруші жан) тек затқа ұмтылды, пайдалылық, табыс, байлық оның негізгі ұрандарына айналды. Бірақ еуропалық жаңа заман мәдениеті өзінің тар шеңберінен шыға алмады. Әлеуметтік және мемлекетаралық қатынастар шиеленісіп кетті. Революциялар мен қақтығыс-соғыс тар адамзатқа кесірін тигізді. Индустриялық капиталистік жүйе,-дейді Н.А.Бердяев,-тек қана аса қуатты экономикалық даму болып қалмады, ол рухани құбылыс еді. Жаңа замандық капиталистік өркениет Құдайды жоқ ете бастады, ол нағыз құдайсыз өркениет болып шықты” (На переломе.М.,1990,80-бет).

Жаңа заман өркениеті өз дамуында Реформация, Ағартушылық және Романтизм тәрізді тарихи-мәдени сатылардан өтті. Жалпы алғанда Жаңа Заман мәдениетінің төмендегідей айқын белгі бағдарларын атап өткен жөн: 1.Табиғат-субъектінің әрекеті бағытталған объект. Егер бұрын адам құдайға ақиқаттың абсолюттік өлшеуші деп сенсе, енді табиғат нағыз жоғарғы және ақырғы сот болды. “Табиғи адам”, “қоғамның табиғи жағдайлары” ұғымдарын ғалымдар жиі қолданды.2. Қоғамдық өмірдің шешуші саласы экономикаға, материалдық өндіріске ауысты, “экономикалық адам” қалыптасты. Ғылымда алдыңғы қатарға жаратылыстану ғылымдары (механика, математика, физика, биология) шықты. Рационалдық және тәжірибелілік тәсілдерді дамытуға философтар үлкен көңіл бөлді. 4.Салт-дәстүрлік, діни сананың орнын әлеуметтанулық және құқықтық принциптер ауыстырды. Азаматтық (заңға сүйенген) қоғам біртіндеп нығая бастады. 5. Өнер, мәдениет, дін ,әдебиетте утилитарлық бағыттар үстемдік алды.

**XX ғасыр мәдениеті.** XX ғасыр адамзат тарихында өзінің ұлылығы мен әлеуметтік дағдарыстары, ғылым мен техниканың керемет жетістіктері мен сұрапыл соғыстары, жарқын болашаққа нақтылы қадам басуымен және термоядорлық өзезіл қауіпмен ерекше орын алады. Ғасырдың алғашқы жартысында адазат басынан өткізген екі дүниежүзілік соғыс заманақыр жақын деген үрей туғызса, оның аяғына таман планетамызда парасаттылық пен ізгілік күше бастады. XX ғасырдың негізгі сабағы “біздің бәріміз бір ғарыш кемесінің-Жер деген планетаның жолаушылары” екенімізді түсіну, мұны айтқан ұлы гуманист Антуан Сент Экзюпериі.

XX ғасырда өркениеті дамыған елдерде бүкіләдамдық жаңа мәдени тип қалыптаса бастады. Ежелгі дүние мәдениетіндегі жазу-сызусыз алғашқы өркениеттерден басталған мұрагерлік жалғаса келіп әбден толысып жетілген өнер шыңына жеткен еді. Ал енді экрандық мәдениет өмірге келді. Оған тарихилық негіз болып. Индустриялық қоғамның постиндустриялық тәртіпке, ал оның шығармашылық әлеуметтік бірлестікке өтуі жүзеге асты. Постиндустриялық (яғни қазіргі) қоғам не ішеміз, не жейміз, нені киеміз, нені тұтынамыз сияқты күнделікті тауқыметті түбегейлі шеше алды. Ендігі мақсат биігіне одан гөрі сапалық міндеттер қойылып отыр. Зат өндірудің орнын адамдық, кәсіптік, технологиялық қызметтер мен қатынастар мәселесі басты. XX ғасырда дүниетанымдық ілімдердің ішінен этиканың алдыңғы қатарға шығуы бекер емес. А.Швейцер, А.Сахаров, Э.Фромм, Ж.П.Сартр т.б. ғұламалар гуманистік шығармалары арқылы нарықтық экономикаға адамдық бейне беруге ат салысты.

Экрандық мәдениет туралы жаңсақ пікірдің бірі техникалық прогресс адамның рухани өміріне теріс әсер етіп, оны машинанын жай бір тетігіне айналдырып жібереді деу. Бұл дұрыс емес. Мысалы Баспаханалық техника қаншама жоғары дамығанымен адам баласы жазуды ұымтқан жоқ. Экрандық мәдениеттің ұтымды жағы оның ақпараттық берілісті тиімді етуінде. Айталық, 6 дискіден

тұратын оптикалық дискблок 6 миллиард таңбаны есіне сақтай алады, ол 100 мың кітаптың мазмұнымен пара-пар. Жалпы алғанда, XX ғасырда бүкіладамдық мәдениет болашаққа қарай батыл қадам жасады.

**Т. Х. Ғабитов**

## **Мәдениеттану**

*Оқулық*

***ЖШС «Заң әдебиеті» бас директоры  
Жансеитов Н. Н.***

***Оператор: Умурова Г.О.***

***Заң әдебиеті баспасы***

050057 Алматы қ., М. Өзтүрік к-сі, 12 үй.

Тел/факс: (3272) 747-833, 742-650.

E-mail: law\_literature@nursat.kz